

ӘБУ ХАМИД МҰХАММЕД ӘЛ-ҒАЗАЛИ

ЖАН ТӘРБИЕСІ

(«Дін туралы білімдердің қайта жандануы»
кітабынан)

Араб тілінен аударған және түсініктерін жазған
Жалғас Садуахасұлы

Астана – 2014

Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазали.

Жан тәрбиесі / Араб тілінен аударған және түсініктерін жазған
Жалғас Садуахасұлы.

Бұл кітапта ортағасырлық әйгілі мұсылман ғалымы, құқықтанушы Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазалидің «Дін туралы білімдердің қайта жандануы» кітабының «Жан тәрбиесі» және «Аллаға ғашықтық» тарауларының аудармасы берілген.

Кітапта адамды көркем кемелдікке жетелейтін ар-ождан, имандылық пен инабаттылық тәрбиесі қамтылған. Автор адамның көркем мінезді тұлға болып қалыптасуы үшін ахлақ (этика) мәселесіне кеңінен тоқталады. Тақуа пенде мен Тәңірдің арасында болуы тиіс «махаббат», «ынтызарлық», «достық» және «ризалық» ұғымдарын талдайды. Сопылыққа тән Аллаға ғашықтық пен махаббаттың көпшілік біле бермейтін сырларын ашады және дүниеқұмарлықты тәрік ету, ақыретті көп ойлау сияқты мәселелерді түсіндіреді.

Кітап дінтанушы мамандарға, дін қызметкерлеріне, шығыстанушылар мен дінді зерттеуші ғалымдарға, рухани ізденістегі қалың оқырманға арналады.

АВТОР ТУРАЛЫ

Ортағасырлық әйгілі мұсылман ғалымы, факих (құқықтанушы) және құдайшыл Әбу Хамид Мұхаммед әл-Ғазалидің мұсылман этикасы мен мәдениетінің өркендеуіне өшпес із қалдырды. Оның күні бүгінге дейін араб-мұсылман ғалымдарының арасындағы орны айрықша.

Ғазали фикһ (мұсылмандық құқық) дәрістерін 1073 жылы Тус қаласындағы Мұхаммед әр-Разқани есімді ғалымнан алады. Кейін Журжан қаласына келіп, дәрісті Исмайылдың қолында жалғастырады. Мұнан соң Тус қаласына қайтады. Жас ғалым жолда өзінің келешекте білгір тұлға ретінде қалыптасуы үшін үлкен рөл ойнаған оқиғаға тап болады. Олардың керуеніне қарақшылар шабады, сөйтіп Ғазали қолындағы бар затынан айырылып қалады. Олардың ішінде ғалымның жазба дәптері бар еді. Ғазали бас қарақшыдан оны қайтарып беруін сұрайды. Сонда қарақшы: «Сен үйренген білімді қалай іске асырмақсың. Қолыңнан дәптерің түсіп қалса, білгеніңді ұмытып қаласың?» – деп мысқылдап қайтарады. Ғазали бұл сөздерді Аллаһ әдейі айтқызып тұр деген оймен қабылдайды. Сондықтан Тусқа келесалып қысқа уақыт ішінде үш жыл бойы жазған ілімдерін жаттап алады.

Әбу Хамид әл-Ғазали Бағдат шаһарындағы әйгілі Низамия медресесінің директоры қызметін атқарып, көптеген жылдар бойы сот жүйесінде қазі болған адам. Сонымен қатар ол – ислам хаққында көп тер төккен ірі теологтардың бірі. Ғалымның жазған іргелі еңбектерінің тақырыбы мен мазмұнына қарап, мынадай топтарға бөлуге болады:

А) Фикһ (ислам құқығы): 1. Әл-Манһул фи әл-усул. 2. Әл-Басит фи әл-фуруғ. 3. Әл-Уасит. 4. Әл-Уажиз. 5. Әл-Фатауа. 6. Әл-Мусташфа фи әл-усул. 7. Хуләсату әл-мухтасар уа нукуату әл-муғтасар. 8. Ғояту әл-ғаур фи дирууйяти. 9. Әл-Тағлиқа фи фуруғ әл-мазһаб. 10. Ма-аһиз әл-хиләф. 11. Таһзиб әл-усул.

Ә) Мантиқ (логика): 1. Миғияру әл-илм. 2. Ма хаққу ән-назар фи илм әл-мантиқ. 3. Шифа‘у әл-ғалил. 4. Әл-қистасу әл-мустақим. 5. Любаб ән-назар. 6. Тахсин әл-маахиз. 7. Әл-Маба‘ди әл-ғаят.

Б) Кәләм: 1. Фада‘их әл-батыния. 2. Әл-Иқтисад фи әл-иғтиқад. 3. Әл-Мақсад әл-аснә. 4. Файсал әт-тафриқа. 5. Әл-Қанун әл-куллу фи әт-тағуйл. 6. Рисәлә илә Фатх Ахмад ибн Сәләм. 6. Әд-Дуррату әл-Фахир. 7. Илжам әл-ауаум. 8. Қауа‘ид әл-ақа‘ид. 9. Худжатул әл-хаққ. 10. Муфашши әл-хиләф. 11. Әд-Дурию әл-марқум би әл-жадауйл. 12. Әл-Мунтаһа фи илм әл-жәдәл.

В) Фәлсәфә (философия): 1. Мақасид әл-фәләсифа. 2. Таһуфату әл-филәсифа. 3. Әл-Маднун биһ алә ғайри әһлиһ. 4. Әл-Маднун биһ алә әһлиһ. 5. Әр-Рисәләту әд-диния. 6. Мишкату әл-әннуар. 7. Әл-Мунқиз мин әз-золәл.

Г) Тасаууф, ахлақ: 1. Мизан әл-ағмәл. 2. Ихия'у улум әд-дин (4 том). 3. Бидаияту әл-һидаия. 4. Қиммияту сағада. 5. Әйюһәл уаләд. 6. Насихат әл-мулук. 7. Сирру әл-аләмин. 8. Манһаж әл-абидин. 9. Жауаһир әл-Куран. 10. Әл-Арбағин фи усул әд-дин. 11. Мукашафату әл-қулуб¹.

Қолыңыздағы бұл кітап Әбу Хамид әл-Ғазалидің «Ихия'у 'улум әд-Дин» (Дін туралы ілімдердің қайта жандануы) атты бес томдық шығармасының ішіндегі «Риязату ән-нәфс» (Жан тәрбиесі) және «Әл-Хубб» (Махаббат) деп аталатын шағын бөлімінің аудармасы. Негізінде «Риязату ән-нәфс» сөзінің дәл аудармасы қазақ тілінде «Нәпсіні шынықтыру» деген мағынаны береді. Бірақ, біз кітаптың мәні мен мазмұнына сәйкес «Жан тәрбиесі» деп мағыналық атауды жөн көрдік. Сол секілді «Әл-Хубб» (Махаббат) бөлімін де мағынасына сәйкес «Аллаға ғашықтық» деп аудардық.

Бұл бөлімдерде адамды көркем кемелдікке жетелейтін ар-ождан, имандылық пен инабаттылық тәрбиесі қамтылған. Автор адамның көркем мінезді тұлға болып қалыптасуы үшін ахлақ (этика) мәселесіне кеңінен тоқталады. Адамның жан дүниесіне терең бойлап, жүректің рухани дерттері мен олардан айығу жолдарын баяндайды. Пенде мен Алла тағаланың арасындағы «махаббат», «ынтызарлық», «достық» және «ризалық» ұғымдарын талдайды. Олардың өлшемдері мен ерекшеліктерін түсіндіреді. Адамның Алланы жақсы көруіне Құран аяттары мен хадистерден шарғи дәлелдер келтіреді.

Келешекте ұлы мұсылман ғалымының «Дін туралы ілімдердің қайта жандануы» атты іргелі шығармасына қатысты аударма, түсіндірме және зерттеу жұмыстарын жалғастырып, кітаптың басқа да бөлімдері қазақ тілінде сөйлеп, оқырманындармен қауышады деген үміт ішіндеміз.

Бүгінде қоғамымызда ислами өрлеу мен діни құндылықтардың қайта жаңғыру үдерістері жүріп жатқан заманда Әбу Хамид әл-Ғазали сияқты ғалымдардың рухани мұраларын зерттеп, адамгершілік құндылықтарды кеңінен насихаттау полиэтносты және поликонфессионалды мемлекетіміздегі өзара түсінісу мен рухани келісімді нығайтуға ықпалын тигізері сөзсіз.

Жалғас САДУАХАСҰЛЫ

¹ Н. Bekir Karliga. "Gazzali" Islam Ansiklopedisi. – Istanbul: Mysylman cauhari, 1996. С XII. – 512 s.

ЖАН ТӘРБИЕСІ

АХЛАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮРЕК ДЕРТІНІҢ ЕМІ

Өз қалауымен істерді ретке келтірген, жаратылыс болмысын әділдікпен көркем еткен, адамды ең сұлу суретпен зейнеттеген, оның бейнесі мен күш-құдіретін артық пен кемшіліктен аман еткен Аллаға мақтаулар!

Алла мінез-құлықты көркемдеу міндетін пендесінің табандылығы мен жігеріне тапсырды. Өзінің ескертуі мен жәрдемі арқылы шынайы құлдарына мінезді тәрбиелеу жолындағы машақатты жеңіл қылды.

Елшілік нұрын таратқан, ақиқат жолына бастаған, көркем мінезімен адамзатқа үлгі болған Алланың құлы, сүйікті пайғамбары, қош хабар беретін және ақырет азабын ескертетін Мұхаммед Мұстафаға сәлем мен салауаттар болғай!

Адасушылықтан мүлдем алыстаған, күпірлік зұлматынан нұрға талпынған, қандай жағдайда болса да хақ дінге зәердей кіршік жұқтырмаған Алла пен Оның елшісіне (с.ғ.с.) және пайғамбарымыздың әулеті мен сахабаларына сәлем мен салауаттар жазылсын!

Көркем мінез – елшілер мырзасының сипаты, шыншылдар амалдарының абзалы, тақуалардың тер төккен еңбек-терінің жемісі, Аллаға құлшылық қылған пенделердің ризалығы. Дәлірек айтқанда, жақсы мінез – діннің бөлігі.

Жаман мінез – жұтып жоқ қылатын у, абыройсыздыққа ұшырататын бұзықтық, аяқ асты қылатын анық жамандық. Ол шайтанға қызмет қылдырады және әлемдердің Раббысының қасынан алыстатады.

Көркем мінез – Рахман Алланың құзырындағы жаннат нығметтеріне ашылып құйылған жүректің есігі болса, жаман мінез тозақ отына ашылған есік. Тозақ дегеніміз – лаулап жанған от, оның алауы пенделерді жалмап, олардың жүректерін қармайды.

Жаман мінез – жүрек дерті, жанды жұтатын ауру. Дененің дерті жалған дүние сияқты өтеді де кетеді, ал жүрек жаман мінез ауруына шалдықса, онда мәңгілік дүниең (ақыретің) күйеді. Шебер дәрігерлер денеге қанша көңіл бөліп, дәріні дәл өлшеммен берсе-дағы, жалған өмірдің өткеніне қарап қалғаннан басқа шара таба алмайды. Ендеше мәңгілік өмірді бос өткізуге себеп болатын жүрек дертіне көңіл көбірек бөлгеніміз жөн.

Әрбір ақыл иесі медицинаның жүрекпен байланысты жақтарынан хабардар болуы لازم. Себебі жүрек дертіне шалдықпайтын пенде

болмайды. Егер жүрекке көңіл бөлуін азайтса, онда ішкі себептер көбейе бастайды да, бірте-бірте жиналып, сыртқа шығады.

Сондықтан пенде жүрек дерті мен оның себептерін жетік білуге мұқтаж. Сонда барып ол бұл аурудың дауасына білек сыбанып кірісуі мүмкін. Бұл дерттің шипасы, Алланың мына сөзінде айтылған:

«Расында нәпсіні тазартқан кісі құтылады»(Шамс, 9).

Осы дертке немқұрайлық танытса, жазаға душар боларын мына аяттан көруге болады:

«Әлдекім оны кірлетсе қор болады»(Шамс, 10).

Бұл кітапта мінез-құлық тәрбиесі мен оның жолдары жайында сөз болады. Жүрек дертін емдеу жолы түсінікті болуы үшін тақырып барысында дененің емі туралы мысалдар келтіріледі. Сосын көркем мінездің болмысы, мінез тәрбиесі, нәпсіні тәрбиелеу жолдары мен жүрек дертінің белгілері, нәпсінің кемшіліктері мен олардың аламаттары, жүректі емдеу үшін құмарлықты тәрік етудің маңыздылығы хақында келтірілген дәлелдер, ізгі мінез белгілері, бала тәрбиесінің бастапқы кезеңдері мен шәкірт болудың шарттары турасында айтылады.

Кітап он бір бөлімнен тұрады.

КӨРКЕМ МІНЕЗДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАМАН МІНЕЗДІҢ ЖИЕРКЕНІШТІЛІГІ

Алла тағала Өзінің сүйікті пайғамбарын (с.ғ.с.) мақтап, оған берген ұлық нығметін былай айтады:

«Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің»(Қалам, 4).

Айша анамыз (Алла оған разы болсын): **«Алла елшісінің (с.ғ.с.) мінезі – Құран еді»**, – деп айтқан (Мүслим).

Бір адам пайғамбарға (с.ғ.с.) келіп, көркем мінез жайында сұрайды. Сонда Аллатың елшісі (с.ғ.с.):

«(Мұхаммед (с.ғ.с.)) кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет», – деген аятты оқып (Ағраф, 199), кейін: *«Көркем мінез – қатынасты үзген адаммен байланысты орнату, сенен қызғанып бермеген адамға сенің беруің және саған зұлымдық қылған адамға кешірімді болуың»*, – деп айтады (Анас риуаяты).

Пайғамбар (с.ғ.с.): **«Мен көркем мінезді кемеліне жеткізу үшін жіберілдім»**, – деп айтқан (Ахмед, әл-Хаким және Байһақи).

Сол сияқты Аллатың елшісі (с.ғ.с.) келесі сөзінде: **«Қиямет күніндегі тақуалық пен көркем мінез тұрған таразының басы қаншалықты ауыр болады десеңші»**, – деген (Әбу Дәуд, Тирмиз).

Бір кісі Алла елшісінің (с.ғ.с.) алдына жақындап келіп:

– Ей, Аллатың елшісі! Дін дегеніміз не? – деп сұрайды.

– Көркем мінез, – деп жауап береді.

Кейін Алла елшісінің (с.ғ.с.) сол тарапына келіп:

– Дін дегеніміз не? – деп тағы сұрайды.

– Көркем мінез, – деп жауап қатады.

Кейін оның артына өтіп: «Ей, Аллатың елшісі! Дін дегеніміз не?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.) оған бұрылып: «Сен түсінбедің бе? Сенің ашуға берілмеуің», – деп жауап береді (Мұхаммед ибн Наср әл-Маруази риуаяты).

Алла елшісінен (с.ғ.с.): «Бақытсыздық деген не?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жаман мінез» – деп жауап берген (Имам Ахмад).

Сол сияқты Алланың елшісіне (с.ғ.с.) бір адам келіп: «Маған насихат айтыңыз», – деп өтінеді. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Үнемі Алладан қорық», – дейді. Ол: «Тағы насихат қылыңыз», – деп айтады. Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Жамандықтың артынша оны жойып жіберетін бір жақсылық жаса», – дейді.

Әлгі адам: «Маған тағы насихат айтыңыз», – деп сұрайды. Сонда пайғамбар (с.ғ.с.): «Адамға көркем мінезбен қарым-қатынас жаса», – дейді (Тирмизи).

Бірде пайғамбардан (с.ғ.с.): «Амалдардың абзалы қайсы?» – деп сұраған уақытта. Ол: «Жақсы мінез», – деп айтқан.

Фузайл ибн ‘Ияз Алла елшісіне (с.ғ.с.) келіп: «Түгенше деген әйел күндіз ораза ұстайды, түнде намаз оқиды. Бірақ, оның мінез-кұлқы жаман, көршілерін тілімен ренжітеді», – дейді.

Сонда пайғамбар (с.ғ.с.): «Оның бұл істерінде қайыр жоқ. Ол әйел тозақ иелерінен», – деп жауап береді.

Әбу Дарда: «Алла елшісінің (с.ғ.с.): «(Қиямет күні) таразыға қойылатын нәрселердің ең әуелгісі, жақсы мінез бен сақилық. Алла тағала иманды жаратқан кезде, Иман: Ей, Алла! Мені қуаттандыр, – деді. Алла тағала оған көркем мінезбен сақилық беріп, оны қуатты қылды. Сонда күпірлік: Ей, Алла! Маған күш бер, – деп сұрады. Алла оған сараңдық пен жаман мінез беріп, қуаттандырды», – деп айтқанын естідім» – деген (Әбу Дәуд, Тирмизи).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Омар бұл дінді өзі үшін таңдады. Сендердің діндеріңді сақилық пен көркем мінез ғана көркейтеді. Ендеше діндеріңді осы екеуімен зейнеттеңдер», – деп айтқан (Даруктуни риуаяты).

Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Көркем мінез – Алла жаратқан нәрселерінің ұлысы», – деген (Табари).

Бір күні пайғамбардан (с.ғ.с.): «Уа, Алланың елшісі! Иманы жағынан мүміндердің қайсысы абзал?» – деп сұрайды. Ол: «Мінезі көркемірек болғаны», – деп жауап береді (Әбу Дәуд).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Адамдарға мал-мүліктеріңмен емес, (оларға) жылы жүз және көркем мінезбен асығындар», – деген (Баззар риуаяты).

Тағы Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Сірке судың әселді бұзатыны сияқты, жаман мінез – адамды бұзады», – деп айтқан (Ибн Хаббан).

Пайғамбар (с.ғ.с.) келесі хадисінде: «Расында сен Алла көркем қылып жаратылған адамсын, ендеше мінезінді көркемде», – деп айтқан (Әл-Хара’ити, әлсіз хадис).

Барро ибн Азибтың (Алла оған разы болсын) Алла елшісінің (с.ғ.с.) хақында: «Алланың елшісі (с.ғ.с.) адамдардың арасындағы ең көркем жүздісі, ең көркем мінездісі еді», – деп айтқан (Әл-Хара’ити).

Абдуллаһ ибн Омар (Алла оған разы болсын): “Алланың елшісі (с.ғ.с.) көп дұға қылып: «Ей, Алла! Мен сенен саулық пен саламат және көркем мінез сұраймын» деп айтар еді», – деген.

Әбу Һурайрадан (Алла оған разы болсын) Алла елшісінің (с.ғ.с.) былай дегені жеткізіледі:

«Мүминнің құрметі – оның діні, ал көркем мінезі – оның мәртебесі»(Ибн Хиббан).

Бәдәуилер Алланың елшісінен (с.ғ.с.): «Пендеге берілген нәрселердің ең жақсысы не?» – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жақсы мінез», – деп жауап берді», – деген риуаятты Усама ибн Шарик айтады (Ибн Мажһ).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Сендердің араларыңда маған жақсыларың және қиямет күнінде жақындарың – көркем мінезділерің», – деп айтқан (Табарани).

Ибн Аббас (Алла оған разы болсын):

«Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Үш нәрсе бар. Кімнің бойында осы үш нәрсенің бірі болмаса, жасаған амалы (қиямет күні) есепке алынбайды. Олар: Аллақа күнәһар болудан қайтаратын тақуалық; ақымаққа жылулық қылатындай жұмсақтық және адамдар арасында жақсы мінезді болу», – деп айтты», – деген риуаятты жеткізеді (Табарани).

Алланың елшісі (с.ғ.с.) намазды бастамай тұрып, мынадай дұға қылар еді: «Ей, Алла! Мені ең көркем мінезге бағытта. Сенен басқасы мені жақсы мінезге бастай алмайды. Менен жиеркенетін мінезді алыс қыл. Бұл істі Сенен басқа ешкім орындай алмайды» (Мүслим).

Анас ибн Мәлик (Алла оған разы болсын): «Бір күні Алланың елшісімен (с.ғ.с.) бірге едік. Ол: «Расында күн мұзды еріткені сияқты, жақсы мінез де қателіктерді ерітеді», – деді», – деп хабарды жеткізеді (Табарани).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Көркем мінез – ер кісінің бақыты», – деп айтқан (Байһақи, әлсіз хадис).

Алланың елшісі (с.ғ.с.) Әбу Зарға (Алла оған разы болсын): «Ей, Әбу Зарр! (Біліп қой) ойлау сияқты ақыл жоқ, көркем мінез сияқты атақ жоқ», – деген (Ибн Мәжһ).

Умму Хабиба Алланың елшісінен (с.ғ.с.): «(Ей, Аллатың елшісі!) бір әйел екі мәрте тұрмыс құрса, кейін ол әйел және оның екі ері де

бақилық болып, барлығы жаннатқа кірсе. Әйел ол екеуінің қайсысымен бірге қалады?» – деп сұрайды.

Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Дүниеде қайсы күйеуінің мінезі жақсы болған болса, сонымен қалады. Ей, Умму Хабиба! Көркем мінезді дүние және ақыреттің жақсылығымен өлше», – деп айтады (Әл-Баззар және Табарани, әлсіз хадис).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Дұрыс мұсылман өзінің көркем мінезі мен жомарттылығының арқасында күндіз ораза, кешке құлшылыққа бас ұрған пенденің мәртебесіне жетеді», – деген (Ахмад).

Абдуррахман ибн Сумра (Алла оған разы босын): «Біз пайғамбардың (с.ғ.с.) құзырында едік. Ол: «Өткен түнде мен ғажайып түс көрдім. Менің үмбетімнен бір адам тізелеп тұр. Алла пен оның ортасында перде бар екен. Оның көркем мінезі келіп, оны Алла тағаланың алдына алып кірді», – деп айтты» деген (Әл-Харай’ти, әлсіз хадис).

Омар ибн Хаттаб (Алла оған разы болсын) пайғамбардың (с.ғ.с.) құзырына кіруге рұқсат сұрайды. Бұл кезде Алла елшісінің (с.ғ.с.) алдында құрайыштық әйелдер бар болатын. Алланың елшісі (с.ғ.с.) намазды бастамай тұрып, мынадай дұға қылып жатты: «Ей, Алла! Мені ең көркем мінезге бағытта. Сенен басқасы мені жақсы мінезге бастай алмайды. Менен жиеркенетін мінезді алыс қыл. Бұл істі Сенен басқа ешкім орындай алмайды» деген риуаятты жеткізген (Мүслим).

Анас ибн Мәлик (Алла оған разы болсын): «Бір күні Алланың елшісімен (с.ғ.с.) бірге едік. Ол: «Расында күн мұзды еріткені сияқты, жақсы мінез де қателіктерді ерітеді», – деді», – деп хабарды жеткізеді (Табарани).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Көркем мінез – ер кісінің бақыты», – деп айтқан (Байһақи, әлсіз хадис).

Алланың елшісі (с.ғ.с.) Әбу Зарға (Алла оған разы болсын): «Ей, Әбу Зарр! (Біліп қой) ойлау сияқты ақыл жоқ, көркем мінез сияқты атақ жоқ», – деген (Ибн Мәжаһ).

Умму Хабиба Аллатың елшісінен (с.ғ.с.): «(Ей, Алланың елшісі!) бір әйел екі мәрте тұрмыс құрса, кейін ол әйел және оның екі ері де бақилық болып, барлығы жаннатқа кірсе. Әйел ол екеуінің қайсысымен бірге қалады?» – деп сұрайды.

Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Дүниеде қайсы күйеуінің мінезі жақсы болған болса, сонымен қалады. Ей, Умму Хабиба! Көркем мінезді дүниенің және ақыреттің жақсылығымен өлше», – деп айтады (Әл-Баззар және Табарани, әлсіз хадис).

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Дұрыс мұсылман өзінің көркем мінезі мен жомарттылығының арқасында күндіз ораза, кешке құлшылыққа бас ұрған пенденің мәртебесіне жетеді», – деген (Ахмад).

Абдуррахман ибн Сумра (Алла оған разы болсын): «Біз пайғамбардың (с.ғ.с.) құзырында едік. Ол: «Өткен түнде мен ғажайып түс көрдім. Менің үмбетімнен бір адам тізелеп тұр. Алла мен оның ортасында перде бар екен. Оның көркем мінезі келіп, оны Алла тағаланың алдына алып кірді», – деп айтты» деген (Әл-Хараи’ти, әлсіз хадис).

Бірде Омар ибн Хаттаб (Алла оған разы болсын) пайғамбардың (с.ғ.с.) құзырына кіруге рұқсат сұрайды. Бұл кезде Алла елшісінің (с.ғ.с.) алдында Құрайыштық әйелдер бар болатын. Олардың дауысы пайғамбардың (с.ғ.с.) дауысынан асып, сұрақ сұрап, әңгімелесіп жатқан еді.

Алланың елшісі (с.ғ.с.) Омарға кіруіне рұқсат береді. Әйелдер асыға-үсіге орамалдырын түзеп, тарта бастады. Омар кіргенде Пайғамбар (с.ғ.с.) күледі. Сонда Омар (Алла оған разы болсын): «Сізге ата-анам пида болсын, ей Алланың елшісі! Неге күлдіңіз?» – деп сұрайды.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Мына әйелдерге қайран қалып отырмын. Сенің дауысыңды естіп, орамалдарын түзей бастады», – дейді. Омар (Алла оған разы болсын): «Олар менен емес, сізден аяқ тартулары керек. Маған қарағанда бұл нәрсеге сіз лайықсыз», – деп әйелдерге қарап: «Әй, өз жанына өзі дұшпан немелер! Сендер менен аяқ тартып, Алланың елшісінен (с.ғ.с.) жүрексіңбейсіңдер ме?», – дейді. Олар: «Ия, Сіз Алланың елшісіне (с.ғ.с.) қарағанда анағұрлым қатал әрі қатты адамсыз», – десті.

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Ей, Хаттабтың ұлы! Жанымды уысында ұстаған Затқа ант етемін! Саған шайтан ешқашан жүзбе-жүз келмейді. Бәлкім сенен қорқып, басқа көшемен жүреді», – деп айтты», – деген риуаят бар. (Бұхари, Мұслим)

Пайғамбар (с.ғ.с.): «Жаман мінез кешірілмейтін күнә. Жаман күмән – тез тарқайтын қателік», – деп айтқан (Табарани, әлсіз хадис).

Сол сияқты Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Расында пенде өзінің жаман мінез кесірінен тозақтың ең түбіне құлайды», – деген (Табарани).

Ибн Лукман әкесінен: «Адамның қайсы қасиеті жақсы?» – деп сұрайды. Әкесі:

– Діні жақсы – дейді. Баласы:

– Егер екі қасиеті болса ше? – деп сұрайды.

Әкесі:

– Діні және байлығы – дейді.

Баласы:

– Егер үшеу болса ше? – дейді.

Әкесі:

– Діні, малы және ұяты – деп жауап береді.

Баласы:

– Егер төртеу болса? – деп сұрайды.

Әкесі:

– Діні, малы, ұяты және көркем мінезі – дейді.

Баласы:

– Егер бесеу болса ше? – деп сұрайды.

Әкесі:

– Діні, малы, ұяты, көркем мінезі мен жомарттығы – дейді.

Баласы:

– Алтау болса ше? – деп сұрайды.

Әкесі:

– Құлыным, егер адамда осы бес қасиеті болса, ол шынайы тақуа, Алланың досы және шайтаннан таза болғаны – деп жауап береді.

Хасан әл-Басри: «Кімнің мінезі жаман болса. Өзін-өзі қинайды», – деп айтқан.

Анас ибн Мәлик (Алла оған разы болсын): «Сондай пенде бар. Ол көркем мінезімен жаннаттың жоғары дәрежесінен орын алады. Ол – құл емес (яғни күндіз ораза, түнде намаз оқитың тақуа емес). Сондай пенде болады, құл бола тұра (яғни тынбай құлшылық жасайтын пенде) өзінің теріс мінезімен жаһаннамның түбінен орын алады», – деген.

Яхия ибн Муғаз: «Мінез-құлықтың кеңдігі, ризықтардың қазынасы», – деп айтқан.

Уаһаб ибн Мунаббих: «Жаман мінез, қиыршықтанып сынған сазды құмыраның мысалы сияқты. Ол жамауға келмейді, не топырақ болып жарытпайды», – деген.

Фузайл ибн ‘Ияз: «Маған мінез-құлқы жаман құлмен (яғни көп құлшылық қылатын адаммен) серіктес болғаннан гөрі мінезі жақсы күнәһармен серіктес болғаным жақсырақ», – деп айтқан.

Ибн әл-Мубарак мінезі жаман адаммен сапарда серіктес болады. Оның теріс қылықтарына шыдап, қабағына қарайды. Мезгілі жетіп, онымен қоштасатын шақта жылаған екен. Адамдар оған таң қалып, мұның себебін сұрайды. Ибн әл-Мубарак оларға: «Оған менің мейірімім түсіп жыладым. Мен одан ажырадым, ал оның мінезі онымен бірге қалды (яғни оны тәрбиелеп үлгермедім)», – деп жауап берген. Әл-Жунайд: «Пенденің амалы мен білімі кем болса да, оны төрт нәрсе жоғарыға көтереді: мейірімділігі, кішіпейілдігі және жомарттығы мен көркем мінезі – оның иманының кемелдігін білдіреді», – дейді.

Әл-Кинани болса: «Сопылық, көркем мінез-құлық. Кімнің мінез-құлқы сенен жақсы болса, онда оның сопылығы сенікінен күштірек болғаны», – деп айтқан.

Омар (Алла оған разы болсын) айтады: «Адамдарға көркем мінезбен қосылыңдар (араласыңдар) салиқалы амал жасаған кезде жеке жасандар», – дейді.

Яхия ибн Муғаз: «Жаман мінездің қасында қанша жақсылық болғанымен пайда бермейді. Жақсы мінездің қасында қанша жамандық болғанымен зиянын тигізбейді», – деген.

Абдуллаһ ибн Аббастан (Алла оған разы болсын): «Құрмет деген не?» – деп сұраған уақытта, ол: «Алла тағаланың кітабында бұл жайында былай деген», – деп келесі аятты оқиды:

«Шынында Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың»(Хужрат: 13).

Одан тағы: «Атақ – деген не?» – деп сұрайды. Ол: «Сендердің араларыңда кімнің мінезі жақсырақ болса, соның атағы жақсырақ. Әрбір ғимараттың негізі бар, Исламның негізі – көркем мінез», – деген.

Ал Ато ибн Әбу Рабах: «Белгілі дәрежеге тек көркем мінезбен көтеріледі. Ешбір жан пайғамбар Мұхаммед Мустафаның (с.ғ.с.) көркем мінез кемелдігіне жетпеген. Салиқалы пенделер Алла тағалаға көркем мінездерімен жақын болған», – дейді.

ЖАҚСЫ ЖӘНЕ ЖАМАН МІНЕЗ АҚИҚАТЫ

Сен біліп алғайсың! Адамдар көркем мінездің ақиқаты мен мәні хақында көп айтқандарымен оның негізін ашпады. Олар көркем мінездің жемісі жайында баяндады, бірақ оны зейінінде қалғанын айтып қана шектелді. Көркем мінездің шынайы шеңберін қамти алмады, әрі оның жемістері жайындағы әңгімені тамамдай алмады.

Мысалы, Хасан әл-Басридің: «Көркем мінез – жылы жүзді болу, кеңпейілділік таныту және жәбір көрсетуден сақтану», – деп айтқаны сияқты.

Әл-Уасити болса: «Көркем мінез – бір-бірімен жауласпау. Алланы таныған пенде ешқашан дұшпандыққа бармас болар», – деген.

Шаһ Кирманий бұл хақында: «Көркем мінез – басқаға жәбір көрсетпеу және машақатқа төзе білу», – деп айтқан.

Басқаларының пікірінше: «Көркем мінез – адамдарға жақын болу, олар жасаған жамандықтан алшақ тұру», – деген.

Әл-Уасити жақсы мінез жайындағы келесі сөзінде: «Көркем мінез – қуанышта да, азалы күнде де халықты риза ету», – деп айтқан.

Әбу Осман болса: «Көркем мінез – Алла тағалаға разы болу», – дейді.

Бірде Сәһл ибн Тустариден көркем мінез хақында сұрайды. Ол: «Көркем мінездің ең төменгі дәрежесі, қиындыққа төзе білу, сыйсияпаттан бас тарту, залымға мейірімді болу және оған жаны ашып, Алладан оның жарылқауын сұрау», – деп жауап береді. Сондай-ақ ол тағы бір сөзінде: «Ризық үшін қорқып, ақиқатты бұрмаламау. Барлық

жағдайда ақиқатқа сену және оны орындау. Өзі мен ақиқаттың арасында және өзі мен адамдар қатынасында оған бойсыну, опасыздық қылмау», – деген.

Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын): «Көркем мінез үш қасиетпен келеді: харамнан аулақ болу, халалды талап қылу және отбасына кеңпейілді болу», – деп айтқан.

Хусайн ибн Мансур: «Көркем мінез – ақиқатты білгеніңнен кейін мінезіңде қаталдықтың бомауы», – деген.

Әбу Сағид әл-Харраз: «Алла тағаладан басқа уайымы болмаған пендені, көркем мінезді адам деуге болады», – дейді.

Көркем мінез жайында осы сияқты айтылған сөздер жетерлік бірақ, бұлардың барлығы көркем мінездің өзі хақында емес, бәлкім оның жемістері туралы айтылған. Тіпті осы сөздердің өзі көркем мінездің жемісін толық қамтуға шарасыз. Ақиқат пердесін көтеру, осы айтылған алуан түрлі сөздерді қайталап келтіруден абзал екеніне дау жоқ.

Сондықтан да біз былай демекпіз:

«Хулық» (мінез) және «хальк» (жаратылыс, болмыс) сөздері бірге қолданыла береді. Мысалы, «Пәленшенің мінезі және болмысы көркем», – деп айтылды делік. Бұл сөйлемнен пәленшенің ішкі дүниесі һәм сыртқы болмысы көркем екені білінеді. Олай болса «болмыс» сөзі адамның сыртқы бейнесін көрсетсе, «мінез» оның ішкі дүниесін білдіреді.

Себебі адам, көзбен көрінетін тәннен (денеден) және ақылмен пайымдалатын рух (нәпсіден) құралған. Бұлардың әрбірінің өзіне тән пішіні мен бейнесі бар. Оның бейнесі көркем болуы мүмкін немесе жаман болуы ықтимал. Ақылмен танылатын жанның қадірі, көзбен көрінетін тәннен жоғары тұрады. Сондықтан Алла тағала:

«Сол уақытта Раббың періштелерге: Мен балшықтан бір адам жаратамын деген. Қашан оны жасап, оған рухымнан үрлеген сәтте, оған сәджеге жығылындар (делінді)», – деген (Сод: 71-72).

Аятта дененің топырақтан жасалғанына, ал жанның әлемдердің Раббысынан келгеніне дәлел бар. Мұндағы рух пен нәпсі деген сөздердің мақсаты бір. Мінез, нәпсіге мықтап орныққан бір қалып (күй) тәріздес. Барлық әрекеттер ешбір машақатсыз, ой елегінен өтпей-ақ, осыдан іске асады. Егер ақылға салғанды және шарифат бойынша көркем, мақтаулы саналатын әрекеттер осы қалыптан (күйден) іске асып жатса, онда бұл қылық (күй) «көркем мінезді» деп аталады. Ал енді одан теріс пиғылды әрекеттер шығып жатса, ол күй «жаман мінездің» қайнар көзі болғаны.

Біз мінездің тұрақты орныққан қалып (күй) екенін айттық. Мұны былай түсіндіруге болады. Мысалы, қажеттілік туып, мал-мүлкін жұмсаған адамды біз жомарт дей алмаймыз. Себебі бұл жомарттық сипаты оның мінезінде тұрақты орнықпаған. Сондықтан ол малды өз

ықтиярымен емес, солай істеуге мәжбүр басқа шарасы қалмағандықтан жаратты.

Адам малын қиналып сарып қылса немесе ашуы келгенде өзін қиналып тежесе, онда бұл адамның мінезінде сақилық пен жұмсақтық пайда болды дегенді білдірмейді. Себебі ол мейірімді болуы үшін оның мұндай әрекеттерді еш қиындықсыз, жеңіл орындауы тиіс.

Мінез хақында толық ой қалыптасу үшін төрт жайтты ескеру керек:

біріншісі, жақсы немесе жаман әрекет жасау;

екіншісі, жақсы немесе жаман әрекетті іске асыру шамасы;

үшіншісі, жақсы және жаман мінезден хабардан болу, яғни білу;

төртіншісі, нәпсінің үнемі жақсылыққа немесе жамандыққа жақын болуы, яғни жақсылықты немесе жамандықты жеңіл орындауы.

Мінез – іс-әрекет емес. Мысалы, малының таусылуынан қорқып немесе басқа да себептерге байланысты байлығын сарып қылмайтын, бірақ сақи деп танылған қанша адам бар. Сол сияқты байлығын мақсатсыз ысырап ететін немесе малын басқаларға жақсы көріну үшін ғана шашатын сараң адам қанша.

Мінез – күш емес. Себебі егер күшті жомарттықпен һәм сараңдықпен байланыстырсақ, онда екі қарама-қарсылықты бір нәрседі қосқан боламыз. Адам қайырымдылық жасау мен сараңдық таныту күштеріне ие болу табиғаты бойынша жаратылған. Сол үшін бұл күш адамға не сараңдық, не жомарттық мінезді міндеттемейді.

Мінез – білім емес. Себебі білім (жақсылық пен жамандықты), сұлулық пен сұмпайылықтың барлығын қамтиды.

Мінез – «қалып», яғни нәпсіге мықтап орныққан бір қалып (күй). Нәпсі осы «қалыптан» (күйден) шыққан кезде *беруге* немесе *қызғануға* әзір болып тұрады.

Демек, мінез, нәпсінің ішкі қалпы (күйі) мен бейнесі. Мысалы, сыртқы бейненің сұлулығы тек екі көздің әдемілігімен тамамдалмайды. Сыртқы сұлулықтың кемеліне жету үшін мұрын, ауыз және адамның жүзі мен барлық ағзаларының сұлу болуы қажет.

Сол сияқты адамның ішкі дүниесінде төрт үстін бар. Бұлар әдемі болмайынша, мінез де көркем болмас. Осы төртеуі өзара теңесіп, жарасса ғана мінез көркемденеді. Олар: білім күші, ашу күші, шаһуат күші және осы үш күштің арасында тұратын әділдік күші.

Білім күшінің жақсы әрі пайдалы болуы – айтылған сөздің рас немесе өтірік екенін, сенімге қатысты ақиқат пен адасушылықтың арасын ажыратуға, іс-әрекетте амалдың жақсы мен жаманын жеңіл әрі оңай түрде ажырата білумен белгілі болады.

Егер білім күші сау-саламатты болса, онда хикмет беретін жемістер шығады, ал хикмет – көркем мінездің бастамасы. Алла тағала Құранда:

«Алла тағала хикметті (терең білімді) қалаған құлына береді. Ал кімге білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады. Мұны ақыл иелері ғана түсіне алады»,– деп хабар береді (Бақара: 269).

Ашу күшінің көркемдігіне келсек, онда оның игілігі, ашу-ызаны ақылға салып, тежеу мен оны баса білуінде.

Сол сияқты құмарлық күшінің көркемдігі, даналық мәртебесіне бағынышты болып, ақыл мен шариғат көрсеткен шеңбердің аясынан асып кетпеуімен белгіленеді.

Әділдік күші болса ашу мен құмарлық күштерін ақыл мен шариғат шеңберінде ұстауы арқылы көрінеді.

Ақыл, жол көрсетуші насихатшы сияқты. Ал әділдік күші болса, күдірет. Оның мысалы, ақылдың көрсеткенін орындайтын тұлға десе де болады.

Ашу, нұсқаумен жүреді. Оның мысалы, тазы ит. Ол нәпсінің құмарлығын қанағаттандыру жолында иттің аңға шапқаны сияқты тез шауып кетпесі үшін, оны тәрбиелеу қажет. Басқаша айтқанда, оны бір нұсқаумен тоқтату немесе аңға салу үшін, ол тәлімге мұқтаж.

Құмарлық күшінің мысалы, аңға мініп шығатын атқа ұқсайды. Ол бір уақытта бас білдірілген жуас ат болса, басқа кезде тіл алмайтын асау ат. Кімнің бойында осы қасиеттер жиналып, өзара теңескен болса, сол адам толық көркем мінезді.

Бойында осы сипаттар табылып, бірақ бұл күштердің кейбірі теңесіп, кейбірі артық болса, онда ол адамның қылығы кейде көркем, кейде оғаш көрінеді.

Ашу күшінің көркем және әділ болуынан батырлық қасиеті туылады. Құмарлық күшінің көркем және әділ болуынан адамның өзін-өзі тежей білу мінезі қалыптасады. Егер ашу-ызаның күші әділдік мөлшерінен асып кетсе, онда ашушаң деп аталады. Ал егер ашу күші әділдік мөлшерінен төмен түссе, онда қорқақ деп танылады.

Егер құмарлық күші асып кетсе, ашкөздік болмақ. Ал енді шамадан тыс төмен болса, онда немқұрайлық басталмақ. Демек, мақтауға ең лайығы – ортадағы күй. Бұл қайырлы болып саналады. Ортадағы әділдік мөлшерінен асып кетсе немесе төмендеп түссе – кемшілік саналады, оны сөгуге лайық болады.

Әділдік ұғымында орта шамадан асу немесе төмен түсіп түсу қасиеті жоқ, яғни әділдік қасиеті көбеймейді немесе азаймайды. Оған жалғыз қарама-қарсылық – зұлымдық.

Кез келген шектен асып кеткен нәрсенің сипаты өзгереді. Сол сияқты ақылды жөн-жобасыз, бұзық мақсаттар жолында жұмсай беру оны керексіз затқа айналдырады. Ал ақылға немқұрайлы қарау, ақылсыздықты тударады. Сондықтан ортаны ұстану, ақыл үшін де тән ерекшелік.

Сонымен, ахлақтың негізі төртеу: ақыл, ерлік және жұмсақтық пен әділдік. Нәпсі осы ақыл арқылы өз ықтиярымен жасаған барлық әрекеттерінің арасынан жаманнан жақсыны айырып алады.

Әділдік те ақыл сияқты нәпсінің жағдайын жасайды. Нәпсі одан күш алып, ақылдың таразылауына байланысты ашу-ыза мен құмарлықты басады әрі оларды басқарады. Ойшыл, ашудың асыптасыған немесе басылған кездерінде ақылға бағынуын ерлік деп атады. Ал құмарлық күшін ақыл мен шарифат айтқандай тәрбиелеуін, өзін-өзі тежеу деді. Кімнің бойында осы төрт негіз теңесіп, ортаға келсе, барлық мінезі көркемделіп кемелденеді.

1. Ақыл күшінің әділ болуы әрекеттің көркемдігін, зейіннің тынықтығын, ой-пікірдің дұрыстығын әрі сенімді болуын нақтылайды. Сондай-ақ амалдың күллі қырларын, нәпсі апатының жасырын орындарын көрсетеді. Ақыл орта шегінен асатын болса, онда айлакерлікке салынады және алдау мен арбауға көшеді.

Егер ол орта деңгейден төмен болса, түсінбеушілікті, қараңғылық пен ақымақтықты және кем ақылдылықты шақырады. Расында да адамның ойлау мен қиялдау күші қаншалықты сау болғанымен тәжірибесіздіктің салдарынан ол кейде ауруға ұқсайды.

Ақымақ пен кем ақылдың айырмашылығы, ақымақтың мақсаты дұрыс, бірақ оны іске асыру жолы бұзық. Себебі ақымақ өзінің діттеген мұратына алып баратын жол хақында дұрыс ойлауға дәрменсіз. Ал ақылы кемтар адам, таңдауға мүлдем болмайтын нәрсені ұнатып қалады. Негізінде кем ақылды адамның таңдау ықтияры да дұрыс емес.

2. Ерлік мінезіне ие болған адам мейірімділік, қайырымдылық, мұқтаж адамға қол ұшын беру, игілік, кішіпейілдік, төзімділік пен жұмсақтық, тұрақтылық, ашуды тежей білу, байсалдылық, ізгілік және достық сияқты т.б. жақсы мінездерге қол жеткізеді. Ал енді батырлық шегінен шыққан адам бір мезетте мақтаншақтық, өркөкіректік, ашушан, тәкаппар мен өзіне-өзі тамсану сияқты қылықтармен достасады.

Адамның ерлік қасиеті орта деңгейінен төмен түсетін болса, әлгі қасиеттердің орнына қорлық пен абыройсыздық, қорқақтық, сұмпайылық, ұсақшылдық және ақиқаттан бас тарту сияқты жағымсыз қылықтарға басым бой береді.

3. Жұмсақтық қасиеті адамға сақилықты, ибалылық пен сабырлықты, кешірімшілдік пен қанағатшылдықты және Алладан қорқу мен мүләйімдікті және жәрдем беруге әзір тұру мен жылы лебізді әрі ынсапшылдық мінездерінің жемісін береді.

4. Егер әділдік қасиеті орта деңгейден асып немесе кеміп кететін болса, онда іштарлық, ашкөздік, епсіздік пен уайымсыздық және ысырапшылдық пен шектен тыс әзілқойлық, жарбақтық пен көре алмаушылық, ниеті бұзық және байларға жағымпаздану, кедейлерді кемсіту мінездері бетіне шығады.

Сонымен кемелдіктің тегі төртеу: ақыл, ерлік және жұмсақтық пен әділдік. Қалғандары осы төрт бастаудан тараған тармақтар. Осы төрт негізге Алланың елшісінен басқа пенденің қолы кемел жетпеген. Қалған адамдар осы төртеуіне мінез-құлықтары жағынан бір-бірінен жақын және алшақ болуымен ерекшеленеді.

Кім көркем мінезімен Алланың елшісіне жақындаған болса, онда сол мөлшер шамасында Алла тағалаға да жақындаған саналмақ. Тұла бойын осы айтылған көркем мінезбен әсемдей білген адам, барлық халық күллі амалда оның артынан еруге және оған бойсынуға әбден лайық. Ал енді көркем мінез қасиеттерінен жүрдай боп, керісінше теріс мінезімен ерекшеленген адам, халық арасынан қуылып, елден аластатылуы тиіс. Себебі ол, лағынеттелген шайтанға жақындап, Алладан алшақтаған адам.

Көркем мінезді адамдар Аллаға жақын періштелердің жанында тұрады. Оларға еліктеу және артынан жүріп жақындау қажет. Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Мен көркем мінезді кемеліне жеткізу үшін жіберілдім», – деген.

Алла тағала мұминдерді сипаттап, олардың мінезі жайында:

«Шын мәнінде сондай Алла елшісіне иман келтірген мұминдер, сосын күдіктенбей Алла жолына малдары әрі жандарымен соғысты. Міне солар шыншылдар»(Хужрат: 15).

Алла пен Оның елшісіне күмәнсіз иман келтіру – иақин (анық сену) күші және ақылдың жемісі. Алланың жолында ақыл және мал-дүниемен күресу дегеніміз – жомарттылық. Ал жомарттылық құмарлық қасиетін өзіне бағындырады, оны уысында ұстайтын күш.

Жоғарыдағы аятта айтылған «...малдары әрі жандары-мен соғысты»сөзі, батырлықты білдіреді. Егер ашу күшін ақыл шеңберінде әрі орта деңгейде пайдаланатын болса, онда бұл күш батырлық күшіне айналады. Алла тағала:

«Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың елшісі. Онымен бірге болғандар, имансыздарға қатаңдау, өзара тым мейірімді», – деп сахабаларды сипаттайды (Фатх: 29).

Аят қандай жерде қатаң әрі ашулы, қандай орында рақымды болуды көрсетіп отыр. Демек, қандай жағдайда ашулы, қандай кезде мейірімді болу деген – кемелдіктің белгісі емес.

Міне, бұл айтылған мінез-құлықтың мағынасы, оның көркем және жаман қасиеттері, негіздері мен жемістері. Олардың тармақтары туралы сөз – осы.

АХЛАҚ ӨЗГЕРЕДІ МЕ?

Нәпсі мен ахлақтың тәрбиесі өте күрделі және машақатты іс екенін білгенің жөн. Тіпті қайраты тасып тұрған кейбір батырлардың өздері де бұл істің алдында шарасыздық танытады. Нәпсі хақындағы түсініктер кем және жеткіліксіз болғандықтан адамдар «Ахлақты өзгерту ақылға сыймайтын іс себебі, жаратылыс (болмыс табиғаты) өзгермейді», – деген ойды алға тартады.

Олар бұл пікірді нақтылай түсетін екі айғақты ұстанады. Біріншісі, мінез-құлық ішкі дүниенің бейнесі, ал адамның пішіні – оның сыртқы көрінісі. Адамның сыртқы көрінісін яғни жаратылысын өзгерту мүмкін емес. Мысалы: бойы қысқа адам, ұзын болуды қанша армандағанымен, оның бойы өсіп кетпейді. Ал ұзын адам қысқа болуды қатты қалағанымен оның бойы қысқармайды. Сондай-ақ, көріксіз адам өзін көркем ете алмағаны сияқты, адамның ішкі дүниесі де осы негізге құрылған (яғни осы қағидаға сәйкес адамның ішкі дүниесін де өзгертуге келмейді). Олай болса, мінезді өзгертіп болмайды.

Олардың ұстанатын екінші айғақтары: «Көркем мінез құмарлық пен ашуды басады. Негізінде ашу мен құмарлық адам табиғатының бір құрамы. Сондықтан бұл екеуінен арылу әрекеті бос әурешілік. Бұл іс уақытты өлтіруден басқа еш нәрсе емес. Өйткені жаман мінезден арылу үшін жүректің уақытша ләззаттарға бейім тұратын қасиетін жоқ қылу лазым. Бұл мүмкін емес!», – дейді.

Біз болсақ былай дейміз: Егер ахлақ өзгермейтін нәрсе болса, онда өсиеттер, уағыз-насихаттар мен тәлім-тәрбие әңгімелердің барлығы пендешілік пе?!

Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Мінездеріңді көркем қылыңдар!», – деп айтқан (Мұғаз риуаяты).

Жабайы лашын тәрбие арқылы жуас әрі мүләйім құсқа айналады, қабаған ит тәрбиенің арқасында аңшы итке айналады. Қандай қиындықпен тапқан олжасын қожайынының бір нұсқауымен ғана ауызынан тастайтын дәрежеге жетеді. Асау ат қолға үйретіледі. Енді жануар мінезін өзгерту мүмкін болғанда адам мінезін өзгерту мүмкін болмағаны ма?

Бұл құбылысты былай түсіндіруге болады. Жалпы жаратылыс екі түрге бөлінеді: біріншісі- болмысы мен негізіне адам араласа алмайтын және оны өзгертуге құдіреті жетпейтін кемел болмыстар. Мысалы; аспан, жұлдыз немесе адамның, жануардың ішкі және сыртқы дене мүшелері мен құбылысы.

Жаратылыстың екінші түрі, болмысы кемелдікке жетпеген нәрселер яғни белгілі шарттардың пайда болуымен олар өздеріндегі жасырын күштің әсері және ықпалының арқасында кемелдікке жете түседі. Кейбір кезде ол шарттар адамның ықтиярымен байланысты. Мысалы, дәнек, оның жалаң пішіні алма немесе құрма емес. Әйтседе, өзінің болмысына ие нәрсе. Егер оны тәрбиелесе, онда ол құрма ағашына айналуы

ықтимал. Сол сияқты оны қанша жерден баптап қараса да ол алмаға айналмайды. Демек, дәнек белгілі ықпалдың әсерімен кейбір өзгерістерді қабылдап, кейбірін мүлдем қабылдамайды.

Егер біз ашу мен құмар күштерін толық өшіріп, олардың ықпалынан түгел арылуды қаласақ, онда еш нәрсеге жете алмаймыз. Ал енді оларды өзімізге бағындырғымыз келсе, онда осы жолда біраз машақаттанып шынықсақ, әрине оған қол жеткіземіз. Негізінде біз осыған әмір қылынғанбыз және ол бізді жеңіске жетелейді, әрі Алла тағалаға жетуімізге себеп болмақ.

Расында да жаратылыс әртүрлі олардың кейбірі ықпалға тез берілсе, басқалары оны жай қабылдайды. Мұның екі себебі бар: біріншісі- тума табиғи сезім қуаты. Адам жаратылыс табиғатының негізінде осы күштің ықпалында тұрады. Осындай бойсындыруы мен басқаруы ең қиынға соғатын табиғи жаратылыс күштерінің бірі, құмарлық күші. Себебі, құмарлық әу бастан ең бірінші қатарда тұрған күш яғни адам сәби кезінен осы күшке ие. Балақай жеті жасқа жеткенде оған ашулану күші беріледі. Мұнан соң оның бойына дұрыс пен бұрысты ажырата білу күші келеді.

Екінші себеп, адам бір амалды жақсы санап, оны жие орындауының арқасында оның бойында соған сәйкес мінез қалыптаса бастайды. Осыған орай адамдар төрт топқа бөлінеді:

1. *Мұңсыз адамдар*: Олар шындық пен өтірікті, сұлулық пен ұсқынсыздықты ажырата алмайды. Себебі, олар жаратылысынан барлық сенімнен мақұрым. Оларда тұрақтылық жоқ яғни бір ләззатты қойып, одан да жақсысына ұмтыла береді. Ойына алған бір істі тиянақты орындай алмайды. Алайда, бұл топтағы адамдар тәрбиені жылдам қабылдайды, бірақ бір ізгі тәрбиешіге мұқтаж. Жүрегін оятып, оны жігерлендіретін бір хикмет қажет. Сол кезде ғана ол көркем мінезді адамға айналады.

2. *Надан және адасқан адамдар*: Бұлар жақсы-жаманды біледі, бірақ ізгі амал жасауға әдеттенбеген. Өздерінің жасап жатқан жаман амалдары жақсы болып көрінеді. Олар дүние қалауына құл болғандықтан, жүздерін түзу жолдан бұрғандырымен амалдағы кемшіліктерін біледі.

Бұл топтағы адамдардың тәрбиесі қиындау болуы себепті, оларға бірнеше міндеттемелер жүктеледі. Әуелі олар бұзықтыққа әдеттенгендіктен, өздерінде мықтап орналасқан кемшіліктерін нәпсіден суырып алулары қажет. Мұнан соң ізгілікке үндейтін сипатты жүрекке орналастырады. Қатты күш салынып, еңбек қылынса, тәрбие жаттығуы үшін адамдардың бұл тобы үлкен майдан саналмақ.

3. *Надан, адасқан әрі пасық адамар*: Бұл топтағы адам жаман ахлақты, жақсы ахлақ деп біледі. Оның пікірінше бұл мінез ең көркем әрі дұрыс. Сондықтан бұл топқа жататын адамды тәрбиелеу өте

машақатты іс. Мұнда адасушылық мүмкіндігі бірнеше есе көп болғандықтан, бұлардың арасынан көркем мінез жолына қайтатындары кемде-кем.

4. *Надан, адасқан, насық әрі жаман адамдар:* Бұған жататын адамдар насықтық пен бұзықтық тәрбиесімен өседі. Олар жамандықты тарқатуды жақсылық деп сенеді және соны мақтан тұтады «Мұндай әрекет менің құрметімді арттырады» деп ойлайды. Бұлардың ахуалы өте ауыр. Олар жайында халық арасында: «Кәріні тәрбиелеу – зорығумен тең» немесе «Қасқырды тәрбиелеу, оны азаптағанмен тең» деген сөздер бар.

Сондай-ақ адамның жаратылысы хақында: «Адам баласы тірі тұрғанда құмарлық, ашу, дүниесүйгіштік сияқты т.б. мінезден арылмайды» деген пікірді айтатыны да жоқ емес. Алайда бұл пікір қате. Өйткені бұлар біздер жоғарыда айтқан мінездерді нәпсіден түп-тамырымен алып тасау қажет деп түсінеді! Негізінде олай емес, яғни құмарлық – табиғи қажеттілік. Бұл қасиет белгілі бір пайда үшін жаратылған. Егер ол толықтай сөніп қалса, онда адам бір пәлекетке душар болары анық. Сол сияқты егер ашу күші толықтай жоқ болса, адам өзінің өліміне себеп болатын нәрселерге қарсы күресе алмай, нәтижеде олар адамды жоқ қылады.

Адам табиғатында құмарлық бар екен, онда оның мал-мүлікке қызығушылығы жоғалмайды. Бұл махаббат адамды құмарлыққа жетектеп, тіпті мал-дүние жинауға үндейді. Мақсат, бұл қасиеттерді мүлдем жоқ қылу емес, бәлкім оларды бір орта өлшемге бағындыру.

Ашу сипатына келер болсақ, мұндағы қорқақтық пен ашушандықты мүлдем жоқ қылып, оны да бір көркем жағдайда сақтай білу қажет. Жалпы айтқанда ашудың орташа деңгейіне иелік қылған адам, күшті әрі сол қуатты ақылына бағындырады. Сондықтан Алла тағала:

«Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың елшісі. Онымен бірге болғандар, имансыздарға қатаңдау, өзара тым мейірімді»(Фатх: 29) – деп хабар береді.

Аятта мүміндердің «қатаңдау», яғни қаталдық күшіне ие екенін айтады. Негізінде қаталдық ашудан туындайды. Егер ашу мүлдем жойылса еді, онда күресуге де тиым салынған болар-ды.

Пайғамбарлардың өзі толық қол үзбеген сүйіспеншілік пен ашу сипаттарын қалайша мүлдем жою мүмкін! Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі: **«Мен де адаммын. Адамдардың ашуланғаны сияқты ашуланамын»**, – деген (Мүслим риуаяты).

Алла елшісінің (с.ғ.с.) құзырында жағымсыз әңгіме айтылған уақытта, оның жүзінен ашудың нышаны байқалатыны хадистерден мәлім. Сөйте тұра, ол тек ақиқатты сөйлеген. Оның ашуы, ақиқат үшін кедергі жасамаған. Алла тағала:

«Олар (тақуалар) кеңшілікте, таршылықта Алла жолында мал сарып қылғандар. Сондай-ақ олар ашуларын жеңушілер, адамдарды кешірушілер»– деп айтқан (Әли Имран: 134).

Аятта тақуа адамдар “ашуды жоқ қылады” делінбеген. Ашу мен құмарлық сипаттарын орта деңгейде ұстап, ашу күшінің және құмарлық күшінің ақылдан жоғары тұрмауы тиіс. Керісінше, ақыл, ашу мен құмарлықтан үстем болуы керек деген мағынаны білдіреді.

Көп жағдайда адам құмарлыққа бойсынып, ақылын соның ықтиярына тапсырады. Нәтижеде құштарлық күшейіп, орта деңгейден асып, адамды бұзықтыққа соқтырады.

Шынықтыру арқылы құмарлықты орта деңгейге үйрету мүмкін. Барлық істе тіпті, ахлақ тәрбиесінде де орта деңгейлік қажет. Мысалы, жомарттық қасиетін алайық. Жомарттық, шарифатта мақтауға лайық сипаттардың бірі, ол – ысырапшылдық пен сараңдықтың орта деңгейі. Алла тағала мұндай пендені мақтап:

«Олар мал сарып қылғанда, ысырап та қылмай, сараңдық та істемей осы ортада тұрады»,– деген (Фурқан: 67).

Ал сараңдық туралы сөгіп:

«Қолыңды мүлде мойыныңа байлаулы қылма да бүтіндей ашпа (Өте сараң болма да, шектен тыс ашық болма). Онда сөгіске ұшырап, таршылықта қаласың»– деп хабар берген (Әл-Исра: 29).

Сондай-ақ адам ашкөздік танытып ысырапшылдыққа бой ұрмай, орта деңгейді ұстану лазым. Себебі Алла:

«Ей, адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар және жеңдер, ішіндер де ысырып етпеңдер. Күдіксіз Алла ысырап етушілерді сүймейді», – деп шақырады (Ағраф: 31).

Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Истердің қайырлысы – орташасы»**, – деп айтқан (Байһакий риуаяты).

Дүние жамандықтарынан аман жүрек – сау жүрек. Сондықтан сау жүректің иесі болу қандай бақыт десеңші! Алла тағала:

«Ол күні мал да, балалар да пайда бермейді. Бірақ кім Аллақа нағыз жүрекпен келсе ғана (пайда береді)», – деп айтқан (Шуғара: 88-89).

Жүректің сау болуы үшін дүниеқұмарлыққа бой ұрмау және ысырапшылдық пен сараңдықтан сақ болу шарт. Жүрек осы екеуінен (ысырапшылдық пен сараңдықтан) тең шамада алшақтаған жағдайда ғана кемелдікке жетеді, негізінде орта жол – осы.

Мысалы, «жылылық» сипатын алайық. Бұл қасиет ыстық пен суықтың ортасында. Сол сияқты жомарттық да ысырапшылдық пен сараңдықтан тең қашықтықта орналасқан сипат. Ал батырлық болса қорқақтық пен өзін-өзі ұстай алмаушылық қасиеттерінің ортасында тұрған қасиет. Жұмсақтық қасиеті де қаттылық пен шектен тыс жұмсақтық кесірінің ортасындағы жағдай. Қорыта айтқанда, орташа

деңгейді ұстанбау – барлық мінез-құлық үшін шектен тыс шығу болып саналады. Бізден талап қылынған дүние осы және адам бұл талапты орындауға күдіретті.

Сондықтан, ұстаз өз шәкіртіне әу бастан-ақ ашу мен сараңдық мінездерінің жаман қылық екенін түсіндіруі тиіс. Егер ұстаз бұл жайттерде азғана селқостық танытса болғаны, онда шәкірт оларды дұрыс әрі рұқсат қылынған мінездер деп түсінуі мүмкін. Дұрысы теріс мінездерді түбімен шабуға әрекет қылу, сонда барып талап қылынған деңгейге жетуге болады. Ұстаз бұл жағдайды өз шәкіртінен құпия ұстауы لازم, әйтпесе шәкірт ашуды шақыру және оны тежеу өзінің қолымда деп соқыр тәкаппарлыққа жол беріп қояды.

КӨРКЕМ МІНЕЗГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫ

Көркем мінез, ақыл күшінің және ашу мен құмарлық күштерінің орташа болуына және зерденің кемелдігіне байланысты екенін білдің. Бұл орташа деңгей ақыл мен шариғатқа бағынуы тиіс. ол екі бағытта пайда болады.

Біріншісі-Алладан тарапынан және табиғи кемелдікпен келген орташа деңгей.Адам табиғи болмысынан кемел ақылды және мінезі көркем болса, онда бұл табиғи кемелдіктің белгісі. Бұлар оған ашу мен құмарлықты басқаруына жетерлік. оның бойындағы орташа деңгейлік ақыл мен шариғатқа бойсынған. Мұндай адам тәлім алмаса да ғалым, тәрбие көрмесе де әдепті. Мысалы, Иса ибн Мариям, Яхия ибн Закария және т.б. пайғамбарлар сияқты.

Сондай-ақ адамның табиғатында жүйелі әрекеттер арқылы шығаруға болатын сипаттар да жоқ емес. Кейбір балалардың тілі анық, қолы ашық болып туылса, енді басқалары бұған қарама-қарсы мінезбен туылады. Көркем мінез, жақсы балдармен бірге жүріп-тұру, жасаған қателіктерден келешекке ғибрат алуды өзін-өзі әдеттендіру арқылы келеді.

Екіншісі-көп терлеу мен жаттығудың арқасында келетін орташа деңгейлік. Кім өзінің бойында жомарт мінезін қалыптастыруды қаласа, онда ол мал-даулетін Алланың жолына жұмсап үйренуі тиіс. Нәпсіге жүктелген бұл бейнет оның табиғатына сіңіп, мінезіне ауысқанша көп сабырлық танытуы қажет. Шариғатқа лайық, мақтауға тұратын мінездердің барлығы осы жол арқылы келеді. Адам жасаған жомарттығынан ләззат алса, сонда барып жомарттықтың ең жоғарғы мәртебесіне қол жеткізген саналады.

Шынайы сақи адам, малын жұмсаған шақта, рахаттанады. ондай адамға қиналу мен іштарлық жасау тән емес. Ал енді сықпарлықтан

ләззат алған адам, нағыз сараң. Егер нәпсіміз барлық жақсы мінездерді үйреніп, жаман қылықтарды тастамаса, онда бойымызда діни ахлақ тұрақтамайды. Ізгі амалға құштар адамда болатын еңбекқорлық пен талпынысқа ден қоймасаң, онда бұл мінездің ләззатын алмайсың және теріс қылықтарды жек көрмесең, шынайы бақытқа жетпейсің.

Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Намаз көзімнің қуанышы»*, – деген (Нисай риуаты). Ал біз болсақ ғибадатқа жалқаулық танытып, орындауымыз қажет амалдарды қатты қиналып, оны ауыр санап, тәрік қылып жатамыз. Мұндай кемшіліктермен қайтып бақыттың кемелдігіне жетпекпіз? Құлшылық үшін сабырлық таныту оңай шаруа емес. Алла тағала:

«Сабыр және намазбен жәрдем тілендер. расында намаз ынталылардан басқаларға ауыр келеді. Ол ынталылар, раббыларына шын жолығатындықтарын ойлап әрі Оған анық қайтарылатындықтарын да біледі» – деп айтқан (Бақара; 45-46).

Сондай-ақ құлшылықтың мұндай дәрежесіне жету үшін бастан кешіретін машақаттың өз сауабы болады. Аллатың елшісі (с.ғ.с.):

«Аллаға разылықпен құлшылық қыл. Егер бұлай жасауға шамаң келмесе, онда саған ауыр болған нәрсеге сабырлық қылсаң да көп қайыр бар», – деген (Табарани риуаяты).

Уәде қылынған бақытқа көркем мінез арқылы жетеді. Бұл жолда Аллаға бойсынудан ләззаттану және күнәні жек көру амалдары уақытша емес, бәлкім ғұмыр бойына созылатын дүниелер. Өмір өткен сайын құндылық тұрақты әрі толықтай түседі. Сол үшін Алланың елшісінен (с.ғ.с.) бақыт хақында сұраған уақытта: *«(Бақыт) – бүтін өмірді Алла тағалаға бойысынып өткізу»*, – деп жауап берген (Әбу Бәкірдің риуаяты).

Расында дүние, ақыреттің егін алқабы. Өмір ұзарып, ғибадат қаншалықты көп болса, сауап соншалық мол, нәпсі соншалық пәк, ахлақ та соншалық көркем болмақ. Аллаға жасалған құлшылық жүректе өз таңбасын қалдырса – мақсатқа жету деген осы. ол үшін құлшылық, өмірдің ақырғы деміне дейін үздіксіз жалғаса беруі керек.

Адам дүние құштарлығын жүректен шығарып, оның орнын Аллаға деген махаббатпен толтырса, бұл ең көркем мінез саналады. Мұндай мінезге қол жеткізген пенде үшін – ұлы Алланың құзырына барудан сүйіктісі жоқ. Ол адам бар малын осы жолда сарып қылады. ол бойындағы барлық ашуы мен құмарлығын шарифат және ақылтаразысына салып, тек Аллаға жету жолында жұмсайды. Бұл нәрсемен шұғылдану оған қуаныш пен ләззат береді, оқыған намазы көзінің қуанышына айналады. Жасаған құлшылығы тәтті және керемет болады. Құлшылықтың ләззатына дағдыланған нәпсі болса, онда бұдан да асқан ғажап болмақ!

Кейбір кезде мансап-мәртебеге, түрлі нығметтерге ие адамдардың сары уайымға салынғанын көреміз. Бір нәрсеге құмартқан адам,

құмарсыз өмірді көз алдына елестете алмайды. Құмар оны өмірдегі барлық қуаныштан мақұрым етеді. Құмар – ахлақтың бұзылуына себеп болғанымен, ол адам сол құмардың «ләззатынан» асып кете алмайды. Өйткені ол ұзақ уақыт осы құмарды дос тұтып, жылдар бойы өмірін соның жолына жұмсаған.

Мысалы, кептер баптаушысы тәулік бойы шақшиған күннің астында аяқ үстінде қақиып тұрады. Ол кептердің ұшып, қонып, ауада айналып билеген қимылдарына қуанғаны сонша, аяқтарының ауырғанын және өзінің шаршағанын байқамайды. Сол сияқты бұзақы адамдарды алайық. Олар денедегі жарақаттары мен дүре соққыларының орнын мақтан тұтады. Жаза мен қиындықтарға шыдадым деп ойлайды. Сол сияқты қызтеке адам. Ол өзінің киімі мен шашының, бет әлпетін әйелдерге ұқсатып, жүргеніне мәз. Олар өздерінің араларында әйелге қатты ұқсай білген адамды қатты мақтан тұтады. Әйелдердің арасында жүрген уақытта бастарын биік ұстап, патшалар мен ғалымдардың арасында жүргендей сезінеді. Бұл – үздіксіз ұзақ уақыт бір нәрсемен машғұл және өзі сияқты адамдармен араласу нәтижесінің жемісі.

Нәпсі мезгіл бойына ұсқынсыз, бұзық нәрселерге жақын тұрса, бірте-бірте сол нәрсеге қызығушылық танытады, тіпті құныққаны сонша одан ләззат ала бастайды. Егер сен де бір мезгіл Аллаға қайтып, кейін оған байлансаң, онда бұған қалай әдеттенбеске және бұдан ләззат алмай тұруға болады ма?!

Негізінде нәпсінің бұзық, жаман істерге бейім тұруы, адамның жаратылыс табиғатына қарсы. Мысалы, кейбір адамдардың кесек жейтіні сияқты. Ал енді жаратылыс табиғатының ақылға бағынуы, Жаратқан иесін тануы және оған құлшылық жасауға бейім тұруы, оның тамақ пен суға жақын болғаны сияқты. Себебі жүректің табиғаты мұндай бейімділікті орындайды, ал құмарлық қажеттіліктеріне жақын тұратын бейімділік, жүрекке жат. Жүректің азығы ақыл, білім және Аллаға деген махаббат.

Егер жүрек дертке шалдықса, онда оның табиғаты өзінің орындайтын міндетіне ұзақтауы мүмкін. Дерттің асқазанды бұзатыны сияқты, ол да жүректі өзінің бейім тұрған нәрселерінен алшақтатады, яғни асқазан бұзылса, болмысынан жақын тұратын тамақ пен суға деген тәбеті жоғалады емес пе? Қандай жүрек Алладан басқасына махаббат қоюға бейім болса, демек жүрек сол бейімділік көлемінде дертке шалдыққан деген сөз.

Ал енді адам Алланың махаббаты мен діннің өсиет қылған нәрселеріне махаббат қоятын болса, бұл бейімділік оның жүрек дертіне себеп болмайды. Демек, жақсы жаттығудың арқасында көркем мінезге қол жеткізуге болатынына анық көз жеткізген боларсын. Көркем мінезге еру үшін қиындықпен орындалған ізгі амалдар ақырындап адамның табиғатына айналады. Бұл жүрек пен дене мүшелерінің арасында

болатын ғажап қатынас. Жүректе пайда болған әрбір сипаттың ықпалы, дене мүшелерге де тиеді. Тіпті олар жүректегі осы сипатқа сәйкес қозғалысқа түседі.

Әрбір әрекет дене мүшелердің арқасында орындалады, кейбір уақытта сол әрекеттің әсері жүрекке де өтеді. Бұл жүріп тұратын айналым. Мысалы, бір адам шебер хатшы болуды қалады делік. Қандай істе болсын, жоғарғы мәртебеге жету оңай шаруа емес. Хатшылық шеберлігінің машақаты да өзінше бір төбе. ол үшін қызығу қажеттілікке, ал қажеттілік адамның табиғатына айналуы керек. Мұның жалғыз ғана жолы бар – шебер бір хатшының шәкірті болып, оның көрсеткеніндей қолдарын тынымсыз машықтандыру, ұзақ уақыт хатшының жазуына ұқсатып жазуға тырысып бағу тиіс.

Ең ақырғы қиындық, ол – ұстаздың көркем жазуына ұқсату әрі оның күллі ерекшеліктерін меңгеру және соның жазу шеберлігін дамыта түсу. Әуеліде бұл әрекет қиынға соғады тіпті, нәпсі олай жазуға күдіретім жетпейді деген ойға келеді. Кейін машықтанудың арқасында бұл пікір сейіле бастайды.

Үздіксіз жаттығу нәпсіге көркем жазудың шеберлігін береді. ол ішкі дүниеге нықтап орналасқан соң әсте-әсте қасиетке айналады. Бұл кезде көркем хат қағаздың бетіне мәжбүр жазудың күштеуімен емес, табиғи қажеттіліктің салдарынан шығатын болады. Сөйтіп күш салған әуелідегі машақат, бекерге кетпейді. оның ықпалы жүрекке дейін көтеріледі. Бұл қасиет жүректен дене мүшелеріне тарап, көркем жазу оның сипатына айналады.

Сол сияқты кім, «нәпсісін таныған» яғни өзін таныған адамдардың қатарынан болуды қаласа, онда мұның бірден-бірі жолы нәпсісін таныған адамдармен араласып, олардың қылғанын қылып, соны жиі қайталап тұруы тиіс. Алайда, оның осы жасаған амалдарынан жүрегінде өзін тану сипаты пайда болуы лазым. Кім жомарт және кішіпейіл әрі жұмсақ мінезді болуды қаласа, онда ол бастапқыда өзін күштеп болса да сондай ізгі адамдарға еліктеп амал қылуы қажет. Уақыт өте оның күшпен еліктеу әрекеті жоғалып, жомарттық пен мейірімділік сияқты ізгі қасиеттері оның әдетіне айналады.

Өзін осындай бақылауда бір тәулік бойы ұстаған адам шаршап: «Менің бұған шамам келмейді екен», – деп үмітсіздікке ұрынбасын. Өйткені бір тәулікке созылған бақылаудың нәтижесінде, адамның өз нәпсісін тізгіндейтін мәртебеге қол жеткізуі мүмкін емес, яғни нәпсіні тазалау және оны көркем амалдар арқылы көркемдеуді қалаған адам, бір күндік құлшылықтың арқасында сол дәрежеге жете алмайды.

Тіпті бұл үшін бір күндік күнәлары да жойыла қоймайды. Басқаша айтар болсақ, бір үлкен күнә мәңгілік бақытсыздыққа себеп болмайды бірақ, бір күндік немқұрайлық кейінгі күнәларға өтіп, адам әсте-әсте жалқауға айналады. Кіші күнәлары болса жиылып, иманға зиянын

тигізеді. Бақыттан үмітті үздіріп, адамды ақырет азабына қалдыруы ғажап емес. Адамның өзін бақылау әрекетінің ықпалы, бір күндік еңбекпен байқалатын сезім емес.

Бұл – адам денесінің жай қарқынмен үздіксіз өсіп, бой алғаны сияқты құбылыс. Сондықтан нәпсіні тәрбиелеу мен тазалау жолында жалғыз тағат-ибадаттың әсері дереу сезіле қоймайды. Солай болса да құлшылық жасаудың аздығына салқын қарамау керек. Себебі ықпалы басым келетін көп құлшылық біртіндеп жиналады және олардың әрбірінде өзіне тән ықпалы жасырынған. Құлшылық үшін жазылатын сауап, міне – осы ықпалға сәйкес беріледі.

Сол сияқты күнә үшін берілетін жаза да, сол күнәнің адамға тигізетін теріс ықпалына сәйкес жазылады. Қанша адамдар күндіз бен түнді босқа өткізіп, өзін бақылау амалын кейінге шегерумен келеді. Нәтижеде олардың табиғаты бұл ілімді ұмытады. Кіші күнәні елемей есепке алмайтын адамдар да жетерлік. олар ғұмыр бойы тәубе жасауды кешіктіреді. Мұндай бейқамдық тосыннан келіп, алқымнан ұстайтын өлімге немесе жүректі күнә зұлматы орап, тәубе жасауға шамасы келмейтін сәттерге дейін созылуы мүмкін. Аз, көпке қосылады, жүрек құмар шынжырларымен байланып, бұдан құтылып кету мүмкіндігінен мақұрым болады. Тәубе есіктері жабылып қалды деген – осы. Алла тағала:

«Олардың арттарынан бөгет, алдарынан да бөгет жасап, көздерін қаптадық. Олар көрмейді», – деген (Ясин: 9).

Бір сахабаның айтуынша иман – жүректе ақ нүкте іспеттес көрінеді. Иманның күші артса, жүректегі ақ рең де көбейе түседі. Егер пенденің иманы кемел болса, жүрек те толық ағарады. Екіжүзділік – жүректегі қара нүкте. Адамның екіжүзділігі артқан сайын, жүректегі қара дақтар да артады. Қашан екі жүзділік толса, жүрек те толықтай қараяды.

Демек, көркем мінез – шынында табиғи тума қасиет. Расында ізгі амалдарға әдеттену, жақсы әрекетті адамдарды көріп, оларға жақын болудың арқасында іске асады. Бұлардың барлығы Аллаға жақындататын ізгіліктер. Кім пасық адамдарға етене араласуы арқылы бұзықтықты үйренсе, және оны әдетке айналдырса, онда оның бұл әрекеті күдіретті Алладан ұзақтау деген сөз. Жоғарыда айтылған әдеттену амалына қатысты адамдар екі жолды ұстанады. Бұл дәрежелердің әрқайсысы өзі бейнелейтін суреттері мен көріністеріне сай Аллаға жақындатады немесе одан ұзақтатады. Алла тағала:

«Сонда кім тозаң түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол соны көреді. Ал кім тозаң түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді», – деп хабар береді (Зилзала: 7-8). Сондай-ақ:

«Алла оларға зұлымдық қылмады бірақ, олар өздеріне зұлымдық қылған еді»— деген аят бар (Нахл: 33).

АХЛАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Өткен тақырыптардан мәлім болғандай ахлақты орта деңгейде ұстау, жүректің саулығына байланысты. Ахлақтың шектен тыс асып немесе төмендеп кетуі – жүректе бір дерттің бар екеніне дәлел. Нәпсіні емдеу дегеніміз, оны өзіндегі жаман және бұзық мінезден тазартып, олардың орнына жақсы және көркем ахлақты орналастырумен іске асады. Мысалы; денені емдеу үшін оны барлық науқастықтан тазартуымыз лазым, әйтпесе, ол дерттен толық арылмайды.

Адам табиғатының негізінде орта деңгейлік басым келеді бірақ, сыртқы ықпалдардың әсерімен ол бұзылады. Сондықтан да әрбір адам таза табиғаты бойынша орта деңгей қасиетімен туылады. Ата-анасы оның яһуди, христиан немесе отқа табынушы етіп тәрбиелейді. Басқаша айтқанда бала тәлім мен әдет-ғұрыптың арқасында адам табиғатына жат мінездерді үйренеді. Мысалы, дене бастапқыда кемел болмайды, бірақ азықтануы арқылы ол қуат алып, тәрбиеленіп кәмелділікке жетеді. Сол сияқты нәпсі де келешекте кемелдікке жету есебінің арқасында әуеліде әлсіз жаратылады. Сөйтіп нәпсі ахлақ пен ілім тәрбиесін азықтануының арқасында кемелдікпен толысады.

Егер дене сау-саламат болса, онда дәрігердің міндеті, оны сол қалпында сақтап қалу болмақ. Ал дене бір дертке шалдықса, дәрігердің міндеті денені емдеу, оны дертінен айықтыру. Нәпсінің жолы да осындай. Егер ол таза әрі тәрбиелі болса, онда сол тазалық пен тәрбиелікті сақтап қалуға және оған жаңа қуат бере отырып, тазалығын арттыруға тырысу керек. Ал енді нәпсі кемелдік пен тазалықты жоғалтып қойған болса, оған осы қасиеттерді қайта таңу керек.

Денедегі орта деңгейлікті бұзып, оны дертке шалдықтыратын науқастықтар, өздеріне қарама-қарсы ізгі қасиеттер арқылы сауықтырылады. Мысалы, суықтап қалған науқасқа, ыстық нәрселер дәрі болады, ал денесінде ыстығы көтерілген ауруға, табиғаты суық нәрселер ем болады. Сол сияқты жүректегі жағымсыздықты көркемдікпен, надандықты біліммен, сараңдықты жомарттықпен, тәкаппарлықты кішіпейілдікпен, тойымсыздықты күштеп болса да тәбетті тыю арқылы емдеуге болады.

Денені науқастықтан толық тазарту үшін, кейде тәбеттің аранын ашатын түрлі нығметтерден тыйылып, аштыққа көну керек. Ал жүректегі дертті кетіру үшін бұдан да көп сабырлық қажет. Денедегі аурудан жоқ дегенде өліп құтылуға болады, ал жүрек науқастығы болса, Алланың Өзі сақтасын, өлімнен кейінгі мәңгілік тіршілікте де жалғасып кете береді. Жоғарыда кез-келген ауру өзінің қарама-қарсылығы арқылы емделеді деп айттық.

Бірақ бұл жерде өлшем мөлшерін естен шығармау тиіс. Демек, біз шипа деп айтып отырған себептің пайдалы мөлшері туралы хабардар болуымыз лазым. Әйтпесе, осы өлшемді сақтамайтын болсақ, жақсылықтың орнына бұзықтық асып кетуі мүмкін. Біз ахлақты емдеуге себеп болатын қарама-қарсы қасиеттерді де таңдаған уақытта осындай өлшемнің болуы шарт. Дәрінің мөлшері, аурудың шамасына байланысты белгіленеді. Дәрігер аурудың себебін анықтамайынша (диагноз қоймай тұрып) дәрі-дәрмек жаза алмайды. Мысалы дәрігер аурудың суық немесе ыстықтың әсерінен шыққанын білмейінше науқасқа дәрі бермейді.

Егер ауру ыстықтың әсерінен туса, оның жоғары немесе төмен температурасын, шығу себебін анықтайды, денедегі белгілеріне көңіл бөледі. осылардың барлығын зерттей келіп, ақырында емдеуге кіріседі. Мүршид те (шәкіртке жол нұсқайтын ұстаз) дәрігерге ұқсайды. ол өзінің шәкірттерінің нәпсісін емдейді. Мүршид шәкіртінің ахлақтық және дерттік кемшіліктерін жақсылап білмейінше оған орындауы тиіс жаттығуларды нақты тағайындай алмайды.

Егер дәрігер барлық науқастарды бір дәрімен емдейтін болса, онда олардың басым көпшілігі бақилық болар-ды. Сол сияқты ұстаз да барлық мүршидтеріне (шәкірттеріне) жаттығудың бір түрін ғана бұйырса, онда мұндай қарым-қатынас олардың жүректерін өлтірері сөзсіз. Қайта бұл жағдайда ұстаз, шәкіртінің ішкі дүниесіне үңіліп, ондағы ауру себептеріне қарап, олардың жас-шамасы мен табиғатына назар салғаны жөн.

Егер мүршид (шәкірт) бидғатшыл (дінде жоқ жаңалықтарды құптаушы), шарифат шеңберінен бейхабар және надан болса, онда оған әуелі намаз бен ғибадаттар (құлшылықтар) үйретіледі. Егер мүршид харам жолмен кәсіп қылу немесе күнә жасаумен әуестігі болса, онда әуелі оған мұндай істерден бас тартуы бұйырылады. Егер мүршид сыртқы бейнесін ғана ғибадатпен әшекейлеп, ағзаларын күнәдан сақтаумен шектелген болса, онда оның ішкі дүниесіне көңіл бөлінеді. Сонда барып мүридтің ахлағы мен жүрегіндегі дерттеріне шипа болады.

Егер мүршидте табылған себептер қажетті мөлшерден аспайтын болса, мүршид мүридті жаман дерттерден ақырын ұзақтатып, жақсылыққа бағыттайды. Егер мүридте менмендік пен тәкаппарлық сияқты кісілік мінездері басым болса, онда ұстазы оған базарда қайыршы болуына бұйырады. Себебі мұндай ауруды тек қорлықпен емдеуге болады. Ал ең үлкен қорлық – тіленшектік. Шәкірт өзінің бойындғы тәкаппарлығы сынғанша осы қорлыққа сабыр қылуы лазым.

Егер мүршид денесі мен киімін таза ұстауға ғана көңіл бөліп, жүрегіне немқұрайлы қараған болса, онда ол әжетханалар мен лас орындарды тазартуға, асхана мен ошақ басында қызмет көрсетуіне бұйырылады. Осылайша оның тазалық хаққындағы түсінігі дұрыс

қалыптассын. Ұзын киім, түрлі түсті жайнамаз пайдаланып және өмір бойы тек сыртқы көрініске көңіл бөлумен машғұл адамды, күні бойы сыланып-сипанып отыратын келіншекпен теңеген дұрыс. Расында да, пұтқа табынушы (мүшрик) пен өзіне табынатын адамның арасында айырмашылық жоқ.

Адам қаншалық Алладан басқа нәрсеге сиынатын болса, Алладан сонша алыстар екен. Кімде-кім сыртқы тазалық пен ұқыптылыққа қатты көңіл бөліп және соған жүрегін де үйретіп қойған болса, онда ол өзімен-өзі әлек адам. Шынығудың нәзік жақтары жетерлік. Мысалы; мүршид қандай жаман қасиетті тәрік қылса, соған қарама-қарсы ізгілік қасиетін бойына сіңіре алмайды. ол сараңдық қасиетінен арылды делік, бірақ жомарт бола алмайды. Бұл тақалатын нәрсе емес, кез келген өзгеріс, баяу болады.

Мұнда сөз етіп отырғанымыз жаман мінезден, екінші яғни жамандығы аздау мінезге өту. Басқаша айтқанда егер қан сумен жуғанда кетпесе, онда оны зәрмен жуып кетіру қажет. Мұнан кейін зәрді сумен тазартады. Мысалы; бала жас кезінде көп ойнағысы келеді. Кейін оның бұл қалауы зейнетті жақсы көруге, әдемі киінуге ауысады. Мұнан соң оның қалауы, басшы болуға, мансап иелігіне өтеді.

Уақыты келгенде оның мансаптыққа деген қалауы да өшеді. Алла тауфық (жәрдем) берсе оның ой-пікірі ақыретке ауысады. Кім мансапты жақсы көру мінезінен айырыла алмаса, онда бұдан жеңілдеу мінезін тастауға әрекет қылудан бастасын. Ал енді кім мешкей немесе тамақты шектен тыс жақсы көретін болса, онда ол адам мұсылман үшін парыз оразаны ұстасын. осыдан кейін оған тәтті тағамдарды азайту бұйырылады. ол адам бұдан былай тәтті тағамдарды өзін емес, өзгелерге ұсынады. осы жол арқылы өзінің нәпсісін тияды, оны сабырға үйретеді, ашкөзділіктен қайтарады.

Адамың үйленуге әлеуметтік жағдайы келмесе, онда оған да ораза ұстау бұйырылады. Егер оның шаһуаты бұған басылмаса, онда ол күн бойы нан жемей, тек су ішеді. Келесі күні тек нанмен ауыз ашады. Ет сияқты күшті тағамдар жемеуі тиіс. Шәкірт үшін ораза ұстағаннан пайдалысы жоқ. Егер мүридтің ашулану қасиеті басым болса, онда емдеу үшін жұмсақтық және аз сөйлеу мінездерін үйренуі керек.

Сол сияқты мүридке жаман мінезді адамдармен достасып (олардың қылықтарын бақылап), оларға қызмет көрсету және олардың жасаған жаман қылықтарына сабыр ету ісі, оған белгілі пайдасын тигізеді. Кейбір тариқат жолын ұстанушылардың айтуынша, нәпсіні мейірімге үйрету арқылы адамның бойындағы қатты ашудың күшін басады. Осы әдіспен нәпсіні сабырлық және жұмсақтыққа дағдыландырады. Бойында қорқақтық, жүрегінде әлсіздігі бар адамдар батырлық қасиетіне ие болуы үшін ашық теңізге шығып, толқындарға қарсы жүзеді.

Үнді тақуалары жалқаулықтан арылып, құлшылыққа берілулері үшін түні бойы зорығып ғибадат қылады.

Осылайша олардың кейбірі малдарын сату арқылы дүниеқорлық қасиеттерінен айырылады. Басқалары (егер малымды адамдарға тарататын болсам, онда олар мені мақтайды), Алланың алдында мақтаншақ, атаққұмарға ұқсап қаламын деген ойдан қорқып байлықтарын теңізге жасырын тастайды. Айтылған бұл мысалдар мен ғибраттар тек жүрек дерттерін емдеу жолдары. Қалған сырқат-ауруларды емдеу әдістері кітаптың басқа баптарында баяндалады. Біздің мақсатымыз – нәпсінің құмарлығы артқан және оның бейім тұратын жаман нәрселерінен арылуы үшін арнайы бағыттарды көрсету. Алла тағала:

«Ал енді кім, раббының алдында тұрудан қорқып, нәпсісін құмартқан нәрседен тежеген болса. Негізінде оның барар жері жұмақ», – деп осының барлығын бір сөзінде қортындылаған (Назифат: 40-41).

Расында да барлық нәрсе адамның шешіміне байланысты. Егер ол бойындағы құмарлықтан айығуға нық шешім қабылдаған болса, онда мұны Алла оған жеңілдетіп, тек сынақ жібереді. ол адам бар болғаны соған сабырлық танытып, жігерлі болуы тиіс. Егер ол алған бағытынан теріс бұрылса, онда оның бұған дейін жасаған талпыныс амалдары күйіп кетеді. Ал енді Алланың алдындағы жазаны ойлап, нәпсісін құмарлықтан тежей білсе, жаман мінезден айырылып, көздеген мұратына жетеді.

ЖҮРЕК ДЕРТІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОДАН САУЫҒУ

Дененің әрбір мүшесі арнайы бір іс үшін жаратылған. Ол мүше сырқаттанып қалған жағдайда, оның орындауы тиісәрекеті ісіне аспай қалады немесе машақатпен орындалады. Қол ауырса, зат ұстау күшін жоғалтады. Көз ауырса, көру қасиетін жоғалтады. Жүрек ауырса, өзіне тиіс амалды орындаудан мақұрым қалады. Ал жүректің орындауы тиіс амалдары: білім алу, хикмет үйрену және Алланы сүйіп, Оның әмірлерін орындау, оны зікір етіп ләззат алу. Алла тағала:

«Мен жын мен адамдарды Өзіме құлшылық жасаулары үшін ғана жараттым», – деп айтқан (Зарият: 56).

Сонымен, әрбір ағзаның тиісті міндеті бар. Жүректің міндеті, Алланың хикметін түсіну және бұйрығын орындау. Адамның жануардан айырмашылығы, оның ішіп-жеуінде немесе басқа түйсіктерінде емес, бәлкім ақыл-парасатымен ерекшеленеді. Адамды басқа нәрселерден жоғары көтеріп тұрған нәрсе – осы.

Алла күллі нәрсені Жаратушы. Егер адам барлық нәрсені біліп, тек Алланы танымаса, онда ол еш нәрсені білмейді деген сөз. Танып-білудің белгісі – махаббат. Алланы жақсы көрген адам, Алланы танушы болып есептеледі. Аллаға болған махаббаттың белгісі, дүние мен ондағы сүйкімді нәрселердің барлығын Алладан төмен қоюмен білінеді. Алла тағала:

«(Мұхаммед (с.ғ.с.)) егер әкелерің, балаларың, туыстарың, әйелдерің, ағайындарың, тапқан малдарың, тоқтап қалуынан қорыққан саудаларың, жақсы көрген үйлерің сендерге Алладан, пайғамбарынан әрі Оның жолында соғысудан артық көрінсе, Алланың әмірі келгенге дейін күтіндер. Алла бұзық қауымды тура жолға салмайды», – деп айтқан (Тәубе: 24).

Кім бір нәрсені Алладан артығырақ сүйсе, онда ол адамды алдында наны мен суы бола тұра, топырақты жегісі келетіп тұрған асқазанға ұқсатса болады. Мұндай шаһуат асқазанның науқас екеніне дәлел.

Жүрек науқастығының нәзіктігі сонша, адам бұл ауруға шалдыққанын сезбейді. Бірақ жүрегінің ауру екенін білген адам, одан емделудің ауыр екенін және ол үшін көп сабырлық пен машақатқа шыдау қажеттігін түсінеді. Себебі жүрек дертінің емі, нәпсінің шаһуатына қарсы әрекет етуі арқылы іске асады. Мұны жанның шығуымен тең десе қате болмас. Осындай ем үшін нәпсінің бойынан сабырлық күшін табу қандай қиын десеңші!

Бұл іс амалға асып, нәпсі сабырлы болды делік, енді жүректегі дертті емдейтін шебер дәрігерді табу бұдан да қиын. Себебі жүрек дерттерінің дәрігерлері – ғалымдар. Олардың өздері де (мал-мүлікке дүниеге беріліп) осы дертке шалдыққан. Өзін емдей алмаған дәрігер, басқаны қалай емдемек?

Сол себепті де күллі жүрек аурулары жоққа шығарылды. Тіпті «жүрек дерті жоқ» деген ұранмен бұл аурудың бар екені теріске шығарылды. Нәтижеде, адамдар дүниені сүюге, құлшылықты сырт көз үшін рия амалдар жасауға ден қойды. Жүрек дерттерінің белгілері міне – осылар.

Жүрек саулығын қайтару, сол дертке шипа болатын себептерге бет бұруы арқылы басталады. Мысалы, Алла тағаладан алшақтататын сараңдық дертінің шипасы, мал-мүлікті қайырымдылық жолында жұмсау. Бірақ кейбір кезде бұл қайырымдылық, ысыраптың дәрежесіне дейін өтіп кетіп жатады. Сөйтіп сараңдық дертінен сауығамын деген адам, ысырапшылдық дертіне шалдығады.

Суықты кетіру үшін ыстықты қолданады. Ал енді ыстықтық өз өлшемінен асып кетсе, бұл да бір дерт. Негізінде ыстықтық пен суықтықтың ортасында теңдік болуы тиіс. Сол сияқты ысырап пен сараңдықтың арасында да теңдікті сақтау қажет. Егер теңдіктің не екенін білгің келсе, онда ұстануың тиіс мінезге назар салғайсың. Бұл

мінез өзінің қарама-қарсы мінезіне қарағанда сен үшін жақын әрі жеңіл болса, демек сен сақтануың лазым болған мінезге иесің. Мысалы, сен үшін мал-дүниені сарып қылғаннан гөрі, оны жинау рахат әрі жеңіл болса, онда сенің бойыңда сараңдық қасиеті басым. Саған мал-дүниені сарып етуге күш салу керек.

Егер малды керегінше сақтағаннан гөрі оны шектен тыс жарату қасиеті анағұрлым ләззатты әрі жеңіл болса, демек сенде ысырапшылдық басым. Саған малды қолда ұстап тұру мінезін үйренген жөн.

Нәпсінді бақыла. Қайсы амалды орындау жеңіл, қайсы амалды орындау қиын екенін анықта. Жүректің дүниеге байланып қалуынан сақтан. Сол кезде сен мал-дүниені орынсыз жаратудан және сараңдықтан аман қаласың. Байлық сен үшін су сияқты болады. Оны басқаның шөлін қандырып, сусындандыру үшін ұстап тұрғандай сезінесің. Байлықты қайсы бір мұқтаж адамның қажетін орындау үшін жаратасын. Оны бергенде жүрегің қынжылмайды, жаның рахат табады.

Қандай жүрек бұл дәрежеге жеткен болса, оны Алла аман алып қалған деп білгейсің. Жүрек жомарттық пен сараңдыққа және басқа да мінездер де дүниемен ғана әуре болып қалмауы өте маңызды. Нәпсі мал-дүниенің ықпалынан шықса ғана аман сақтанады. Ұтымды нәпсі, Алла берген нығметтерге дән риза және көңілдері тоқ пайғамбарлар, шыншылдар, шаһидтер, салихтар мен олардың артынан көркем мінездерімен ерген пенделердің қатарына кірген халде Алланың құзырына оралады.

Негізінде шынайы орта деңгейді табу, қиын шаруа. Кім бұл дүниеде қылдан жіңішке, қылыштан өткір түзу жолды тапса, ақыретте де оған сондай жол нәсіп болуы мүмкін.

Кейбір кезде пенде орта жолды жоғалтып, не онда, не мұнда жоқ болады. Нәтижеде жүрегі көңілі қалаған тарапта (құмардың соңынан еріп) қалып қояды. Сондықтан да мұндай жүрек Алланың азабына ұшырайды:

«Сосын әрине олардан тозаққа лайық болғанын жақсы білеміз. Сендерден тозаққа келмейтін (айналып өтпейтін) ешкім болмайды. (Бұл) Раббыңа тұжырымды, міндетті бір үкім. Соныра тақуа болғандарды құтқарамыз да залымдарды тозақта жүгіндіріп қоямыз»(Мариям: 70-72).

Олардың ішінде тура жолға жақындары көптеу. Тура жолға түсу қиын болғандықтан, әрбір пенде күніне он жеті мәрте **«иһдинас-сиратоль мустақим»**– Бізді тура жолға сала гөр деп сұрау, әр ракағатта **«Фатиха»** сүресін оқу парыз болды.

Ертеде өткен әзиздердің бірі түсінде пайғамбарды (с.ғ.с.) көреді де, оған: **«Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.)!**: **«Һуд»** сүресі сақалымды ағартты –

деп айтқан едіңіз. Мұның сыры не?» – деп сұрайды. Алланың елшісі (с.ғ.с.):

«Алла тағаланың: (Мұхаммед (с.ғ.с.)) бұйырылғанындай тура бол!»(Һуд: 112) **деген сөзі еді»,** – деп жауап беріпті деген хабар бар.

Расында тура жолмен жүру өте қиын, бірақ адам тура жолдың шыңына жетуге құдіреті жетпесе де, мүмкіндігінше соған жақындауға күш салуы тиіс. Жеңіске тек ізгі амалмен жетеді. Ізгі амал, көркем мінездерден туады. Әрбір адам өзінің сипаты мен мінез тексеріп, есеп алсын. Оларды ретімен емдеуге кіріссін. Ұлы Алла барлығымызды тақуалардың қатарынан қылғай!

НӘПСІНІҢ КЕМШІЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Алла тағала бір пендесіне жақсылықты сыйламақ болса, оған нәпсінің кемшіліктерін көрсетіп қояды. Кімнің көзі шынайы ашық болса, кемшіліктері оны қорқыта алмайды. Себебі айыбын білген адам, олардан емделу жолын іздейді. Алайда, адамдардың көбі өздерінің бойындағы айыпты көрмейді. Олар басқаның көзіндегі титтей қикымды көріп, өзінің алдындағы бөренені көре алмайды.

Кім өз нәпсісінің кемшіліктерін білгісі келсе, мұның төрт жолы бар:

Біріншісі: нәпсінің кемшіліктерінен хабардар, оның жасырын апаттарын танитын ғалымның құзырында болу. Мұнда мүрид шейхке қарап, нәпсісін тәрбиелейді, нәпсімен күресте оның айтқандарын орындайды. Бұл шейх пен мүридтің және ұстаз бен шәкірттің арасындағы қатынас. Себебі шейх мүридтің, ал ұстаз шәкірттің нәпсісіндегі кемшіліктерін және оларды емдеу жолын жақсы біледі.

Екіншісі: адал және шыншыл, зерек әрі діндар дос табуы қажет. Бұл дос оның нәпсісінің үстінен күзетуші қызметін атқарады. Сол кезде ол осы досының айтқан насихаты мен ескертулеріне қарап, өзінің сыртқы және ішкі кемшіліктерін біледі. Ұлы адамдар осылай жасаған.

Омар ибн Хаттаб (Алла оған разы болсын): *«Кемшіліктерімді айтып, маған һадия қылған (тарту жасаған) адамға, Алла рахымын жаудырсын!»*, – деген.

Салман Фарси болса (Алла оған разы болсын) өзінің кемшіліктерін басқалардан сұрап тұрған. Бірде оның құзырына бір адам келеді. Салман Фарси одан: *«Мен жайында қандай жаман сөздер естідің?»* – деп сұрайды. Ол кісі ешнәрсе білмеген сыңай танытады бірақ, Салман Фарси оны айтқызбай қоймайды.

Айтпасқа шарасы қалмаған ол: «Дастарханыңызда ылғи екі идам (нанға жағып жейтін азық) тұрады. Күндіз және түнде ауыстырып киетін екі түрлі киіміңіз бар екен деп есіттім», – дейді.

Салман Фарси: «Бұдан басқа да кемшіліктерім бар ма екен?» – деп сұрайды. Әлгі адам: «Жоқ», – деді. Салман Фарси: «Осы екеуі де жетерлік», – дейді.

Сол сияқты Салман Фарси Хузайфадан (Алла ол екеуіне разы болсын): «Сен Алла елшісінің (с.ғ.с.) мұнафықтар (екіжүзділер) жайында айтқан сыр сандығысың. Айтшы, менде де соның алапаттары бар ма?» – деп сұрайды екен.

Қараңыз сондай жоғары дәрежедегі сахабалардың өздері осылай сұрап, нәпсілерінен есеп алып отырған. Олар ақыл жағынан қаншалық кемел, мансап жағынан қаншалық биік болса, соншалық өздерін кішірейтіп, нәпсілерінен айып іздеген.

Бүгіндегі достар қандай? Жағымпаздықты тастап, кемшілікті айтады ма? Әлде көреалмаушылықтың арқасында айып саналмайтын нәрселерді кемшілік етіп көрсетеді ме?

Осы себепті Дәуд әт-Тай адамдардан оқшауланып кеткен. Одан:

«Неге адамдардан оқшауланып өмір сүресің?» – деп сұраған кезде, ол: «Кемшіліктерімді менен жасыратын қауыммен қалай тұрамын», – деген екен.

Демек, бізден бұрынғы ұлықтарымыз өздеріне ескерту үшін өз айыптарына көңіл бөлу жолын ұстанған. Біз болсақ не істейміз? Кемшіліктерімізді жүзімізге айтқан адам, дұшпанымызға айналады, оған айырықша кек сақтаймыз. Мұның барлығы иманның әлсіздігі.

Жаман мінез-ұлы жылан мен шаянға ұқсайды. Егер біреу шапанымызға жабысқан шаянды көріп: «Ішіңе шаян кіріп жатыр», – деп айтса. Біз оның ескерткеніне қуанып, шаянды үстімізден түсіріп, дереу өлтіруге тырысамыз. Шаянның уы бір немесе бірнеше күнге созылар. Ал енді жаман мінездің жүрекке тигізетін кесірі бұдан анағұрлым қауіптірек. Өйткені оның кесірі өлімнен кейін де жалғасады.

Алайда, біз кемшілігімізді ескерткен адамға қуанбаймыз және ол мінезден құтылуға да асықпаймыз. Керісінше насихат айтқан адамға: «Өзің де мынадай әрекеттерді жасайсың ғой» – деп оның кеңесін пайдаланудың орнына, араға дұшпандық саламыз. Бұл жүректің қатайғандығын білдіреді. Қатайып қеткен жүректе тек күнәлар ғана «көгереді», күнәлар ғана «жеміс береді».

Негізінде барлығының себебі, иманның әлсіздігіне барып саяды. Алла бізді кемшілігін мойындайтын және оның емімен шұғылданатын пенделерден жазсын! Біздің кемшіліктеріміз, бізді һидаят жолына үндесін. Мейірімі мен артықшылығының арқасында біздің кемшіліктерімізді айтқан адамның алғысын орындауымызға қуат берсін!

Үшіншісі: нәпсінің кемшіліктері дұшпанның тілі арқылы белгілі болады. Дұшпанның ауызынан шыққан жаман сөздер, сенің бойыңдағы теріс мінез бен жаман әрекеттерді айтып жатса не ғажап?! Бәлкім сен үшін кемшіліктеріңді жасырып, мақтау мен алғыс сөздеріне көмген жағымпаз достан, әр сөзі ашуға толған дұшпан пайдалырақ шығар. Сенің табиғатың оны (дұшпанды) өтірікші, көре алмаушы деп айыптауға бейім тұрса да, көзі ашық, көкірегі ояу адам тіпті, дұшпанның сөзінде де пайданың бар екенін көре біледі.

Төртіншісі: адамдармен араласу, яғни халықтың арасында болу. Адам басқалардың арасында жүріп, олардың бірінен жаман іс-әрекетті көрсе, оны өзінің бойынан да іздесін. Мұндай әрекет менде де бар деп ойласын. Себебі, мүмин мүминнің айнасы. Басқаның айыбын көріп, өзінің кемшілігін таниды және құмарлыққа берілген нәпсі бір-біріне ұқсайтынын біледі. Бір-бірімен тең нәрселер, ешқашан негізі (асылы) жағынан екі түрлі болмайды.

Ендеше, нәпсінді тергеуді әдетке айналдыр. Жаман деп танылған мінездерден оны тазала, ескертулер арқылы оны жамандықтан қайтар. Егер адамдар басқалардың жаман деп айтқан нәрселерінің барлығын тәрік қылар болса, ескерту айтатын адамға қажеттік тумас еді.

Бір күні адамдар Иса пайғамбардан: «Саған әдептілікті үйреткен кім?» – деп сұрапты. Сонда Иса: «Маған әдепті ешкім бермеді бәлкім, наданның ақымақтығы оның шәрменде болуына себеп екенін көріп, сол нәрседен алшақтадым», – дейді.

Мұның барлығы – тақуалар, зерек, нәпсінің кемшіліктерін танитын, көретін және естіп оны емдей алатын, Алла тағала пенделердің тәрбиесімен шұғылдандырып қойған, оларға насихат айтатын шейхты таба алмаған адамның қолданатын айлалары. Кім мұндай шейхті тапса, шынайы дәрігерді тапқаны, оның етегінен мықтап ұстасын. Ол дәрігер оның сол дерттерінен айығуына, мәңгілік азаптан құтылуына себеп болады. Негізінде дәрігердің міндеті де – осы.

ЖҮРЕК ДЕРТІНІҢ КӨЗІ – ҚҰМАРҒА БЕРІЛУ

(Бұл дерттен емделу жолдары және құмарды тәрік қылу үшін шариятпен білім иелерінің дәлелдері туралы)

Егер жоғарыда айтылған нәрселер хаққында кеңірек ойлап, оларға тиісті көңіл бөліп талдар болсаң, онда құпия көзің ашылады. Жүректің сырқаттары мен дерттері және оларды емдеу жолдары ғылым мен анық нұр арқылы анықталады. Егер бұған шамаң келмесе, онда иман мен оны растау жолында тақуалардың артынан жүріп, уақытыңды босқа өлтірме.

Ғылымның дәрежелері болғаны сияқты, иманын да мәртебелері бар. Ғылым иманнан кейін тұрады. Алла тағала:

«Алла сендерден сондай иман келтіргендердің, ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді. Істегендеріңді толық біледі», – деп айтқан (Мужадалә: 11).

Кім құмарға қарсы тұруды, Алла тағалаға еру жолы екенін растаса, ол адам бұл растаудың себебі мен сырынан бейхабар болса да мұминдердің тобынан саналмақ. Егер құмарлықты арттыратын және ол сезімнің күшеюіне жәрдем беретін себептерден аман болса, ол адам ілім берілгендердің қатарынан болғаны. Алла тағала екі жағдайда да жақсы марапатты уәде етеді:

«Ал енді кім Раббының алдына тұрудан қорқып, нәпсісін қалаған нәрседен тежеген болса, негізінде оның барар жері жұмақ» (Назиғат 40-41).

«Алла жүректерін тақуалық үшін сынағандар. Оларға жарылқау әрі зор сыйлық бар»(Хужрат:3).

Сондай-ақ құмарлық махаббаты, адамның ділден тақуалықты суырып алады – деген сөз бар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Мүмин бес апаттың ішінде тұрады: біріншісі, мұминді мұмин қызғанады; екіншісі, мунафық (екі жүзді адам) мұминді жек көреді; үшіншісі, имансыз адам мұминге қарсы соғысады; төртіншісі, шайтан мұминді тура жолдан адастырады; бесіншісі, нәпсі мұминмен қарсы күреседі»,** – деп айтқан (Әбу Бәкір ибн Ләл, әлсіз тізбекпен келген).

Алла тағала Дәуіт пайғамбарға: «Ей, Дәуіт! Қауымыңды құмарлықтан, құл болудан азат ет. Себебі дүние құмарлығына белшесінен батқан жүрек менен алыстайды», – деп уахи қылған», – деген хабар бар.

Иса пайғамбар: «Көз көрмеген, ғайыпта уәде қылынған нәрсе үшін сондай иман келтіріп, құмарлықты тәрік қылған адам – неткен керемет жан!», – деген.

Алланың елшісі (с.ғ.с.) ұрыстан қайтып келе жатқан әскерге: **«Кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қош келдіңдер!»**, – деп айтады. Сонда сахабалар: **«Уа, Алланың елшісі (с.ғ.с.)! Үлкен ұрыс дегеніміз қайсы?»**– деп сұрайды. Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Нәпсімен күресу»**, – деп жауап береді (Әл-Баиһақи).

Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Ұлық және құдіретті Алла тағалаға итағат жолында нәпсіге қарсы күрескен адам мужаһид»**, – деген (Термизи).

Суфиян әс-Саури: «Өзіме нәпсіден асқан дұшпанды көрмедім», – деген.

Әбу Аббас Мусылий нәпсіге қатысты: «Әй нәпсі! Нығметке белінен батқан байлармен бірге болып не дүниеге тоймайсың, не ақырет үшін тақуалармен құлшылық қылмайсың? Мен сенімен бірге жаннат пен

тозақ арасында тұрған тұтқын сияқтымын. Ей, нәпсі! Ұялмайсың ба?» – деп айтқан.

Әл-Хасан нәпсінің күштілігін суреттеп: «Нәпсіге тағылатын жүгенді, асау ат та қажет етпейді», – деген.

Яхия ибн Муғаз әр-Рази: «Нәпсіге қарсы жаттығу қылышымен күрес. Жаттығу төрт нәрсе арқылы іске асады: аз тағам, аз ұйқы және аз сөйлеу мен қиындықтарға сабыр ету. Тағамды аз жеу – құмарлықты өлтіреді; аз ұйқы – шексіз қалауды басады; аз сөйлеу – сау-саламаттыққа апарады, қиындықтарға төзу-мақсаттарға жеткізеді. Пенде үшін қиындыққа төзгеннен және жапа шеккенде мейірімді болғаннан артық нәрсе жоқ», – дейді.

Ғалым әрі қарай сөзін жалғастырып: «Егер нәпсінде дүние құмарлығына құштарлық, күнә істерге жақындық болып және көп сөйлегенде шырын дәмін сезетін болсаң, онда тамақты аз жеу қылышын, таһажуд (түнгі намаз) бен аз ұйықтау қынабынан суыр. Кейін бейқамдылық пен аз сөйлеу қолдарындағы бұл қылышты алып, зұлым мен кекшілдіктің мойынын үзу үшін дүниеге жақын және күнә істерге қалау тудыратын құмарлықтың басын шап. Сонда барып нәпсің дүние құштарлығы мен құмарлықтарынан аман болады. Нәпсі құмарлық зұлматтарынан тазарады, оның зардаптарынан құтылады. Нәтижеде ол таза әрі жарық, жеңіл және рухани нәпсіге айналады. Жазыққа шыққан шабандоз сияқты ізгі істерге, итағат жолдарына ұмтылады және бау-бақшада серуендеген періштеге ұқсайды.

Адамның үш дұшпаны бар: дүние, шайтан және нәпсі. Тақуалықпен дүниеден сақтанады; тақуалықпен шайтанға қарсы тұру арқылы қорғанады. Тақуалықпен құмарлықтарды тәрік ету арқылы нәпсіден сақ тұрады», – деп айтқан.

Данышпандардан бірі: «Кім өзін нәпсіге тапсырса, дүниеге тұтқындалады, қалау мен еріктің тұзағына тап болады, құмарлық оны қалаған тарапына тартады, жүрекке ізгілікті жат қылады», – деп айтқан.

Жағфар ибн Хамид: «Ғалымдар мен данагөйлер: нығметтерге нығметтерден бас тарту арқылы жетеді», – деген пікірге келіскен дейді.

Әбу Яхиа Уаррак: «Кім ағзаларын құмарлықпен тойдырса, онда жүрегіне өкініш дәнегін еккенін білсін», – деген.

Уаһиб ибн Уард болса: «Нан бола тұрып, басқа (қосымша) азықты қалау, құмарлыққа жатады. Кім дүние құмарлығын сүйсе, осы бастан қорлыққа (тозақ азабына) үйрене берсін», – деп айтқан.

Жүсіп пайғамбар жер қазыналарына ие болғанан кейін, артынан атқа мінген он екі мыңға жуық дәулетті нөкерлерін ертіп, салтанатты шеруге шығады.

Жүсіптің алдынан бір әзиз әйел шығып: «Патшаларды құмардың құлы қылған. Ал құлдарды Өзіне тағат қылғандары үшін патша мәртебесіне көтерген Алла пәк! Расында қалау мен құмарлық

патшаларды құлға айналдырды. Бұл – бұзықтардың жазасы. Сабырлық пен тақуалық құлдарды патша қылды. Бұл – тақуалардың марапаты», – деп айтады. Жүсіп патша:

«Шын мәнінде кім Алладан сақынса, сабыр етсе, күдіксіз Алла жақсылық істеушілердің еңбегін зая қылмайды»(Жүсіп : 90) – дейді.

Жунайд нәпсі хаққында: «Түнде көзім ілінбеген соң, орнымнан тұрып гүлімді иіскедім. Бірақ бұрын соңды болған қош иісті сезбедім. Қайтып орныма келдім, ұйқым қашып кетті. Орнымда отырдым, мазам қашты. Сөйтіп сыртқа шықтым. Жолдың үстінде ескі киімге оранған бір адам отыр екен.

Мені байқаған ол:

– Ей, Әбу Қасим! Сені бір сағатқа болады ма? – деді.

Мен оған:

– Құрметтім, маған алдын-ала ескертпей, уақытымды аласың ба? – дедім.

Ол:

– Иә, мен Алладан сені мазалап, маған алып келуін мінажат қылған едім – деді. Мен:

– Олай болса, сенің сұрағаның болды. Мен сенің алдыңа келіп тұрмын. Менен не қалағаның бар? – деп сұрадым. Ол:

– Нәпсінің дерті, қашан өзіне шипа болады? – деді. Мен:

– Нәпсінің қалауына қарсы күрескенде, оның дерті өзіне шипа болады – дедім. Әлгі адам өз нәпсісіне қарап:

– Ей, нәпсім есті! Мен саған осымен жетінші мәрте жауап бердім. Сен тек Жунайдтен естігің келетінін айтқансың – деді де, бұрылып жоқ болды. Мен ол адамды танымадым», – деген хабарды айтады.

Бір адам Омар ибн Абдулазизге (Алла оны рахым етсін):

«Қашан сөйлегенім дұрыс?», – деп сұрайды. Омар ибн Абдулазиз: «Үнсіз тұрғың келгенде», – деп кеңес береді. Әлгі адам: «Қашан үнсіз болғаным жөн?» – деп сұрайды. Омар ибн Абдулазиз: «Сөйлегің келген кезде», – дейді.

Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын): **«Жаннатқа ынтызар адам, бұл дүниеде құмарды ұмытады»**, – деп айтқан.

Ғұламалар: «Ақырет бақытына жету үшін құмарға қарсы күресу керек және нәпсінің тәкәппарлығын тежеу қажет. Бұған иман келтіру уәжіп», – деген пікірді айтады.

Жаттығудың пайдасымен сыры, нәпсі қабірдің сыртында қолданылатын нәрселердің ішінен қажетті шамасы ғана пайдаланып, шектеуден ғибрат. Бұларға ішіп-жеу, неке құру, киім кию, тұратын мекен, сияқты тіршілік жасауға зәру шамада ғана қажетті заттар жатады. Себебі бұл қажеттіліктердің бірімен артық ләззаттауы пайда болса, онда нәпсі ол рахатты өзіне дос тұтып, одан ажырамай қалған.

Адам өлгеннен соң осы ләззат үшін бұл дүниеге қайта оралуды армандайды. Сондықтан да ақыретте өлім деген болмайды.

Алланы тануды, жақсы көруді және осы жолда ой жүгірту мен машғұл болған жүрек өлімнен кейін дүниеге қайтып келу қалауынан аман болады. Мұндай күшті Алла қана береді. Бұл ақиқатты түсінуде адамдар төрт түрге бөлінеді.

Біріншісі, шыншылдар. Шыншыл адамның жүрегі Алланың зікірімен әлек болып, дүниеде тіршілік үшін ғана қажетті нәрселерді пайдаланады. Мұндай дәрежеге үздіксіз жаттығу мен ұзақ сабырлықтың арқасында қол жеткізіледі.

Екіншісі, жоқ болатындар. Бұл топтағы адамдардың жүрегі дүниеге берілген. Олардың «Алла» дейтін тек тілдері ғана.

Үшінші топтағы адам дүниемен және ақыретпен де машғұл. Бірақ оның жүрегі дінге бір табан жақын. Бұл адам тозаққа түседі, алайда жүрегінде Алла зікір қаншалықты тұрақталғанына байланысты, оттан да сонша тез құтылады.

Төртіншісі, дін ісімен әлек бірақ, жүрегінде дүниеге деген қамы басымырақ адам. Сондықтан ол тозақта да ұзақтау тұрақтайды. Алла оның жүрегіндегі дүние махаббаты ақырет зікірінен басымырақ болғанымен, түбінде оны от азабынан құтқарады.

Ей, Алла! Бізді мұндай шәрменделерден алшақ қылғай! Сен Өз қамқорлығына алушысың!

Мубах пен (орындау және орындамау адамның ыхтиярындағы амал) рахаттану – мубах деп айтады. Олайболса қалайша мубах амалы Алладан ұзақтауға себеп болдады? – деген сұрақ туындаса, оған мынадай жауап бар:

Дүниені жақсы көру, барлық қатенін басы және әрбір ізгі амалдың күйіп кетуіне негізгі себеп. Қажеттіліктен тыс болған мубах амалы, негізінде дүние махаббатынан шығады.

Ибраһим әл Хауас «Дүниені қаралау» кітабында: «Бір күні Лукан тауына шықтым. Ол жерде анарды көріп тәбетім ашылды. Біреуін алып жардым, сөйтсем әлі көк екен. Оны тастадым. Жақындау жерде аш және киімі өте жұпыны, үстіне ара үймелеген бір адамға көзім түсті.

Оған:

– Ассаламуғалейкум – дедім. Ол да:

– Уағалейкум ас-салам ей, Ибраһим! – деп жауап берді.

Одан:

– Мені қайдан танысың? – деп сұрадым. Ол:

– Ұлық және Құдіретті Алланы таныған адамға еш нәрседен қауіп жоқ – деді.

Мен:

– Сенің ұлық және Құдіретті Алламен бір байланысың бар екенін көріп тұрмын. Сені мына аралардан қорғасын деп Алладан неге сұрамайсың? – дедім. Ол:

– Мен де сенің Алла тағаламен байланысың бар екенін көріп тұрмын. Өзің неге Алла тағаладан анарға деген тәбетіңді тежеуін сұрамадың? Анардың саған тигізер зардабы, араның шаққанынан аса қатты! Араның шаққан ауруы бұл дүние де қалады, ал анардың шаққаны (тигізер зардабы) ақыретке дейін жалғасады – деді»,– деген әңгімені келтіреді.

Сирий: «Қырық жылдан бері нәпсім нанды әселге батырып жеуімді талап қылады, бірақ мен әлі оның талабын орындамадым», – дейді.

Демек, нәпсі мубах істерден тиылмайынша ақырет жолында жүректі түзеу қиынға соғады. Себебі нәпсіні кейбір мубах істерден тиып тұрмаса, онда ол тиым салынған істерге дәмелене бастайды.

Тілін ғайбат және артық сөздерден тиюді қалаған адамның ақысы – үнсіздік. Әлбетте Алланы зікір қылу, Алламен байланыс және сұхбаттар бұдан тыс. Өйткені сұхбат иелері тек ақиқатты айтады немесе сөйлемей үнсіз тұрады. Олардың үнсіз болуы да, сөйлеуі де құлшылық саналады. Көзді тек сұлу нәрселерге қаратып әдеттендіру арқылы, оны халал емес нәрселерге қараудан тию мүмкін емес. Басқа құмарлар да соған ұқсайды. Халады қалаған ағзаның, дәл өзі харамды да қалауы ықтимал. Құмар мен қалау, бір қасиет.

Пенденің міндеті, құмарды харамнан тию. Кім құмарын қажеттілік шеңберінен аспауға үйретпесе, құмарлық одан басым түседі. Бұл мубах (рұқсат қылынған деп кез келген амалды орындай беру) апаттарының бірі бола тұрып, оның артынан одан да зор қасіреттер еріп келеді. Бұл қасіреттердің бірі, нәпсі дүниеден ләззат алып, дүниеге арқа сүйеп, шаттанып, тәкаппар болары сонша тіпті ондай адам қызулығы тарқамаған масқа ұқсап кетеді.

Мал-дүние қуанышыны қатерлі у саналады. Ол адамның бойына тамырмен тарқайды. Ондай “қуанышпен” уланған жүректе Алладан қорқу, ақырет уайымы, өлім қайғысы, қияметтің масқара көріністері тәрік қылады. Бұл жүрек өлімінің дәлелі. Алла тағала олар хаққында:

«Расында сондай бізге жолығуларың үміт етпегендер және дүние тіршілігіне мәз болып сонымен көңілдері жай тапқандар, міне солар, аяттарымыздан хабарсыз (Жүніс: 7).

«Алла қалаған пендесінің несібесін кеңітіп, тарылтады. Олар дүние тіршілігіне мәз болады. Негізінде дүние тіршілігі ақыреттің жанында тек қана бір күн көріс»(Рағд: 26).

«Біліңдер! Шын мәнінде дүние тіршілігі бір ойын, ермек, сән және өзара мақтанысу, сондай-ақ малдарды, балаларды көбейту ғана»(Хадид: 20).

Жоғарыдағы аят мағыналарының барлығы ескерту, дүниені сөгу. Алланың Өзі бізді дүние құмарлықтарына берілуден аман сақтасын деп сұраймыз!

Тәрбие көрген жүрек иелері қуаныш пен шаттық жағдайларында жүректерін дүниемен алдандыру арқылы сынайды. Нәтижеде жүректерінің қатайып, Алла пен ақыреттен алшақтап кеткендерін байқайды. Қайғы-қасірет халінде жүректерінің жұмсақ, мүләйім, таза және зікірге жақын тұратынын көреді. Сонда олар: шынайы құтылу үнемі қуаныш-шаттықта емес, бәлкім қайғы мен шаттық себептерінен алыстауда екенін түсінеді.

Сондықтан, олар жүректерін дүние ләззатын тиюға және халал немесе харам болса да дүние құмарлықтарынан сақтануға, сабырлы болуға үйретеді. Олар дүние ләззаттарының халалы үшін есеп, харамы үшін азап, күмәнді нәрселері үшін жазаның бар екенін біледі.

Кім қиямет майданында есепке тартылса, әрине азапқа алынады. Құмарға деген тұтқындық құлдығынан босап, Алланың зікірін жүрегіне дос тұтқандар әрі Алланы бойсынғандар болса жанын азаптан құтқарады және дүние мен ақыретте үздіксіз бостандық пен мүлікке жетеді.

Жабайы жыртқыш лашын қолға қалай үйретілсе, құмарлық та дәл сол әдіспен тәрбиеленеді. Әуелі лашын қараңғы үйге қамалады. Ұшып жүрген құстарға найзағайдай шабуыл жасау қалауы басылғанға дейін көздерін жауып қояды. Осы кейіпте лашын өзінің жабайы табиғатын ұмытып, ет беретін қолға үйрене бастайды. Иесінің дауысын танитын болады, шақырса келеді.

Сол сияқты нәпсі де оқшаулануы арқылы өзінің жабайы әдеттерінен босамайынша, Раббысын танымайды, жаратушы иесімен дос болмайды. Ол үшін әуелі нәпсіні, құлақ пен көзді ғайбат сөзден, көз зинасы сияқты жаман әдеттерден сақтау لازم. Кейін нәпсі оқшаулана отырып, ағзаларын зікір мен дұғалар арқылы машғұл қылады. Ақырын олардың дүниежәне басқа құмарлықтарға жақындығын сөндіреді, оның орнына Алланың зікіріне деген махаббат иеленеді.

Бастапқыда бұл жағдай мүридке ауыр тиеді, кейін одан ләззат алады. Анасының емшегінен шығарылған бала сияқты. Әуелі де бала көкірекке талпынады, сүттен айырылғысы келмей қарсыласады. Сүттің орнына берілген тамаққа мұрнын шүйіреді. Бірақ, бұл қылық оны шаршатады, аштық одан басым түседі, берілген тағамды мәжбүр ішеді. Уақыт өте тамақ жеу оның табиғатына айналады. Мұнан соң балаға көкірек берілсе ембейді, одан бас тартады, сүттен шығып, тамаққа әуесі кетіп тұрады.

Мінілетін жануар да бастапқыда ер мен ноқтадан қашады. Оны байлап бас білдіреді, өзінің жабдықтарына үйретіледі. Үйренген соң ол адамның қасында ноқта және арқансыз тұра береді.

Нәпсі де құс пен жануар сияқты тәрбиеленеді. Нәпсі тәрбиесі, дүние нығметіне, жалпы өлімнің келуімен жоқ болып кететін кез келген нәрсеге назар салу, оны дос тұту, оған қуану сияқты себептерден сақтану арқылы іске асады.

Егер кімге: «Күні жетіп, ажырап қалатын нәрсеге махаббат қойыпсың», – деп айтылса және өзінің күмәнсіз бір күні айырылып қалатын нәрсеге махаббат қойып жүргенін түсінсе, онда әрине сол кезде оның жүрегі уақытша емес, өзінен мәңгі айырылмайтын нәрсені сүюмен машғұл болады. Бұл – Алла тағаланың зікірі. Себебі зікір қабірде де иесіне дос, одан ажырамайды.

Бұлардың барлығына аз ғана сабырлық қажет. Өйткені бұл дүниені ақырет өмірімен салыстырсаң, оның аз екенін көресің. Расында ақыл иесі жыл бойына немесе ғұмыр бойы нан тауып жиятын өмірлік кәсібін үйренуге бір ай немесе көптеген айлар машақатқа шыдайды. Ал енді адамның бүкіл ғұмырын мәңгілікпен салыстырсақ, онда бір айдан аз уақыт. Олай болса, сабырлық пен иждиһат қажет.

Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын): «Таң атады, ұйқысы қанады. Адамдар түнімен жол жүргендеріне қуанады», – деген сияқты. (Ертеңгі рахат үшін бүгінгі машақат қажет). Жағдайға орай әрбір адамның жігерлігі мен ыждаһаттылығы және жаттығу жолы әртүрлі болады. Бастысы дүниеге қуану сенімінен арылу. Адам мал-дүниесіне, мансап-қызметіне қуанады. Басқалар менің насихатымды тыңдайды, менің шешімім мен бұйрықтарым жарияланып жатыр, көпшілік маған еріп келеді деп өз билігіне қуанады. Сол үшін әуелі осы қуанышты оятып жатқан нәрсені тәрік қылу керек.

Егер оған: мұндай қуаныштардан қайт, олардан бас тартсаң, бәрібір ақыреттегі сауабың кеміп қалмайды деп айтар болсаң, ол мұны ауырсынады. Демек, ол адам дүние өміріне мәз аса риза. Бұл өте қатерлі.

Кімде-кім дүние шаттығын тудыратын себептерден бас тартуға күдіретті болса, адамдардан оқшауланады, нәпсімен жалғыз қалады. Алла тағаладан өзгенің зікірі және пікірімен машғұл болмауы үшін және құмар мен шайтан азғыруы басын көтеріп қалмасы үшін жүрегін үнемі күзетіп, сақтық жасайды. Өйткені әрбір азғырудың себебі бар. Дәл осы себеппен байланыс толық үзілмейінше азғыру жоғалмайды. Сондықтан да өмір бойы оған қарсы күресу қажет, ал күрес дегеніміз адам өлгенше тоқтамайды.

КӨРКЕМ МІНЕЗДІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Біліп қой! Адам өз нәпсісінің кемшіліктерінен бейхабар. Егер ол нәпсісіне қарсы аз ғана күш салса, көптеген күнәлардан құтылады, бірақ

адам сол сәтте: «Нәпсім тәрбиеленді, мінезім көркемделді. Енді нәпсіме қарсы күресудің қажеті жоқ» – деген қиялдың етегінде кетеді.

Негізінде «көркем мінез» деген не және оның қандай белгілері бар? деп айтылған мәселе хақында ой жүгірткеніміз жөн болар.

Көркем мінез – иман, жаман мінез – екіжүзділік. Алла тағала Құранда мүминдер мен мұнафықтардың сипатын баяндайды. Бұл сипаттар жақсы және жаман мінез жемістері:

«Олар бос нәрселерден аулақ болады. Олар зекеттерін береді. Олар ұятты жерлерін сақтайды бірақ, жұбайлары немесе меншіктілері болса, оларға сөгіс жоқ. Онда кім бұлардан басқаны іздесе, міне солар шектен шығушылар. Олар аманаттарын, уәделерін қорғаушы. Олар намаздарына ұқыпты. Міне солар, мұрагерлер»(Мүминун: 2-10).

«(Ей, Мұхаммед (с.ғ.с.))! тәубе етушілер, құлшылық қылушылар, мақтаушылар, ораза ұстаушылар, руқұғ қылушылар, сәжде етушілер, жақсылыққа бұйырушылар, жамандықтан тыюшылар және Алланың шектерін қорғаушылар осы мүминдерді сүйіншіле»(Тәубе: 112).

«Рахманның құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білместер тіл тигізсе де «Сәлеметшілік» деп дұрыс жауап береді»(Фурқан: 63).

«Сөзсіз мүминдер Алла еске алынса, жүректері қобалжиды да оларға Алланың аяттары оқылса, сенімдері артып, Раббыларына тәуекел қылады. Сондай-ақ олар, намазды толық орындап, оларға берген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. Міне солар шынайы мүминдер. Олар үшін Раббыларының қасында да дәрежелер және жарылқау әрі көркем несібе бар»(Әнфәл: 2-4).

Аяттарда баяндалған сипаттарды бойыңнан ізде. Егер табылса, онда сен көркем мінез иесісің, Кімде бұл сипаттардан мақұрым болса, онда оның мінезі жаман болғаны. Егер осы қасиеттердің бірлі жарымы сенде болса, оның қалғандарын да иеленуге әрекет ет.

Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Аллаға және ақырет күніне иман келтірген адам, қонағын құрметтесін»**(Бұхари, Мүслим).

«Мүмин жақсы көрген нәрсесін, бауыры үшін де жақсы көреді», – деп айтқан. (Анас)

Сол сияқты пайғамбар (с.ғ.с.): **«Аллаға және ақырет күнінен иман келтірген адам, көршісін құрметтесін»**(Бұхари, Мүслим).

«Кім Аллаға және ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз сөйлесін немесе үнсіз тұрсын», – деген. (Бұхари, Мүслим)

Алланың елшісі (с.ғ.с.) мүминдердің сипаты көркем мінез екенін байқатып: **«Мүминнің иманы неғұрлым кемел болса, соғұрлым оның мінезі көркем болмақ»**және **«Егер аз сөзді және байсалды мүминді**

көрсеңдер, оған жақындаңдар. Себебі ол даналық тарқатады», – деп айтқан (Ибн Мәжаһ).

Келесі хадисде: *«Кім жақсы амалына қуанып, жаман амалынан қорықса, сол – мұмин»,* – деген (Ахмад, Табарани).

Кейін: *«Бауырына азар беретін назармен ишарат қылу мұминге харам»,* – деп айтқан (Ибн Мубарак. Әлсіз тізбекпен келген).

Пенде осы айтылған сипаттардың барлығына емес, кейбіріне ие болған күнде де бұл қасиеттер көркем мінездің белгілеріне жатады. Сөйтіп кейбіреулер көркем мінездің белгілерін топтап, көркем мінезге: ұяты басым, зияны кем, амалы көп, сөзі аз, игілікке жақын, ұстамды, шүкірге мол, қанағатшыл, жұмсақ, ұяң, мейірімді, байсалды, лағыне айтпайтын, былапыт сөз сөйлемейтін, мазақ қылмайтын, арызқой емес, ғайбаттамайтын, салмақты, кекшіл емес, сараң және іші тар емес. Ашық жүзді, күлімсіреп тұратын. Алланың жолында жақсы көретін, Алла үшін разы болатын, Алла үшін ашуланатын, Алла үшін жек көретін қасиеттер жатады деген.

Алланың елшісінен (с.ғ.с.) мұнафықтың белгілері жайында сұралған кезде Ол (с.ғ.с.): *«Мұминнің уайымы намаз, ораза және құлшылықта болса мұнафықтың уайымы, төрт аяқты жануар сияқты ішіп-жеудің қамында болады»,* – деп жауап береді. (Тізбегі жоқ хадис)

Хатим әл-Асам: *«Мұмин ой-жүгірту және құлшылықпен әлек, мұнафық Алладан басқасының барлығымен әлек. Мұмин Алладан үміт етеді, мұнафық Алладан басқа нәрсенің барлығынан үміт етеді. Мұмин малын беріп, дінін қалдырады. Мұнафық дінін сатып, малын қалдырады. Мұмин жақсылық қылады, сөйте тұрып жылайды. Мұнафық жамандық жасайды, сонысына мәз болады. Мұмин оқшауланғанды және жалғыз қалып (Алланы зікір қылған-ды) жақсы көреді. Мұнафық у-шуды және жиындарды жақсы көреді. Мұмин жақсылықты егеді, бұзықшылықтан қорқады. Мұнафық егінді жұлады, дайынды алғанды жақсы көреді. Мұмин қарым-қатынастың жақсаруы үшін жақсылыққа бұйырады, жамандықтан қайтарады, түзетеді. Мұнафықбасшылықты қолға алуы үшін әмір қылады, қайтарады бірақ, жағдайды ушықтырады, қиратады»,* – деген екен.

Көркем мінез қорлықтарға сабыр қылуы мен қиындықтарды көтере білуі арқылы сыналады. Кім басқа біреудің жаман мінезіне арызданса, бұл өз мінезінің жаман болғанына дәлел. Расында көркем мінез деген қиындықтар мен машақатқа төзу.

Анас ибн Мәликтен (Алла оған разы болсын): *«Бірде Алланың елшісі (с.ғ.с.) мен Анас ибн Мәлик (Алла оған разы болсын) екеуі бірге келе жатады. Бір бәдауі жетіп келіп, Алла елшісінің жағасынан ұстап, мойынынан қысады. Алла елшісінің (с.ғ.с.) үстінде қатты матадан тігілген шапан болатын. Анас ибн Мәлик: «Мен Алла елшісінің (с.ғ.с.) мойынында қып-қызыл дақты көрдім»,* – дейді.

Әлгі бәдауи: «Ей, Мұхаммед (с.ғ.с.)! Алланың саған берген малынан маған да бер!» – деп бұйыра айтады. Алланың елшісі (с.ғ.с.) оған күлімсіреп қарайды. Кейін оған қайырымдылық жасауларын бұйырады»– деген хадис риуаят қылынады. (Бұхари, Мұслим)

Құрайыш мүшриктері Алланың елшісіне (с.ғ.с.) қанша қатты азар берсе де, ол: «Ей, Аллаһым! Қауымымды кешіре гөр! Себебі олар білместікпен жасап жатыр», – деп мінажат қылар еді (Байһақий).

Бір күні Ибраһим ибн Адһам сахараға шығады. Оған бір әскер кездесіп: «Сен құлмысың?» – деп сұрайды. Ибраһим: «Ия» – дейді. Әскер: «Сенің елің қайда?» – дейді. Ибраһим мазаратқа сілтейді. Әскер тағы: “Тұрғылықты жерің қайда?” – деп сұрайды. Ибраһим: «Мазаратта», – деп жауап береді. Сонда әскер ашуланып, Ибраһимді камшысымен тартып жібереді. Ибраһим Адһамның басы жарылады.

Әскер Ибраһимді қайта шаһарға алып келеді. Қалаға кіріп келе жатқан әскерге достары: «Қандай хабар әкелдің?» – деп сұрайды. Ол жолда болған оқиғаны айтып береді. Сонда достары: «Сен соққан мына адам, Ибраһим Адһам ғой», – десті. Әскер атынан секіріп түсіп, Ибраһимнің қол-аяғын сүйеді, одан кешірім сұрайды.

Кейін Ибраһимнен: «Неге бұл әскерге “құлмын” деп айттыңыз?» – деп сұрайды. Ибраһим: «Ол менен: Ей, құл! Сен кімсің?» деп сұрамады бәлкім, «Сен құлмысың?»– деді. Мен: «Иә» – деп жауап бердім. Расында барлығымыз Алланың құлымыз. Ол басымды ұрып жарғанда, Алладан оған жаннат нәсіп қылуын сұрадым», – дейді.

Адамдар: «Неге. Ол сізге зұлым жасады емес пе?», – десті. Ибраһим: «Білместікпен алған жаракатым маған сауап боларын білдім. Алайда менің несібем жақсылық болып, ол әскердің несібесінің жаман болуын қаламадым», – деп айтады.

Әбу Усман әл-Хира бір үйге шақырылады. Үйдің иесі Әбу Усманның төзімділігін сынап көруді қалайды. Сөйтіп Әбу Усман айтылған үйге келген кезде, үйдің иесі оған: «Мен сізді танымаймын. Менің сізде шаруам жоқ», – деп оны кері қайтарады. Әбу Усман бұрылып, үйіне қайтады. Ол ұзап кетпей тұрғанда әлгі адам: «Ей, Ұстаз! Қайта оралыңыз!» – деп оны үйге шақырады. Әбу Усман оның алдына екінші мәрте келеді. Үйдің иесі қайтадан бұрын айтқан сөзін қайталайды. Осылай төрттен көп мәрте қайталанады, бірақ Әбу Усманның жүзінде ешқандай өзгеріс байқалмайды.

Мұны көрген әлгі адам Әбу Усманның алдына жығылып: «Уа, ұстаз! Мен сізді сынамақшы болдым. Мінезіңіз неткен керемет еді!», – деп ағынан жарылады. Сонда Әбу Усман: «Менен көрген бұл мінез итте де бар. Шақырсаң келеді, қусаң кетеді», – дейді.

Келесі риуаятта: «Бір күні Әбу Усман көшеде келе жатса, біреулер үстіне күл шашып жібереді. Ол ақырын көлігінен түседі де, шүкірлік сәждесін жасайды. Кейін ешкімге сөз қатпастан, үстіндегі күлін қағады.

Адамдар: «Мұны істегендерді сөкпейсіз бе» – дейді. Бұған Ибраһим: «Егер отқа лайық адам, күлмен түзетілер болса, онда бұл үшін ашулану орынсыз», – деп жауап береді», – деп келеді.

Тігінші Әбу Абдуллаһ өз дүкенінде тапсырыс қабылдайтын еді. Оның бір мажуси тұтынушысы болатын. Ол үнемі Әбу Абдуллаһқа киім тіктірткен сайын ақысына жасанды дирхам беретін. Әбу Абдуллаһ оның өтірік дирхам екенін білсе де, оған айтпайтын және қайтарып бермейтін. Бір күні Әбу Абдуллаһ дүкенін шәкіртіне тапсырып бір шаруаларымен сыртқа шығып кетеді.

Мажуси дүкенге келіп, Әбу Абдуллаһты көре алмады. Тапсырыс берген киімдерін алып, дирхамды әлгі шәкіртке берді. Шәкірт дирхамның өтірік екенін біліп, мажусиге қайтарып береді.

Әбу Абдуллаһ келген соң шәкірті оған болған уақиғаны айтады. Сонда Әбу Абдуллаһ: «Өте жаман іс қылыпсың. Бұл мажуси бір жылдан бері маған осылай жасап келеді. Мен оған сабыр қылушы едім. Одан дирхамдарын алып, басқа мұсылмандар алданып қалмасын деп оларды құдыққа тастар едім», – деп айтады» деген риуаят бар.

Жүсіп ибн Абсат: «Көркем мінездің он белгісі бар: қырсық мінез танытпайды, ынсапты, басқаның кемшілігін іздемейді, жаман іске бармайды немесе бұзық әрекетті сезген сәтте оны түзетуге ұмтылады, кешірімді, машақатқа шыдайды, нәпсіге лайық қатынас жасайды, өзгенің кемшілігін іздемейді, өзінің кемшілігімен шұғылданады, кішіге ашық жүзді, өзінен төмендерге жылы сөйлейді» – деген.

Саһл ибн Тустариден көркем мінез хақында сұраған кезде, ол: «Көркем мінездің ең төменгі мәртебесі, азар бергенге шыдау, залымға мейірімді болу, оған жарылқау мен кешірім тілеу», – деп жауап берген.

Ал енді Ахнаф ибн Қайсдан: «Мейірімділікті кімнен үйрендіңіз?» – деп сұраған уақытта. Ол: «Қайс ибн Асимнен», – дейді.

Әлгі адам: «Қайс ибн Асимнен жұмсақ мінездігі қандай еді?» – деп сұрайды. Сонда Ахнаф мына оқиғаны айтты:

«Қайс ауласында отырған болатын. Қызметші оған пісірілген бір ұршық кәуап әкеледі. Кәуап қадалған шанышқы жазатайым қызметшінің қолынан түсіп кетіп, төменде ұйықтап жатқан сәбиінің көкірегіне қадалады. Сәбидің жаны сол жерде тәсілім болады. Қызметші тосынан болған уақиғадан қатты қорқып кетті.

Ахнаф ибн Қайс: «Қорықпа, сені Алланың ризалығы үшін азат қылдым», – деп оған бостандық береді», – дейді.

«Бір адам Ахнаф ибн Қайсты қатты сөкті. Ахнаф бұған сөз қатпады, сөйте тұра оның соңынан ереді. Әлгі адам ауылға жақындаған кезде Ахнаф: «Егер ішінде айтылмай қалған нәрсен болса, қазір айтып ал. Ауылдағы кейбір мақаулармаған айтатын сөздеріңді естіп, саған азар беріп жүрмесін» – дейді», – деген хабар келеді.

Келесі риуаятта: «Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын) бір қызметшісін шақырады. Қызметші оған жауап бермейді. Әли оны екінші, үшінші мәрте шақырады, жауап жоқ. Әли орнынан тұрып қараса, қызметші төсекте жатыр екен. Әли: «Қызметші, менің дауысымды естімедің бе?» – деп сұрайды. Қызметші: «Иә, есіттім», – дейді.

Әли: «Олай болса, неге жауап бермейсің?» – деп сұрады.

Қызметші: «Сіздің жазаламайтыныңызды біліп, жалқаулығым ұстап жатты», – деп жауап қатады.

Әли: «Олай болса бар! Мен сені Алла үшін азат еттім!» – дейді», – деген хабар бар.

Яхия ибн Зияд әл-Харисидің құлы болған. Оның мінезі нашар еді. Адамдар Яхия ибн Зиядқа: «Ондай құлды неге ұстап отырсыз?» – деп сұрайды.

Яхия ибн Зияд: «Оның мінезіне қарап, мейірімнің не екенін үйрену үшін ұстаймын», – деп жауап береді.

Нәпсі дегеніміз осындай жаттығулардың арқасында тәрбиеленеді, ал мінездер көркемделеді. Ішкі өтіріктен, жалғандықтан, кектен тазарады. Сонда барып нәпсі көркем мінездің жоғарғы мәртебесіне жетеді – Алла тағдыр қылған барлық нәрсеге разы болудың сипатына иеленеді. Алланың тағдырына наразы болу өте жаман қасиет. Жоғарыда айтқанымыздай, мұның белгісіз сырттан сезіліп тұрады.

Мұндай белгілерден аман нәпсі «менің мінезім көркем» деп алданып қалмасын. Керісінше ыждаһадпен жаттығу арқылы көркем мінездің кемеліне жетуге ұмтылсын. Бұл асқақ дәрежеге тек Аллаға жақын және шыншыл сипаттармен жету мүмкін.

БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫ ӘДЕПТІЛІК ПЕН КӨРКЕМ МІНЕЗГЕ ҮЙРЕТУ ТУРАЛЫ

Біліп ал! Баланың тәрбиесі ең маңызды істердің бірі. Перзент ата-анаға аманат. Баланың жүрегі пәк, нәзік, аңқау және ешбір нақыш салынбаған таза гауһар тасы сияқты. Жүрекке қандай ою-өрнек салынса, ол соған ұқсап пішінделеді, оны иген тарапқа қарай иіледі. Егер бала жақсылыққа үйреніп, жақсылықты әдеттенсе, дүние мен ақыретте бақытын табады. Әрине бұл сауапқа оның ата-анасы және тәрбиешісі мен оған тәлім берген адамдар бөленеді.

Егер балаға көңіл бөлінбей шетте қалып қойса, жамандықтың ортасында өссе, бақытсыздыққа душар болып, құрып кетеді. Бұл жағдайда күнәнің ауыртпалығы оны осы күйге түсіргендер мен ата-ананың мойынына артылады. Алла тағала:

«Ей, мұминдер! Өздеріңді әрі үй-іштеріңді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғындар»(Тахрим: 6).

Әке перзентін дүние отынан (азабымен машақатынан) қаншалық сақтаса, ақырет отынан одан да сақтауы لازم. Тәрбие жолында көркем мінездің, қасиеттерін үйрету және жамандықтардан қайтару, бұзық құрбы-құрдастардан қорғау, жеңіл өмірге әдеттендірмеу, байлыққа махаббатын оятпау арқылы әке перзентін тозақ отынан сақтайды. Егер бала дүние құмарлығына бой алдырса, мәңгілік тұңғыздыққа кетті деген сөз.

Перзент дүниеге келген алғашқы күндерінен бастап, күзет қамқорлыққа алынуы жөн. Сондай-ақ шақалақты емізу және тәрбиелеу ісін тек діндар әрі халал (таза) әйелге сеніп тапсырылуы мүмкін. Себебі харамнан шыққан сүт те береке жоқ. Егер ол сүттен сәбиге берсе, онда сәбидің қанына харам араласып, баланың табиғаты харамға икемді тұрады.

Жақсы-жаманды ажырату түйсігі балада көріне бастаған сайын оның бақылауын да күшейте түсу керек. Мұның әуелгі белгісі, балада ұят қасиетінің бастапқы нышанының көріне бастауы. Себебі баланың тартыншақтауы ұялу емес, бәлкім ақылдың нұры түсіп, бала кейбір істердің басқаларға қарама-қарсы екенін көреді, жаман деп таныған істерін жасаудан ұяла бастайды. Бұл Алла тағаланың оған берген сыны, мінезінің пәктігінен жүрегінің сол тазалағынан тура шыққан қуанышты белгі және ақылының кемелдікке жетіп жатқандығынан сүйінші хабар десе болады.

Ұяты бар баланы, қамқорсыз тастауға болмайды. Керісінше, оған ұят әдебін үйрету арқылы жәрдем көрсету дұрыс. Көп жағдайда баланың бойында тамаққа ашкөзбен ұмтылу сезімі басым болады. Бұл кезде тәрбие тамақ ішу әдебінен тәлім беруден басталады. Мысалы, тамақты оң қолмен алу, «бисмилләһ» сөзімен бастау, тамаққа үлкендерден бұрын қол созбау, тамақты тек өзінің алдынан алу, тамақ жеп отырған адамның ауызына қарай бермеу, тамақты шашпау, жақсылап шайнап жеу, тамақты обығып жемеу яғни, тамақты ауызға бірінен соң бірін сала бермеу, жеп отырған асты киімге тамызбау. Кейбір кезде қосымша тәттілерсіз құрғақ нан мен кара шайды ішуге үйрету.

Сол сияқты шектен тыс тамақ жеудің жаманды, бұл төрт аяқты жануарларға тән ерекшелік екенін, әдепті бала тамақты кем жейтіні, барына қанағат қылатыны, тамақ таңдамайтыны айтылса бұл да – тәрбие.

Баланы түрлі түсті және жібектен тігілген киімдерге емес, әдеттегі ақ түсті киімдерге деген қалауын тудыру қажет. Түрлі түсті жібек киімдер әйелдерге тән екенін, ер кісіге мұндай нәрселер жараспайтыны хакында түсіндіріп үйретіледі.

Баланы үлдемен бұлдеге оранған, қымбат бағалы киімдер киіп өскен балалардан, және сол сияқты рахат өмірге құштарлықты оятатын нәрселермен араласуына абай болған жөн. Себебі өсіп келе жатқан баланы қараусыз қалдырса, бұл көп жағдайда ахлақтың бұзылуына мұрындық болады. Нәтижесінде бала есейгенше өтірікші, ішітар, ұры, шағымданғыш, ұшқалақ, күлекеш, айлакер, сараң сияқты жарамсыз қасиеті бар адамға айналуы мүмкін.

Бұлардан сақтанудың жолы – көркем тәрбие, мектептегі дәріспен машғұл болу, құран мен хадис тәлімін алу. Ізгі адам мен олардың өмірі туралы айтылған хикаялар баланың жүрегінде оларға деген махаббаты оятады.

Баланы махаббат және ғашықтық кейіпкерлері айтылған өлеңдерден, мұндай өлеңдер адам жанын нәзіктікке тәрбиелейді деп ойлайтын әдебиетшілердің арасында қалып қоюынан сақтау лазым. Себебі бұл нәрселер баланың жүрегіне бұзықтық дәнегін себеді.

Баланың, бойынан көркем мінез, мақтауға тұрарлық бір әрекет байқалса, оны құрметпен бағалау, көңілін қуандыратын нәрсемен жігерлендіру, көпшілік арасында бұл әрекетті көрсету өте қажет. Кейбір кезде бір рет көркем мінезге теріс қылық жасап қалса, оны көрмегенсіп өту дұрысырақ. Себебі бала мұндай жағдайда артығырақ жазаға тартылса, жаза оған кері әсер етіп, айыбының ашылып қалуына үйреніп, қателікке жігерлі болып қалуы мүмкін.

Егер бала сіз байқамансыған теріс қылықты тағы қайталаса, онда оған жалғыз қалғанда ескертіп, бұл істің салдары жаман болатынын айтып түсіндіру қажет. Алайда ескертемін деп артық кетпеген жөн. Әйтпесе, баланың құлағы қатты сөздерге үйреніп, айтқан ізгі насихаттар жүрекке жетпейтін болып қалуы мүмкін. Бала тәрбиесінде ересектердің айтқан сөздері өте маңызды. Сондықтан ата-ана сөйлеген уақытта ойланып, сөздерін електен өткізуі керек. Ал ана өз кезегінде баланы «әкеңе айтам» деген шектеу сөздермен баласын жаман әрекеттерден тиып отырады.

Сондай-ақ баланы күн шыққаннан кейінгі ұйқыдан қайтармақ керек. Себебі күндізгі ұйқы жалқаулықты туғызады. Ал кешке ерте ұйықтау пайдалырақ. Төсекті өте жұмсақ қылу, бала ағзалардың қатаюын кемітеді. Семіздік тамаққа тәбет ашады, сабырсыздықты шақырады. Сол себепті баланы қаттырақ төсекке, қарапайымырақ киімге, кәдуілгі тамаққа үйрету кешіктіруге болмайтын істердің қатарына жатады.

Бала не нәрсені жасырын қылса бұл оның мұны жаман іс деп білгенінің дәлелі. Демек, балаға әрбір істі ашық көрсетіп, үйрету уәжіб. Кейбір кезде жалқаулықты жою үшін ертелеп түрлі жаттығулар жасалады. Киімінің алдын ашып, қолдарын жан-жаққа лақтырып жүру әдепке сай емес екендігі үйретіледі. Әке-шешесінің заттарымен немесе

тамақ, қымбат бағалы киімдерімен мектеп құрал саймандарымен құрдастарының алдында мақтануы, жаман мінез. Керісінше, бала өз достарына кішіпейілдік құрметпен қатынас қылуға әдеттенуі, сөйлескенде мейірімді, әрі жұмсақ болуы дұрыс.

Егер балалар оған бір нәрсе берсе, оны өзі үшін құрмет деп білсе де, затты алуға әдеттенбеген дұрыс. Себебі абыройлық алуда емес, беруде. Алуда қорлық пен төменділік бар. Бұл бала кедейдің баласы болса да басқалардан бір нәрсені алу әдеті – жаман қасиет. Алуды қалап тұру немесе дәмету-қорлық, бұл иттің қылығына ұқсайды: ит бір үзім нанды алуы үшін үнемі мүләйімсіп қарап, құйрығымен билеп тұрады.

Балалардың алтын немесе күмісті жақсы көруі оны қалап тұруы да жаман қылықтың санатынан. Негізінде бұл нәрседен жылан мен шаяннан қорыққан сияқты қатты қорқу (сақтану) лазым.

Алтын мен күмісті жақсы көру, оның келешекте құлға айналуына ықпал етуі мүмкін. Алтын мен күміске деген махаббатың зияндығы, ұдың кесірінен де қауіпті. Көпшіліктің ортасында түкіру, мұрын тастау, есінеу, біреуге арқа сүйеп отыру, аяқты айқастырып отыру, қолмен иекті тіреу әдепсіздікке жататын қылықтар.

Бала сұхбаттасу қағидаларынан хабардар болуы лазым. Оған көп сөйлеудің тәрбиесіздікке жататынын және олай жаман балдар істейтінін әрі олай жасаған бала «бәдік» атанатын білсін.

Рас немесе өтірік айтса да бала жастайынан ант суын ішіп сөйлеуге үйреніп қалмасын. Сөзді бірінші бастамасын, қойылған сұраққа жауап берсін. Сұхбаттасушы өзінен үлкені болса, оны тыңдасын. Себебі сөйлесуші адамның сөзімен ортақтасып, «әдепсіз бала» атанғаннан гөрі тыңдаушы болған абзал.

Әдепті бала өзінен үлкендерге орын береді, пайдасыз сөздерден тиылады, басқаны сөкпейді оған лағынет айтпайды.

Баланы бос әңгімені жақсы көретін адамдар мен араластырмау қажет. Расында баланы жаман мінездің мұхитына түсіп кетуінен сақтау, тәрбиенің мәні саналады.

Егер мұғалім баланы нұқып немесе соғып қалса, бала дереу айқай-шу көтермесін немесе басқадан қамқорлық күтпесін, қайта сабыр қылсын. Мұны да баланың жақсы білуі тиіс. Балаға сабырлық таныту ер жүрек батырлардың ісі, айқай-шу салу әлсіз әрі әйелдердің қылығы екені түсіндірілсін.

Балаға дәрістен соң шаршағанын басу үшін жақсы ойындарға рұқсат беріледі. Алайда, діңкесі құрығанша онымен әуес болуы дұрыс емес. Сол сияқты баланы барлық ойыннан мақұрым етіп, тек тәлімге мәжбүрлеу де жөн емес. Мұндай ауыртпалық жас жүректі өлтіреді, талғамды өшіреді, өмірден түңілуіне ұйытқы болады. Әйтпесе балақай сәті келген орайда тәлім-тәрбиеден қашып кетуі үшін айла іздестіру мәжбүрінде қалуы ғажап емес.

Сол сияқты балақай әкеге, мұғалімге, өзінен жасы үлкен адамға, тәрбиешіге бойсұнуды, оларды құрметтеуді, олардың алдында кез келген ойынды доғару керек екенін білуі тиіс.

Бала жақсы-жаманды ажыратқан сайын дәрет пен намазды тәрік қылуына үзірі жоғала бастайды. Рамазан айында толық болмағанымен кейбір күндерде ораза ұстауға бұйырылады. Жібек киім киюіне, алтын сақина және алтын бұйымдарды тағуына тиым салынады. Жалпы айтқанда балаларға шариғаттың аумағында қажеті түсетін барлық нәрселерді үйрету қажет.

Балаларды ұрлық, харам, қиянат, өтірік сияқты т.б. бұзық әрекеттерден сақтандырған жөн. Бала ержеткен сайын, денесіне сәйкес жақсы азықтанады. Бірақ ас ішуден мақсат, баршамызды жаратқан Алла тағаланың тағатына күш алу. Дүние негізгі тұрақталатын жер емес, себебі мұнда мәңгілік жоқ. Өлім, дүние нығметін қырқады. Дүние бар болғаны мәңгі өмірге апаратын өткел. Ақырет болса, уақытша тұрақтайтын орын емес, мәңгілік қалатын жер.

Өлім – тосыннан келіп қалуы мүмкін құбылыс. Бұл дүние де ақыреті үшін өз азығын жиған адам шынайы ақылды саналады. Алла тағаланың қасында мұндай адамның дәрежесі үлкен, жаннаттағы несібесі де мол – деп түсіндіріледі.

Егер баланың өсіп жетілуі жақсы болса, онда бұл сөз ол балиғат жасына келгенде пайдалы, әсерлі болары анық. Оның жүрегінде тасқа түскен ою нақышы сияқты терең ізін қалдырады. Егер баланың ер жетуі керісінше қиын болса, онда ол ойын-сауыққа беріледі, бұзық істерге бейімделеді, тамаққа ашкөздік, киім кигенде және оның зейнеттену мен мақтаншақтық сияқты қасиеттерге құмарлығы оянады. Нәтижеде жүрек ақиқатты қабылдамайтын болып қалады.

Бала тәрбиесінде, көңіл мейлінше кемімеуі тиіс әсіресе, бастапқы дәуірде. Өйткені бала табиғатынан жақсыны да, жаманды да сіңіріп алуға икемді тұрады. Ата-анасы оған осы екі жақтың яғни жақсы немесе жаман тараптардың біріне шығуына себеп.

Пайғамбар (с.ғ.с.): **«Әрбір бала (ислам) болмысында туылады. Ата-анасы оның яһуди немесе насрани (христиан) яки болмаса мәжуси қылады»**,– деп айтқан.

Саһл ибн Тустари: «Мен үш жаста едім. Түнде оянып, ағам Мұхаммед ибн Сиуардың намаз оқығанына қарап отыратынмын».

Бір күні ағам: «Сені жаратқан Зат Алла тағаланы зікір қылмайсың ба?» – деді. Мен «Қалай зікір қыламын?» – деп сұрадым. Ағам: «Төсекке жатқанда жүрегіңмен Алла менімен бірге, Алла маған назар салушы, Алла мені көруші Зат» – деп үш мәрте айтасың», – деді.

Бұл зікірді күнде кешке айтатынымды ағама айттым. Ол маған бұл сөзді жеті рет айтуға бұйырды. Мұны да орындадым. Мұнан соң ағам бұл зікірді кеш болған сайын он бір мәрте қайтала деп айтты. Мен

қайталадым, бұл сөздің дәмін жүрегіммен сезе бастадым. Бір жылдан кейін ағам: «Менің үйреткенімді жадында сақта. Сонау қабірге кіргенше оларды ұмытпа. Себебі бұл зікірлер саған дүние мен ақыретте пайда береді», – деді.

Екі жылдан соң бұл зікірлерден пайда болған ләззат жүрегіме симай тасығанын сездім. Күндердің бірінде менен: «Ей, Саһл! Алламен бірге, Алланың назарының астында Алла оны көріп тұрған жүрек, Аллаға бойынсұнбауы мүмкін бе?» – деп сұрады.

Кейін өзім жалғыз қалдым, мені мектепке беретін болды. Мектепке барғанымда ой-пікірім әр түрлі нәрселерге жүгіріп, өзім жан-жаққа шашырап кетуден қорықтым. Жақындарым мұғаліммен келісіп, бір сағат тәлімнен кейін үйге қайтуыма рұқсат алып берді. Алты-жеті жасымда құранды үйрендім, жаттадым. Ылғи ораза ұстаймын, арпа нанын жеймін. Бұл кезде жасым он екіде еді. Кейін он үшке келгенімде бір мәселеге жауап таба алмадым. Сұрағыма жауап іздеп, мені Басраға жіберулерін сұрадым. Басраға келдім, ғалымдарға жолықтым, бірақ олардың берген жауаптарына қанағаттанбадым.

Кейін Абадан шаһарындағы Әбу Хабиб Хамза ибн Әбу Абдуллаһ Абаданидің құзырына бардым. Сұрағыма жауап таптым. Әбу Хабибтің алдында бір шама отырып, оның сөздерінен пайда алдым және әдепті үйрендім.

Мұнан соң Тустарға (қала) қайттым. Мұнда азығымды үнемдем, бір дирһамға шамалап арпа аламын. Арпаның ұнынан нан жауып, үнемі сахарада тұзсыз және дәмдеуішсіз азықтанатын болдым. Осылайша маған бір дирһам бір жылға жетер еді. Уақыт өте үш күн, және үш түн аш жүріп, төртінші күн дегенде ауыз ашуға бел байладым.

Осы тәртіппен аш жүру мерзімін бес күн, жеті күн ақырында жиырма бес күнге жеткіздім. Жиырма жыл өмірімді осы ережемен өткіздім. Сосын сапарға шығып, бірнеше жыл жер жүзінде саяхат қылдым. Тустарға (қала) оралдым. Мұнда түні бойы Алла тағала қалағанша ибадатқа бас ұрдым” – деген әңгімені баяндайды.

Ахмад ибн Ханбал Алланың бұл жақын құлы хаққында: «Саһл ибн Тустаридің Алла тағаламен ұшырасқан уақытқа дейін (бақилық болғанша) тұз татқанын көрмедік», – дейді.

МҮРИДТІҢ² ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЫНЫҒУ ӘДІСТЕРІ

²«Мүрид» сөзі араб тілінде бір нәрсені қалаған немесе соған әуес болған адамды білдіреді. Сондықтан бұл сөздің мағынасы (қалаушы) немесе (әуестенген) деген мағыналарды білдіреді. Әбу Хамид әл-Ғазали бұл еңбегінде «мүрид» деп Аллаға жақындауды қалаған, сол үшін білімді талап қылған шәкіртті айтып отыр

Біліп қой! Кім жүректің көзімен ақыретті анық көрсе, онда ол ақыреттік егістігінен егін жинауды қатты қалайтын, соның жолында шынайы бел байлаған және ақырет үшін дүние ләззаттарын арзымас деп білетін, ақыретке құштар мүрид болғаны.

Сонымен мүрид ақырет жолында дүниелік ләззаттарды көзіне де ілмейтінін айттық. Өзің ойлап көр, бір адамның қастерлеп, өзімен алып жүретін маржан тасы бар делік. Бір күні ол өзінің қымбат маржан тасынан асқан асыл тасты көріп қалса, оның алдыңғы маржан тасқа деген қызығушылығы қаншалықты болар деп ойлайсың? Әрине ол адам қолындағы асыл тасын сатып, оның орнына әлгі гауһар тасқа қол жеткізуге ынталы болары хақ. Уақыт өте оның бұл ынтызарлығы күшейе түседі.

Сол сияқты кімнің ақыреттік қызығушылығы болмаса, онда ол Алла тағаланың дидарын талап ете алмайды. Оның Алламен ақырет күніне иманының жоқ болғаны үшін Алланың сұлулығына жету жолында әрекет қылмайды. Мен бұл жерде «иман» деп құрғақ сөзді, ықылассыз және өтірік шәһадат (Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі) кәлимасын айтып отырғаным жоқ. Егер ол шәһадат кәлимасын жай тілімен ғана айтатын болса, онда ол гауһар тастың не екенін білмейтін әрі гауһар тастың шынайы құндылығынан бейхабар, тек «гауһар» сөзін ғана танитын адамның сөзіне ұқсап қалмақ.

Шаһадат кәлимасын (Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі) тек тілімен айтатын бұл адамның мысалы, маржанға деген көңілі ауып, оны тәрік қылуға шарасыз болғаны үшін гауһарға ынтызары өше бастаған адамға ұқсайды.

Демек, сұлулық болмаса, мақсатқа жету жоқ. Қалау мен ынтызарлық болмаса, сұлулық жоқ. Иман болмаса қалау мен ынтызарлық болмайды. Иманның болмау себебі, тура жолға бастайтын, Алланы еске түсіріп тұратын муршидтің (жол нұсқаушының) болмауы. Алланы таныған дүниенің түкке тұрақсыздығын, ақыреттің мәңгілігі мен ұлықтығын ескертіп айтатын ғалымның болмауы.

Халық ғаплетте, құмарға батқан, ұйқыға кеткен. Дін ғұламаларының ішінде оларды оятатын, көздерін ашатын адам жоқ. Ғапілеттен оянған адам болса, ол да шынайы жол мен сырдан бейхабар болғаны үшін әлсіз. Ғалымнан көмек сұрайын деп барса олар да дүние махаббатына батып кеткен. Өзі шынайы жолда болмаған адам, жолдың заңын қайдан білсін.

Бұл жолмен жүрушілер неге жоқ, Алланың жолы неге салих адамдардан босап қалған?! Себебі мүридтерде қалау күші әлсіз, олар тура жолдан бейхабар. Ғалымдар болса дүние махаббатына берілген.

Кім ақырет егістігінде тер төгіп, ақырет саудасын қылуды қалайтын болса, онда мұның арнайы шарттары бар. Ол адам ақырет жолындағы

бөгетті және өзі мен Алланың ортасындағы пердені көтеруі لازم. Себебі халықтың ақиқаттан мақұрым болуына қабат-қабат перделердің жиналып, жолды жауып тастауы себеп болып отыр. Алла тағала:

«Олардың арттарынан да бөгет жасап, көздерін қаптадық. Олар көрмейді»,– деп хабар берген (Ясин: 9).

Алланы қалаған пенде мен ақиқаттың ортасында төрт тосқауыл бар мал, абырой-мансап және еліктеу мен күнәлар.

Мал-дүниеден қажетті мөлшерін ғана алып қалып, қалғанын Алла үшін толықтай сарып қылу арқылы оның бөгетінен арылу мүмкін. Қажеттен тыс бір дирхамның өзі теріс әсерін тигізеді. Қиялдың туылуына себеп болған осы бір дирхам Алланы сүйген пендені ұлық және құдіретті Алладан тосады, ортаға бөгет пердесі болады.

Абырой-мансаптың пердесінен құтылу, атақ пен даңқ мәртебелерінің мастығына бой бермеу, жүректі мұндай қатерлі жайттардан аулақ ұстау арқылы сақтану мүмкін.

Алланы сүйген пенде қаншалық кішіпейіл, атаққа немқұрайлы, өзгелердің мақтауына ілігіп қалуынан қашатын және адамдардың оған болған ықылас-ынталарын суытатынамалдар арқылы оның тұзағына түсіп қалудан аман болады.

Еліктеудің бөгет пердесінен аман болу, бір пікірге барынша қатып қалуды тәрік етумен іске асады. Алланы қалаған пенде “Лә иллаһа иллАлла Мұхаммед РасулАлла” кәлимасын көкірегіндегі иманымен растап, мұны Алланың махаббатымен бекітетін болса, онда Аллаға құштар адам үшін еліктеу есігі емес, бәлкім шын мағынасындағы сенім есігі ашылады. Бұл дәрежеге өзгелердің пікірлері арқылы емес, тынымсыз әрекеттің арқасында қол жеткізіледі.

Егер Алланы сүйген пенде бір нәрсеге қатып қалу қасиетінен арыла алмай, іші тарылып, өзінен басқасына орын қалмаса, онда мұндай бір жақтылық Алладан тосатын пердеге айналады. Алланы сүйетін құл болу дегеніміз, бір жақтылықпен қана шектеліп қалу деген емес.

Күнә пердесі, тек Аллаға тәубе етіп, зұлымдықты тәрік ету амалдарымен ғана көтеріледі. Күнәні қайта жасамау жолындағы ұстамдылық, өткен күнәлар үшін өкіну, жәбір шеккен адамға ақысын қайтару, Алланың разы болатын істерін орындау амалдары да тәубенің тізіміне кіреді.

Пенденің ділі тәубе қылмай және күнә істерден тиылмай тұрып, діннің сырын білгісі келген адамның мысалы, араб тілінен бейхабар хәлде Құран мен оның тәпсірінің сырларын түсінгісі келетін адамға ұқсайды. Бұл іс – араб сөздерінің тәржімасын білумен ғана шектелмейді. Бәлкім, сөздердің мағыналарында жатқан сырларды түсіне білуі шарт. Сондықтан Алланы қалаған пенде де шарифатты кемел зерттегеннен кейін барып, оның сырлары мен кеңшілігіне көтеріле алады.

Осы төрт шарт орындалса, адам мал-дүние мен абырой-мәртебе, тұзақтарынан аман болады. Сол уақытта ол кір нәрселерден тазарып, дәретін алып, кейін намазға тұрған адамға ұқсайды. Мұнан кейін бұл адамға артына тұрып ұйитын имам қажет.

Осындай Алланы қалайтын пенде және артынан ұйитын шейхтің өзі де ұстазға мұқтаж. Діннің жолы құпиялы әрі жасырын, ал шайтанның жолдары көп және анық. Кімнің тура жолға бастайтын шейхы болмаса оны шайтанныңшалып құлататыны анық. Кім жолсеріксіз осындай қауіпті сахара жолына аттанса, жанын қауіп-қатерге қойып, өзін өлімге тіккенмен тең. Жолбасшысы жоқ, ұзақ сапарға бір өзі шыққан адам, жалғыз өсіп көгерген жеміс ағашына ұқсайды. Ол тез арада қурап қалады. Егер біршама уақыт көгеріп, жапырақ салғанымен жеміс бермейді.

Шарттарды орындаған соң мүрид, дарияның жағасында зағип адамның суға түсіп кетуден қорқып жетектеу үшін басқа адамның қолынан қатты ұстағаны сияқты шейхты мықтап ұстайды.

Қысқаша айтқанда Алланы қалаған пенде өзінің шейхіне бүтін ықтиярын тапсырады. Оған қарсы не ашық, не жасырын бір іс қылмайды. Шейхтің артынан ерген уақытта бір нәрсені елеусіз қалдырмайды. Себебі шейх қателесіп, кемшілік жіберіп қателік жасап қойса, шәкірттің өзі жеке жүріп, жіберіп қоятын қатенің зиянынан аз болмақ.

Аштық, жүректің қанын кемітіп, оны нұрландырады. Бұл нұр жүректің майын ертеді: ол еріген жағдайда көңіл жұмсарады. Көңілдің жұмсақтығы, жақсылықтарды ашатын кілт, қателіктердің алдынан шығатын тосқауыл. Жүректің қаны қаншалықты аз болса, дұшпанның (нәпсінің) жолы да соншалықты тарылады. Себебі дұшпанның (нәпсінің) күш алатын жолы шаһуаттарға толы тамырлар. Иса пайғамбар: «Уа, хауариліктердің тобы! Қарындарыңды аш ұстаңдар, мүмкін жүректерін Раббыларыңды көріп қалар!» – деп айтқан.

Саһл ибн Абдуллаһ Тустарий: «Мінезін көркемдеген адамдар, бұл дәрежеге төрт қасиеттің арқасында қол жеткізеді: қарынды бос ұстау, аз ұйықтау, үнсіздік (сөйлемей) және адамдардан оқшаулану», – деген.

Аштықты жүректі нұрландырудағы пайдасы тәжірибеде сыналған іс. Аз ұйықтау, жүректі раушан әрі нұрлы қылады. Аштық арқылы пайда болған тазалықты одан әрі саф қылады. Жүрек жарық жұлдызға, жалтыраған айнаға айналады және онда хақтың сұлулығы ұлғаяды. Енді мұндай жүректің иесі үшін дүниеден жүзін бұрып, ақыретке бағытталу мәселесі негізге айналады. Аз ұйықтау асылында аштықтың нәтижесі. Себебі тоқ адамның аз ұйықтап, құлшылыққа берілуі қиын. Ұйқы жүректі қатырады және өлтіреді. Әрине қажетті мөлшердегі ұйқының орны бөлек. Бұл жерде адамның күш алуы үшін қажетті ұйқыны айтып отырғанымыз жоқ.

Аз ұйқы ғайып сырларының ашылуына себеп болатын жайттардың бірі. Мінезді тәрбиелеп, өзгерткен жандар хақында: «Расында олардың тағам жеулері – қажетті мөлшерде ұйқылары өлшеулі және зәру жағдайда ғана сөйлейді», – деген сипаттау бар.

Ибраһим Хауас (Алла оны рахым етсін): «Шыншыл жетпіс адам ұйқы хақында: «Көп ұйықтау – суды көп ішкенмен тең», – деген пікір айтқан», – деп айтады.

Үнсіздік, ақылды тұрақтатады. Алладан қорқу сезімін тудырады, тақуалықты үйретеді. Үнсіздік адам оқшауланған уақытта жеңіл өтеді. Оқшауланған адам асты, суды және басқа істерді әзірлеп жатқан адамға қажетті шамада ғана сөйлеуі мүмкін. Көп сөздік, жүректі алдандырып қояды. Жүрек сөзге аш, сондықтан оған тоймайды. Тіл - сөйлегенде жүрек нәр алады. Жалғыз отырып Алланы зікір ету мен пікір қылу жүрекке ауыр тиеді.

Басқалардан оқшауланудың пайдасы көп. Ондай адам дүние қамынан ажырайды, көру мен естуден тиылады. Бұл екі түйсік жүректің өткелі. Дүние осы өткел арқылы ішке кіреді.

Жүрек – хауыз. Оған сезім түйсіктері арқылы лас әрі лай сулар құйылады. Жаттығу мен тәрбиеден мақсат, хауызды осы лай сулардан және жиылып қалған лай-топырақтан тазалау, хауызды бастапқы қалпына келтіру. Қашан хауыз тып-тынық таза суға толып, тасып тұрғанда ғана, ол бастапқы қалпына қайтқан саналады.

Айтшы, түрлі сасық лай сулар бұл хауызға әртараптан төгіліп жатса, оны қанша тазалағанымен пайдасы бар ма немесе сасық сулар таза судан судан көп мөлшерде құйылып жатса, хауыз қалай таза болмақ?!

Сондықтан Аллатағалаға талпынуға пенде де өзінің түйсіктерін шектеуі لازم. Бұл амал қараңғы үйде басқалардан оқшауланумен іске асады. Егер қараңғы орын табылмаса, онда киімге оранып алсын. Міне, осы жағдайда ол Хақты тыңдауы, Раббысының жақын екенін анық сезуі мүмкін. Алланың елшісіне (с.ғ.с.) ғайыптан дауыс келгенде дәл осылай жасаған жоқ па еді. Сондықтан Алла оған:

«Ей, бүркеніп жатушы (Мұхаммед (с.ғ.с.))», – деген (Музаммил: 1).

Осы төрт жағдай – аштық, аз ұйқы, үнсіздік және оқшаулану мүрид үшін жолдағы қауіп-қатерден және қарақшылардан қорғанатын қалқаны әрі қорғаны.

Сақтанудың бұл амалдарын іске асыру, ақырет жолындағы жолаушы үшін кейінгі қағидаларды жеңіл орындауға жағдай жасайды. Ал бұл қағидалар болса, кезекті тосқауылдардан өтуге жәрдемін тигізеді.

Ақырет жолындағы негізгі тосқауыл, дүниеге шалқыған жүрек. Сондай жүректерді өзгерту қажет. Бұл тосқаулар қатерлігі жағынан

бірінен-бірі өтеді. Олардан өту тәртібі жеңілден жеңілірекке қарай ауысумен амалға асады. «Дүниеге шалқыған жүрек» деп, байлыққа, абырой мансапқа, дүниеге берілу, Жаратушыдан алшақтап, тек жаратылған нәрселерге байланған жүректің хәлі айтылып отыр.

Тәнімізді күнәні әшкере қылатын себептерден қаншалықты ұзақ ұстасақ, ішкі дүниемізді де күнәлар қалдырған іздерден соншалық тазалауымыз керек. Бұл бағыттағы күрес ұзағырақ болады және жағдайдың өзгеруіне байланысты қарсы күрестің түрі де өзгеріп отырады.

Нәпсіге қарсы күрестің нәтижесінде жүректе дүниеге деген сүйіспеншілік қалмайды. Осыдан кейін ғана шейх мүридке жүрек зікірімен шұғылдануға шақырады, басқа көзге көрінетін құлшыныстармен әлек болудан қайтарады немесе парыз және белгіленген құлшылықтармен шектейді. Уақыт өте бұл құлшылықтар оның негізгі құлшылығына айналады. Сөйтіп олар оның ең өзекті жемісі саналады. Осы кезде жүрек Алланың зікіріне берік байланады. Алладан басқасының барлығы жүректен көтерілгеннен кейін осы дәреже келеді. Алайда мүридтің жүрегінде дүниеге деген зәердей махаббат болса, шейх оны зікірмен машғұл қылмайды. Шибли (шейіхтің есімі) жұма сайын уәзипа (тапсырма) алып кететін шәкіртіне: «Егер осы жұмадан келесі жұмаға дейін жүрегінде Алланың зікірінен басқасы пайда болса, менің құзырыма келуін харам», – деп айтқан.

Дүниені бұл дәрежеде тәрік ету үшін Аллаға деген махаббат жүректі толық иеленуі қажет, оған қоса шынайы Аллаға деген ынтызарлық лазым. Дүниеден бас тарту мақамына жеткен мүрид, бой жеткеннен басқа қамы жоқ ғашыққа ұқсап қалады. Шейх мүридті үйдің бір бұрышында жалғыз қалдырып, оның жеп жүрген тамағына назар салдырады. Себебі, халал тағам діни тәрбиенің негізі.

Мұнан соң шейх мүридке зікір дәрісін бастайды. Әуелі мүридтің тілі мен жүрегі зікірмен машғұл болуы үшін кебір кәлималарды айтқызады. Мысалы: «Алла, Алла» немесе «СубханАлла, СубханАлла» дейді. Яки болмаса шейх бұйырған басқа кәлималарды айтады. Бұл зікір сонау тілдің әрекеті тоқтап, әлгі кәлималар тілге өздері келіп тұрғандай болғанша үздіксіз жалғасады.

Кейін кәлималардың тілде қалған әсері толық жоғалып, сөздердің суреті жүрекке орналасқанша зікір тоқтатылмайды. Мұнан соң зікірдің жалғасуымен сөздердің әріптері мен бейнелері жүректен ғайып болады. Ол жерде яғни жүректе тек мағына қалады. Жүрек, бұл ақиқаттан басқа барша нәрседен бос қалады.

Бұл уақытта шейх мүридті күзетуден тынбайды. Шейх шалып құлататын азғырулар мен дүниеге сүйіспеншілік туғызатын түрлі ой-пікірлердің ағымын дәл назарымен бақылауында ұстайды. Себебі, қанша жерден зікірмен машғұл болмасын, егер жүрек бір сәт зікірден шалынса,

бұл іс нұқсан болып қалады. Бұл кезде азғырулар лап беруі әбден мүмкін.

Барлық азғырулар шабуыл жасап, нәпсі өз-өзіне келсе, кейін шәкірт айтылып жатқан кәлимаға қайтататын болса, онда мына кәлиманың өзі: “Бұл айтылып жатқан сөздің қайсы мағынасы, Ол Заттың Құдай, Алла екеніне дәлел болады?” – деген жана бір азғыруды қозғайды. Осы сияқты ой мен қиялдарға жан берілген сайын мүридте пікір есігі ашылып, әсте-әсте ол есіктен шайтанның күпір мен бидғаттан (дінде жоқ жаңалық) болған азғырулар өрмелеп кіреді. Мұндай азғырулар мүрид үшін қаншалық жағымсыз және бұл азғыруларды жүректен сыпырып тастауға қаншалықты бел бойласа, соншалық зарардың алды алынады.

Азғыру екі түрлі болады. Біріншісі, мүридтің қиялына келіп жатқан азғырулар. Мүрид, Алла тағала бұзық пікірлерден пәк Зат екенін, бірақ шайтан оларды жүрекке салып, азғырып жатқанын анық біледі. Бұдан құтылудың жолы, оларға көңіл бөлмеу, Алланың зікіріне сүнгіп, азғырудың сағын сындыру үшін Алладан сұрау. Тек Өзіне жалбарыну:

«Егер шайтаннан саған бір түрткі болса, сонда Аллаға сиын. Себебі Ол толық естуші, өте білуші. Тақуаларға шайтантарапынан бір сыбыс тисе, олар Алланы еске алады да қырағылық істейді» (Ағраф: 200-201).

Азғырудың екіншісі, мүрид қиялына келген нәрсенің азғыру екеніне күманданады. Мұндайда дереу шейхке айту қажет. Жалпы мүрид жүрегінде қандай бір жағдайды, құштарлықты немесе дүниеге қызығушылық пайда болғанын байқаса, мұның барлығын шейхке баяндауы керек. Алайда оны шейхтен басқа адамға айтпай, өзгелерден жасыруы шарт.

Сонда шейх мүридтің халіне назар салып оның зиректігі, түсіну мен ұғыну өткірлігінің қандай дәрежеде екенін ескерту арқылы күзетеді. Егер мүридте пікірлеу арқылы ақиқатты түсіну қабілеті байқалса, шейх оны пікірлесуге шақырады. Сөйтіп, бұл пікірлерден мүридтің жүрегінде нұр пайда болады. Шейх ақиқат ашылсын деген үмітте болады. Егер ол мұндай пікірлер мүридке пайда бермейтінін білсе, оның талпынысын жандандыратын, түсінігін молайтатын уағыз бен зікірлер арқылы мықты сенімге қайтарады.

Шейх мүридке өте шебер қарым-қатынас жасауы لازم. Себебі, бұл жол қауіп-қатерге толы. Нәпсі тәрбиесімен машғұл қанша мүрид бар десеңші! Бірақ жолдары кесіледі, өздері ашылмайды яғни басқа пікірлермен әуестеніп кетеді. Негізінде бұл үлкен қатер. Адам Алланың зікіріне беріліп, жүрегін дүние қамынан үзгенімен, бірақ жоғары да айтқан адастырушы пікірлерден құтыла алмаса, онда ол қауіпты кемеге мінген жолаушыға ұқсайды. Егер ол сау-саламат қалса, дін патшасының мәртебесіне жетеді. Адасып кетсе, өлімге бет бұрғаны. Алланың елшісі

(с.ғ.с.): *«Жасы үлкендердің дінін берік ұстаңдар»*, – деп бекер айтпаса керек (Ибн Таһир «Газкира» кітабында келтірген).

Жасы үлкендердің діні – иманның негізін ұстап, соларға еліктеу мен қайыр амалдар орындау арқылы сенімнің сырт бейнесін көрсету. Одан шегінетін болса қауіп көп.

Демек, шейх мүридті бір мезгілге де назарынан шығармауы керек. Егер мүридтің есте сақтау қабілеті мен зиректігі әлі кемеліне жетпеген әрі сыртқы сенім көрінісі берік болмаса, онда ол зікір мен пікір сияқты міндеттермен машғұл қылынбайды. Бәлкім оған кәдуілгі көзге көрінетін амалдар немесе Алланы көп пікір ететін адамдарға қызмет қылуға бұйырылады. Бұл да жақсы амал. Мысалы, ұрыс майданында жарақаттанған науқастарға су тасып, қызмет көрсету амалы сияқты. Сол үшін майдан алаңында жәрдем көрсеткен адамдар, қиямет күнінде Алла үшін бақилық болғандардың мәртебесіне жете алмаса да, шаһидтердің берекетінен нәсібін алады.

Кейбір кезде зікір мен пікірге берілген мүридтің жолын мен-мендік және көз бояу сияқты қарақшылар тосады. Мүридтің құпия хабардан немесе әуелгі кереметтің салдарынан шаттану сияқты сәттерінде жол тосқауылдары шығады. Мүрид бұл нәрселерге қаншалықты көңіл бөлсе, соншалық олармен әлекке түседі. Нәтижеде оның талпынысы мен әрекеті әлсірейді, тіпті тоқтап қалуға дейін баруы ықтимал.

Демек, мүрид бүтін ғұмыры бойы хақ жолында сол дәрежеде сергек болуы керек. Тіпті оның үстінен теңіз төгілсе де оның көңілі бөлінбеуі لازم. Мүридтің талпынатын мақсаты, дүниемен болған қатынасты үзіп, жүзін Алланың тарапына бұру.

Жаһан кезушілердің бірі: «Дүниемен қатынасын кескен құлдардың бірінен: «Хаққа қандай жолмен жету мүмкін?» – деп сұрадым. Ол: «Бұл дүниеден бір жолаушы сияқты өту арқылы Хаққа жетуге болады», – деп айтты» – деген.

Мурра (адамның есімі) бір тақуадар жанға: «Жүрегімді үнемі Аллапен байланыстыратын бір амалды маған көрсет» – деп өтінеді.

Тақуадар: «Дүниеге назар салма. Оған назар салу – зұлым», – деп жауап берді.

Мен: «Мұның басқа жолы жоқ па?» – деп сұрадым.

Тақуадар: «Адамдардың сөздеріне құлақ салма. Себебі ол сөздер (жүрегінді) катайтады», – деді.

Мен: «Мұның басқа жолы жоқ па?» – дедім.

Тақуадар: «Олармен қарым қатынас жасама. Себебі бұл – жабайлық» – деді.

Мен: «Мен адамдардың арасындамын. Қалайша олармен қарым-қатынас қылмауым мүмкін?» – дедім.

Тақуадар: «Оларға арқа сүйеме. Оларға сенсен, онда құрығаның», – деді.

Мен: «Шіркін-ай, мұның бір шарасы болсашы!» – дедім.

Сонда ол: «Ей, ғапылдарға назар салып, надандардың сөзін тыңдаушы неме! Адасушылыққа белінен батқандармен қарым-қатынас жасайсың. Сөйте тұра жүрегіңді Алла мен байламақпысың? Бұл ешқашан іске аспайтын амал» – деп сөкті», – деген хабар айтады.

Демек, шынығудың соңғы мәртебесі – жүректің Алла тағаламен үнемі байланысты болуы. Бұл дәрежеге Алладан басқа күллі нәрседен бас тарту арқылы жетеді. Ол үшін ұзақ ыждиһат пен табандылық керек.

Мүридтің жүрегі Алла мен үнемі бірге болу мақамына жетсе, сол уақыттан бастап, оған Алла тағаланың ұлылық пердесі ашылады. Раббының биік мәртебесі көрініп, сөзбен сипаттап жеткізуге болмайтын ғажайыптар баяндалады. Егер мүридтің басынан осы айтылған жайттардың бірі өтсе, онда оның бұл құбылысты басқаларға айтып, әшкере қылмауы қажет. Тіпті ол сол нәрселерді уағыз-насихат немесе ғажайып сәттер ретінде де айтпауы тиіс. Себебі адамдарға жалғыз Аллаға аян сырларды айту әрекеті, нәпсіде ләззатты оятады. Бірақ бұл ләззат тез таусылатын әрі мүридті адасушылыққа соқтыратын ләззат. Осы ләззат, мүридтің басымен кешкен құбылыс жайттерінің хаққында ой жүгіртуге, адамдарға айтқан уақытта оларды шырайлы сөздермен суреттеуге шақырады. Айтылып жатқан сөздерге естушінің жүрегі ынтызар болуы үшін мүрид сөзін хикаяларымен, Құран және хадистердегі дәлелдермен әшекейленді.

Сонда шайтан оған: «Алладан ғапыл жүректі қалай оятқаныңды кара! Сен пенделерді Жаратушысына шақырып отырсың, Сен Алла тағаламен адамдар арасындағы дәнекерсің. Бұл істе сен өз ләззатыңды емес, көпшіліктің пайдасын көздеп отырсың» деген сияқты бұзық ойлармен оны әбден азғырады. Егер жақын адамдарының арасынан қарапайым пенденің жүрегін өзіне тез баурап алатын, өзінен асқан сөзге шешен адамды көрсе, мүридтің ішінде қызғаныш қайнап, шайтанның айналына түседі. Егер мүрид шайтанның кесірінен аман болса, онда өзі сияқты адамдарды дінге шақырған басқа мүминді көрсе, онда сүйсінген халде: «Пенделерді түзу жолға шақыру үшін маған осындай жақсы көмекшіні нәсіп қылған Аллаға мақтау болсын», – деп айтады.

Сол сияқты егер мүридке мәйітті кепендеп, жаназа намазын шығару міндеті жүктеліп, оның қасына көмектесу үшін (білімі бар) басқа адам келсе, мүрид мұны қызғанбайды. Керісінше Аллаға шүкірлер айтуы тиіс. Алланы танымайтын адамдар жүректері өлі адамдар. Ал уағыз-насихат айтушылар осындай адамдарды тірілтеді, оларға ақырет пен Алла жайында айтып екінші өмір береді. Сондықтан дінді білетін насихатшы адамдардың көп болғаны жақсы.

Мүрид шайтанның осындай тұзақтарынан сақ болуы қажет. Мүрид жолының алғашқы есігі ашылған сәтте шайтан мұндай айлаларын жиі

қолданады. Өйткені дүние тіршілігі адамның күшінен үстем келеді. Сол себепті Алла тағала:

«Бірақ сендер дүние тіршілігін артық көресіңдер»– деп хабар берген (Ағлә: 16).

Мұнан кейін Алла бұл түрдегі айланың көне заманнан жалғасып келе жатқанын және ол Құраннан бұрын түскен кітаптарда да айтылғанын еске түсіреді:

«Негізінен бұл үкімдер, бұрынғы нұсқаларда бар. Ибраһим, Мұсалардың нұсқаларында»(Ағлә:18-19).

Мүридтің Аллаға жақындауы үшін шынығуы мен тәрбиелену жолдары осы. Алланың жәрдемі мен демеуінің арқасында нәпсіні шынықтыру және мінезді көркемдеу кітабы тамамдалды.

Жалғыз Аллаға мақтау болғай. Мырзамыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) және оның әулетімен сахабаларына, көк пен жердегі пенделердің арасынан сұрыпталып алынған Алланың әрбір жақын құлына Оның сәлемі мен салауаты болғай. Аллаға тәуекел етемін және одан жәрдем сұраймын!

БІЛІМ ҮЙРЕТУДІҢАРТЫҚШЫЛЫҒЫ

(«Дін туралы білімдердің қайта жандануы»)
кітабынан

Ұлық мәртебелі Алла Құран Кәрімде:

«Әр топтан дін ғылымын үйреніп, басқалар қайтып келгенде олардың сақтанулары үшін ескертулері керек емес пе?»– деп айтқан (Тәубе: 122).

Мұндағы аяттың мазмұны білмейтіндерге білім үйретіп, дұрыс бағыт сілтеу қажет. Келесі аятта: **«Алла тағала Кітап берілгендерден: «Әлбетте оны (білімді) адамдарға түсіндіріңдер, оны жасырмандар»** деп сөз алған. Дегенмен олар оны орындамады әрі оны аз бір бағаға айырбастап жіберді. Олар нендей жаман нәрсені сатып алды десенші»деген (Имран: 187).

Бұл аяттың мағынасы Алла адам баласын білім беруге, үйретуге міндеттейді. Алла тағала келесі сөзінде:

«Күмәнсіз олардың бір тобы (ғалымдары) ақиқатты біле тұра жасырады»,– деп білген шындықты жасырмауға, бұрмалауға тиым салады (Бақара: 146).

Ал енді куәгердің ақиқатты жасырғаны жайында Алла Тағала:

«Кім оны жасырса жүрегі күнәһар болады», –деп айтқан (Бақара: 283).

Алланың елшісі (с.ғ.с.) білім иесі ғалым жайында: **«Алла тағала нәбилерден шындықты адамдарға жасырмай жеткізулері үшін уәде алғаны сияқты ғалым адамнан да (білген ғылымын басқаларға үйрету) уәдесін алмайынша білім бермейді»**деген (Ибн Масғуд риуаяты).

Алла тағала Фуссиләт сүресінде:

«Аллаға шақыра отырып ізгі іс жасаған кісінің сөзінен кім асып түседі?»деген болса (Фуссиләт: 33).

Нахл сүресінде:

«Адамдарды Раббыңның жолына даналық және көркем үгіт арқылы шақыр», – деп әмір қылған (Нахыл: 125).

Сондай-ақ, Алла Тағала Бақара сүресінде: **«Кітап пен даналықты үйретеді»**, –деп айтқан.

Пайғамбар (с.ғ.с.) Иемен жеріне Мұғазды жіберген уақытында: **«Алла Тағала сен арқылы бір адамды дұрыс жолға салса онда, ол сен үшін бұл дүниеден және ондағы нәрселерден де қайырлы болмақ»**, – деп насихат берген (Имам Ахмад, Бұхари және Мұслим).

Келесі хадисінде: **«Кім басқаларға үйрету үшін ғылымның бір бөлігін үйренген болса оған жетпіс жолдасының сауабы беріледі»**, – деген (Әбу Мансур әд-Дайлами хадисті әлсіз риуаятпен Ибн Масғудтан келтірген).

Иса (ғ.с.): «Кімде кім бір нәрсені білсе және оған амал қылса, кейін оны басқаларға үйретсе онда, ол кісі аспан әлемінде ұлық саналады», – деп айтқан.

Алланың елшісі (с.ғ.с.) келесі хадисінде: *«Кемшіліктен пәк Алла қиямет қайым болған күні құлдары мен ыждаһатты пенделеріне: “Жаннатқа кіріңдер!» деп жар салады. Сонда ғұламалар: «Бұл - адамдар құлшылықпен ыждаһатты біздің үйреткен тағылымның арқасында іске асырды» деп шағымданады. Алла тағала ғалымдарға назарын салып:*

«Сендер Менің кейбір періштелерім сияқты құлдарымсындар. Оларға шапағат қылыңдар» – деп әмір қылады. Олар шапағат қылған соң барып жаннатқа кіреді», – деген (Хадисті Ибн Аббастан әлсіз риуаятпен Әбу Аббас әз-Заһаби келтірген).

Әрине, айтылған дүниенің барлығы білім үйреніп кейін, оны басқа адамға үйрету қажеттігі жайында айтылып отыр яғни білімді қара басың үшін үйрену дұрыс емес. Пайғамбар (с.ғ.с.): *“Рас, Ұлы мәртебелі Алла адамдарға білім берген соң оны сол қалпында тартып алмайды бәлкім, ғұламаның бақилық болуы арқылы ғылымды да кері алып отырады. Әрбір ғалым дүниеден озған сайын онымен бірге ғылымның да бір бөлігі кете барады. Осылайша, тек надан адамдар қалмақ. Олардан бір нәрсе туралы сұрайтын болса олар білмей жауап береді. Нәтижеде өзі де адасады, өзгені де адастырады”,* – деп хабар берген (Бұхари, Мұслим).

Келесі хадисте: *«Кімде-кім бір ғылымды біліп кейін, оны басқалардан жасырса Алла ақырет күні оның ауызынаоттан жасалған ауыздық кигізеді»,* – деген (Әбу Дәуіт, Термизи және Ибн Мәжа).

Сондай-ақ Алланың елшісі (с.ғ.с.) тағлым алушы шәкірт пен ұстаздық мәртебенің ұлықтығы турасында: *«Дүние малғұн атанған, тек Пәк Алланы зікір қылу, шәкірт болу немесе ұстаздық жасау өкілеттілігінен басқа нәрсенің барлығы да лағынеттелген»,* – деп айтқан (Термизи, Ибн Мәжа).

Алланың елшісі (с.ғ.с.) Құдайды танитын білімді ұстаз хақында: *«Расында, кемшіліктен пәк Алла, періштелер және аспан мен жердегі тіршілік иелері тіпті, ұядағы құмырсқа мен өзендегі жайын да адамдарға игі ілімді үйретуші мұғалімге салауат айтады»,* – деген (Термизи).

Пайғамбар (с.ғ.с.) мына хадисте: *«Мұсылман өзінің есті-ген көркем әңгімесін өзінің мұсылман бауырына жеткізген болса ол адам үшін бұдан асқан абзал пайда жоқ»,* – деп білгенді өзгеге жеткізу аманаты жайында айтқан. (Мұхамед Ибн әл-Мунқадирден риуаят қылған Ибн Абдулбар)

Алланың елшісі (с.ғ.с.) келесі хадисте: *«Әуелі естіп кейін, үйреніп сосын, оған амал жасаған игі сөз, мұсылман үшін бір жыл құлшылық жасағаннан қайырлы»*, – деп мұсылман баласын білімге жігерлендіреді (Зайд ибн Асламның риуаяты бойынша келтірген Ибн әл-Мубарак).

Бір күні Алланың елшісі аулаға шыққан еді. Жиылып отырған екі мәжіліске тап болады: бірінші мәжілістегілер Аллаға ынтызар болып Оған мінәжат қылып отырған еді; екінші жиындағылар, адамдарға білім үйретушілер болатын. Алланың елшісі (с.ғ.с.) оларға қарап тұрып:

«Анау отырған жамағат жоғары мәртебелі Аллаға дұға жасап отыр. Алла қаласа оларға беруі де, бермеуі де мүмкін. Ал келесі топтағы адамдар білім үйретіп отыр. Күмәнсіз мен (сендер үшін) үйретуші мұғалім болып түсірілдім», – деді де кейін, сол топқа қосылып жайғасты (Ибн Мәжа, әлсіз хадисінде келтірген).

«Құдірет иесі Алла маған берген ғылым мен дұрыс жолды қою, жауын бұлтымен теңеуге болады. Жауын жауғанда оның суымен құлпырған көк шөпті жер бар және жауын суын ұстап қалып Алла онымен адамдарға нығмет дарытатын жер бар. Адамдар ол жерден су ішеді, егін егіп егістігін суғарады. Сондай-ақ, тағы екі түрлі жер бар: не суды ұстамайды, не шөп шықпайды», – деп пайғамбар (с.ғ.с.) өзінің білімі мен даналығын жауын суымен теңеген (Бұхари, Мұслим).

Хадисте айтылған бірінші жауынмен көгеретін жер ғылымның рахатын көретін адам; екінші жердің түрі, ғылым үйреніп басқаларға пайдасын тигізетін адам; жердің үшінші мен төртінші түрлері ғылымнан да, оның пайдасынан да мақұрым қалған адаммен теңеуге болады.

Алланың елшісі (с.ғ.с.): *«Адам баласы қайтыс болған уақытта оның үш амалынан басқа барлық амалдары тоқтатылады тек өзге адамға үйреткен білімі тоқтамайды»*, – деп айтқан³.

Алланың елшісі (с.ғ.с.) келесі хадисінде ғылымның құндылығы жайында: *«(Исламда) екі нәрсені гана қызғануға рұқсаті: біріншісі, құдіреті күшті Алла даналық берген адамның даналығын қызғануға рұқсат. Онымен ол қазилық жасап және басқаларға үйретеді; екіншісі, Алла беріген дәулетті қайырымдылыққа жұмсаған кісінің сахилығына қызығуына рұқсат»*, – деген (Имам Бұхари, Мұслим).

Пайғамбар (с.ғ.с.) ел басқарған халифалар жайында: *«Менің халифаларыма Алланың рахыметі болсын»* деп дұға қылған. Сонда ол кісіден: *«Сенің халифаларың кім?»* деп сұрайды. Алланың елшісі (с.ғ.с.): *«Менің сүннатымды сүйіп оны Алланың құлдарына үйретушілер»*, – деп жауап берген (Ибн Абдулбар «Ғылым» атты еңбегінде кетіреді).

Халифа Омар: *«Кім бір хадис айтып кейін, оған амал қылса ол кісіге жасалған амалдың сауабындай сауап жазылады»*, – деген.

³Негізінде хадистің толық мәтіні мынадай: «Адам баласы қайтыс болған уақытта оның үш амалынан басқа барлық амалдары тоқтатылады. Олар: өзге адамға үйреткен білім, жүріп тұратын садақа және өзіне дұға қылатын бала

Ибн Аббас (Алла ол екеуіне разы болсын): «Адамдарға игілік үйретуші мұғалімге күллі нәрсе тіпті, өзендегі жайында ол үшін жарылқау сұрайды», – дейді. Бір риуаятта Суфиян әс-Сауриді (ғалымның есімі) Асқален жеріне өкіл тағайындап жіберілгені жөнінде айтылады. Сонда, бұл жерде Суфиянәс-Сауриден келіп сұрақ қойған тірі пенде болмайды. Бұған ашуланған Суфиян: «Қаладан кетуім үшін мені қудалаңдар. Бұл ғылым өлетін қала!», – деп жар салған. Әрине, Суфиян ғалым ретінде тағылым берудің құрметі үшін ғылымды сақтап қалу үшін осындай қадамға барғанына күмән жоқ.

Ато (Алла оған разы болсын): «Мен Сағиб бин әл-Масибтің үйіне кіргенімде оның егіл-тегілі шығып жылап отырғанының куәсі болдым. Кейін, одан: «Не үшін жылап отырсың?» – деп сұрадым. Ол маған: «Менен жан адам ешнәрсе жайында сұрамайды», – деп ақталып жауап қатты» – деген оқиғаны айтады.

Кейбір кісілер ғалымдар турасында: Ғалымдар заман шам-шырағы. Олардың әрбірі өз дәуірінің жарығы болғандықтан замандастары оның сәулесін пайдаланады, – деген пікір айтқан.

Әл-Хасан (Алла оған рахым етсін): «Егер ғұламалар болмаса онда адамдар жануар тәріздес болған болар еді. Ғалымдар адамдарға тәлім беріп оларды жануарлық шеңберден адамгершілік шеңберіне шығарады», – деп ғұламаның қоғамдағы орынын көрсетті.

Икрима болса: «Күмәнсіз, бұл ғылымның бағасы бар» – деп айтқан уақытта бір кісілер оған: «Ол не нәрсе?» – деп сұрақ қояды. Икрима оларға: «Ғылымды жоғалтпай алып жүруге құдіретті адамдарға беру», – деп ғылымның құндылығын айтты.

Яхия бин Муғаз: «Ғұламалар Мұхамед пайғамбардың үмбеттерінің ішіндегі ата-анадан да мейірімді (жандар)», – деді. Сонда ол кісіден:

«Бұл қалайша болғаны?» – деп сұраған уақытта Яхия оларға: «Ата-ана адамды бұл дүниенің отын басудан сақтайтын болса ғалымдар ақыреттің отынан сақтайды», – деген.

Ғылымның пайдасын көру үшін әуелі сөзге сараңдық таныту қажет кейін, құлақ салу керек сосын, оны жадта сақтайды, оған амал қылады ақырында, оны паш етеді яғни, ғылымын таратады. Бір кісілер ғылым мәселесіне келгенде ол туралы: білмейтін адамға білмейтінін үйрет, білетін адамнан білмейтінін үйрен. Егер сен осылай жасаған болсаң онда сенен күмәнсіз білмейтініңді үйрендің ал білген біліміңді сақтап қалдың – дейді.

Мұғаз ибн Жәбәл (Алла оған разы болсын) тағылым беру мен үйрену турасында мынадай пікір айтқан: «Ғылым үйреніңіздер! Рас, Алла үшін ғылым үйрену тақуалық. Оны талап ету – құлшылық. Ғылымды оқу – тәсбих айту (Алланы зікір ету), ғылымды іздеу – жиһад, ғылымды білмейтін адамға үйрету – садақа беру, ғылымды оған лайық адамға беру – Аллаға жақындау. Ғылым жалғыздық кездегі – жаныңдағы

серігің, достықтағы жолдасың, қуаныш пен қайғы кезіндегі ортағың (куәгерің), қиын қыстаудағы демеушің, жат жерде жүрген уақыттағы бауырың, жаннат жолындағы шам шырақ. Алла оның арқасында қауымдарды биікке көтеріп игі істерде соңынан басқаларды ерітетін басшы, дұрыс жолды көрсетуші мырза етеді.

Ғылым – ізгілік үшін дәлел, олардың тарихынан сыр шертеді, қимыл әрекетін көрсетеді; періштелер оның досы болуға ынтызар. Сондықтан олар оны өз қанаттарымен сипайды. Оған әрбір ылғал мен құрғақ заты тіпті өзендегі жайында, жердегі жыртқыш пен басқа да нығметтер және аспан мен аспан жұлдыздары ол үшін жарылқау тілейді». (Бұл хабарды Әбу Шайх ибн Хибан «Сауаб» атты кітабында айтқан. Алайда, Абдульбар бұл риуаяттың тізбегін күшті деп танымаған)

Себебі ғылым, зағиптіктен құтқаратын жүрек өмірі, зұлматта сақтайтын көз жанары, әлсіз уақытта демейтін дене қуаты. Ғылымның арқасында қара құл жоғары мәртебеге көтеріліп ұлық дәрежеге жетеді. Ғылым жайында ой жүгірту ораза ұстағанмен тең, онымен шұғылдану таһажуд намазымен тең. Ғылымның арқасында Аллаға бойсұнады және соның арқасында Оған құлшылық қылады. Ғылымның арқасында Алланы бір деп таниды және соның арқасында мұратқа қол жеткізеді. Соның арқасында қайырымдылық жасап туған-туыспен қатынасты нығайтады. Ғылым имам (бастаушы) болса оған амал ету қостаушы болмақ. Ғылым бақытты жандар үшін – азық, бақытсыздар үшін – харам. Алла Тағаладан медет сұраймыз.

ЖЕКЕ АДАМДАРҒА ҮЙРЕНУІ ПАРЫЗ БОЛҒАН ҒЫЛЫМ (парыз айын)⁴

Алланың елшісі (с.ғ.с.): *«Ғылымды талап қылу әрбір мұсылманға-парыз»,* – деп айтты. Сондай-ақ *«Ғылымды қытай-дан болсада талап ет»,* – деп ғылым іздеуге жігерлендірген.

Ғұламалар күллі мұсылманға парыз болған ғылым жайында айтып таласқандары сонша шамамен жиырма топқа бөлінді. Бұлардың әрбірінің пікірін ашықтап жатпаймыз, бірақ негізгі ерекшеліктерін

⁴Исламда парыз екіге бөлінеді: парыз айн және парыз кифая. Парыз айн – әрбір жеке адамға орындауы міндетті болған парыз яғни, оның орнына басқа адамның (ата-ананың, ағайын-туыстың, жора-жолдастың т.б.) орындауы мүмкін емес. Тек жеке адамның орындауының нәтижесінде ғана мойынынан түсетін міндет. Оны орындамаса күнаһар болады. Мысалы, ғылым, намаз, ораза т.б.

Парыз кифая – бірнеше адамның орнына бір адамның орындауымен мойындарынан міндет түседі. Мысалы, қайтыс болған адамның жаназасын шығару парыз болса оның жаназасына қатысу парыз кифая яғни, қайтыс болған адамның жаназасына бірнеше адам қатысып сапта тұрып намаз оқыса онда, бұл парыз күллі ауыл тұрғындарының мойынын түседі. Осылайша парыз кифаяны бір адам орындап, басқаларды ол міндеттен босатады.

Ол дәуірде қазіргі замандағы сияқты теміржол, әуе жолы т.б. жылдам көлік қатынасы болмауы себепті Араб жазирасы мен Қытайдың арасындағы қашықтық айтылып отыр. Мұндағы мақсат-ғылым іздеу қаншалықты ауырболғанына қарамастан оны талап ету әрбір мұсылманның міндеті екенін айту.

айтуды жөн көріп отырмыз. Әрбір топ өздерінің ұстанған бағытымен байланысты ғылымды күллі мұсылманның білуі парыз деп уәж айтты.

Мысалы, мутакаллимдер кәлам ғылымын айтты. Кәлам ғылымы арқылы кемшіліктен пәк Алланың сипатын біліп, Оның бірлігін таниды деді. Ислам құқықтанушылары фикһ (құқық) ғылымын айтты. Бұл ғылым арқылы құлшылық қылуды, халал мен харамды таниды және шарифат рұқсат беретін адамдармен қарым-қатынас жасау жолдарын біледі деді.

Ал енді муфассирлер (Құранды түсіндірушілер) мен мухаддисшілер (хадис ғылымын зерттеушілер) болса барлық мұсылманның білуі парыз айын болған ғылым – Құран мен Хадис ғылымдары деп айтты. Себебі, осы ғылымның екі қайнар көздері арқылы бүкіл ғылымға есік ашылады деп ойларын топшылады.

Сопылар өз кезегінде мұсылман атауына парыз болған ғылым осы ғылым деді. Бұлардың кейбірі: пенде Жоғары мәртебелі Алланың қасындағы өзінің жағдайы мен мақамын танытатын ғылым деп айтса енді басқалары: ықылас арқылы нәпсіні тәрбиелеп Алланың жіберген нәрсесінен эзәзілдің берген нәрсесін ажыратып танытатын білім деді. Кейбір ғалымдар: ол батыни (ішкі) ғылым. Мұны барлық адамның алатын қасиеті жоқ. Онымен тек арнайы кісілер ғана шұғылданады деп айтып осыдан бастап жалпы, бұқара (аммун) деген ұғым пайда болды.

Әбу Талиб әл-Мәкки бұл жайында: «Барлық мұсылманның білуі парыз болған ғылым – Исламның бес үстіні айтылған хадистегі ғылым», – деп Алла елшісінің (с.ғ.с.): **«Ислам бес үстінге құрылған: Алладан басқа құдай жоқ және Мұхаммед Алланың елшісі деп куәлік беру; намаз оқу; зекет беру; қажылық өтеу және рамазан айында ораза ұстау»**, – деп айтқан хадисін келтіреді (Бұхари, Мұслим).

Себебі исламның бұл бес үстіні – уәжіб. Сондықтан оларды орындау тәртіптері мен амалдарын кез келген мұсылманның білуі міндет.

Кітаптың кіріспесінде баяндағанымыздай ғылым екіге бөлінеді: амал-әрекет ғылымы мен зерттеу ғылымы. Мұнда айтылып отырған ғылым амал-әрекет ғылымы. Балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс пендеге орындауы үшін жүктелген амал-әрекеттің үш түрі бар: сенім, амал ету және орындамау.

Егер ақыл-есі дұрыс пенде балиғат жасына жеткен болса мысалы, ұйқыда жатып шаһуат суы келу нәтижесінде жүніб болса немесе жасы толса онда, оған сол сәттен бастап уәжіб болатын нәрсе әуелі – куәлік сөзін айту. Куәлік сөзі – **«Алладан басқа Құдай жоқ және Мұхаммед Оның елшісі»**.

Ол адам үшін айтылған кәлиманың мән-мазмұнын зерттеп, ой-жүгіртіп ізденуі міндетті емес керісінше, дауыстап айтып, күмәнге тап болмай көңілімен растаса жетіп жатыр. Кәлиманы білетін адамның

артынан қайталап айтсада дұрыс саналады. Бұған келесі хадис дәлел болмақ, Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Алланың елшісі естіген кәлимасын қайталап, оны растаған дәрекі, сауаты жоқ арабтын куәлік сөзін дәлел келтірмеген күнде де дұрыс санайды»*, – деп айтқан (Мұслим).

Осы кәлиманы келтірген уақытта мұсылман өзіне айтуы парыз айын болған міндетінен құтылған саналады. Егер осы заматта бақилық болса онда Алланың алдына Оның әмірін орындап бойсынушы ретінде барады. Енді кім балиғат жасына жетіп кәлиманы айтқаннан кейін түс мезгіліне шейін өмір сүрген болса ол адамға түс мезгілінің кіруімен дәрет алу тағлымы мен намаз тағылымы парыз болмақ. Түс мезгілімен бірге түскі намазын оқу міндеті де жүктеледі. Қалған намаздар да осындай реттілікпен жалғасып отырады.

Сол сияқты ол адам Рамазан айына дейін өмір сүрсе онда ораза айының келуімен ораза ұстау ережелерін де білу міндеті жүктеледі. Себебі рамазан айының шарты бойынша ораза ұстауға ниет қылады, кейін таң атқаннан күн батқанға шейін ішпейді, жемейді және төсек қатынасына бармайды. Осылайша келесі айдың (жаңа айдың) туылған мезгіліне шейін созылады.

Егер қолында малы бар болып оның нисабы (көрсеткіш саны) зекет беретін мөлшерге жететін болса онда зекет ғылымын үйренуі – парыз. Алайда, ислам зекет беру үшін белгілеген талаптардың барлығы орындалған уақытта ғана оның зекет білімін үйренуі парыздық күшіне енеді. Ол үшін мұсылман болған (кәлима айтқан) күннен бастап бір жыл мерзім өтуі қажет.

Зекет парыз болған кісінің тек түйе малы болса онда зекет ғылымының ішіндегі тек түйеге қатысты ғылымын білуі парыз. Сол сияқты басқа да малдардың түріне қатысты білуі парыз болған ғылымның түрі де ауысып отырады. Мұсылман қажылық айларына кірген уақытта қажылық амалын үйренуі міндетті. Ғұламалардың айтуынша артық дүниесі мен қажылыққа беретін көлігі бар адам үшін қажылық – парыз. Сондықтан қажылық амалы тез арада орындалатын парыздардың қатарына жатпайды. Оның орындау рәсімдерін байыппен үйренуге көңіл бөлу лазым. Дегенмен, қажылыққа бару бірінші мәрте парыз болған мұсылман үшін қажылықтың нәфіл (қосымша сауап үшін) емес, тек парыз бен уәжіп амалдарын үйренуі міндетті. Нәфіл амалдарды негізгі парызын орындаған соң барып үйренеді.

Егер қажылықтың нәфілдерін үйренетін болса демек, оның нәфілді үйренген білімі де парыз айын емес, нәфіл есептеледі. Сол сияқты орындалуы парыз айын болған амалдардың білімі де парыз айын болып жалғаса бермек.

АЛЛАҒА ҒАШЫҚТЫҚ

МАХАББАТ, ЫНТЫЗАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОСТЫҚ ПЕН РИЗАЛЫҚ

Аллаға мақтаулар болғай! Ол – сондай Алла, Өзінің жақын құлдарының жүрегін дүниенің зейнеті мен байлығына берілуден пәк қылды. Олардың жан дүниесі тек Алламен машғұл (әлек), ал көңілдері тек Алланың шексіз ұлықтығын зікір етеді. Сол үшін Алла оларға көркем есім-сипаттарымен белгілі болды. Сөйтіп, олардың жүректерін білім нұрымен жарықтандырып, Өзінің құдіретін көрсетіп, жүректерін махаббат отына орады.

Аллаға мадақ! Ол әулие пенделерінен құдірет пердесімен жасырынды. Олардың жүректері Алланың шексіз ұлықтығы мен құдіретіне қарап, қайран қалады. Ал енді олар Алланың ұлықтығын көруге назар салғанда, ақыл-естен айырылып құлайды. Осылайша, Алланың ұлықтығын көруге үміттері үзіліп, қайтып кеткелі тұрғанда, ғайыптан:

«Ей, Аллаға білімсіз және аптығып жақындағысы келген, бірақ үміті үзілген жан! Сабыр ет!», – деген көркем дауыс шығады. Сонда пенденің жүрегі Алланың білім теңізіне батып, Оның махаббат отына жанған күйде қалады.

Нәбилікті кемеліне, пайғамбарлықты ақырына жеткізген елшіміз Мұхаммедке, оның әулетіне, ақиқаттың көшбасшылары, үмбетінің көсемдері мен имамдары сахабаларға сансыз салауат пен сәлем болғай!

Расында, пенде Алла болған махаббат мәртебесіне жеткен соң оған ынтызарлық, достық, ризалық сияқты оның жемістері көрінеді. Әрине, махаббаттан бұрын тәубе, сабырлық, тақуалық іспетті т.б. бастапқы баспалдақтары да бар. Адамға мұндай мақамдар келген жағдайда жүрек оларды растап отырады.

Ал енді Алла тағалаға деген махаббатқа келсек, бұл жағдай өте сирек. Сондықтан кейбір ғалымдар: «Аллаға махаббат – Алла тағалаға үнемі бойсыну. Оның басқа мағынасы жоқ. Махаббаттың ақиқаты, тек өзіне ұқсас және тектес нәрселердің арасында ортаға шығады», – деген пікірді ұстанады. Олар Аллаға деген махаббатты жоққа шығару арқылы ынтызарлық, достық пен мінажат ләззаттары сияқты мақам мен жағдайларды да терістейді.

Демек, бұл мәселедегі білімсіздіктің пердесін көтеру қажет. Олай болса біз кітапта төмендегі тақырыптарды баяндаймыз:

Махаббатқа қатысты шарифат дәлелдері.

Махаббаттың ақиқаты мен себептері.

Алла тағаладан басқа ешкім ақиқат махаббатына лайық емес.
Ләззаттің ең жоғарысы, Алла тағаланың сұлулығын көру.
Ақыретте Алланы көру ләззатының арта түсуі, осы дүниеде Алла тағаланың тану біліміне байланысты.
Алла тағалаға деген махаббатты күшейтетін себептер.
Махаббатта адамдардың әртүрлі болу себептері.
Ынтызарлық мағынасының баяны.
Алла тағаланың пендесіне деген махаббаты.
Пенденің Алла тағалаға деген махаббатының белгілері.
Алла тағаламен шынай достасудың баяны.
Ризалық және оның артықшылығы.
Мінәжат ету, күнәні жек көру және одан аулақ жүру.
Алла тағаланы сүйетін пенделердің даналық сөздері мен әңгімелері.

ПЕНДЕНІҢ АЛЛАНЫ ЖАҚСЫ КӨРУІНЕ ШАРИҒИ ДӘЛЕЛДЕР

Біліп ал! Үмбет, халықтың бір ауыздан Алла тағаланы және Оның елшісін (с.ғ.с.) сүюі парыз. Бізге Алла тағаланы жақсы көру керектігін растайтын мына аяттар дәлел:

«Адамдар арасында әлде бір хикметтерді Алладан кем көрмей, сиынатындар да табылады. Алланы сүйгендей, оларды да сүйеді. Ал мүминдер Алланы ғана сүйеді» (Бақара: 165).

«Ей, иман келтіргендер! Егер сендерден кім діннен безсе, олардың орнына Алла Өзін жақсы көретін, оларды Өзі де жақсы көретін... басқа бір қауымды әкеледі» (Маида: 54).

Бұл аяттар махаббаттың және оның әртүрлі болатынын дәлелдейді. Алланың елшісі (с.ғ.с.) өз хадистерінде Алланы сүю иманның шарты екенін айтады.

Әбу Разин Тукай пайғамбардан (с.ғ.с.): *«Уа, Алланың елшісі! (с.ғ.с.) иман дегеніміз не?»*, – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Алланы және Оның елшісін басқа нәрселерден артығырақ сүюің»*, – деп жауап береді (Ахмад).

Анас ибн Мәликтің келесі хадисінде: Алланың елшісі (с.ғ.с.): *«Мені отбасынан, малы мен адамдардан артығырақ жақсы көрмейінше пенденің иманы кемелденбейді»*, – деп айтқан. Басқа риуаятта: *«Тіпті өзінен де артық жақсы көрмейінше»*, – делінген (Бұхари, Мұслим). Расында Алла тағала бұл жайында:

«Сен айт: Егер әкелеріңді, балаларыңды, аға-бауырларыңды, әйелдеріңді, жекжаттарыңды, жиған қазыналарыңды, тоқырап қалуынан қорқатын саудаларыңды, жақсы көретін үйлеріңді

Алладан, Оның пайғамбарынан және Құдай жолында күресуден де жақын деп білесіндер, онда Алладан бір пәрмен келгенше күте тұрындар», – деп хабар берген (Тәубе 24).

Сол сияқты Алланың елшісі де (с.ғ.с.) сүюге бұйырған: *«Сендерді шексіз нығметімен ризықтандырған үшін Алланы және Алланың маған болған махаббаты сияқты мені жақсы көріндер»* (Ибн Абастан Термези келтірген).

Келесі риуаятта бір адам: *«Уа, Алланың елшісі! Мен сізді жақсы көремін»*, – дейді. Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Бәлекеттерге дайын бол»*, – деді», – деп келеді (Термези).

Омар ибн Хаттаб (Алла оған разы болсын): *Алланың елшісі (с.ғ.с.) Мусғаб ибн Умаирге жүзін бұрып қарады. Оның үстінде қойдың терісінен жасалған киім бар еді* (Бұл көрініс оның дүние махаббатынан бас тартқанын көрсетеді). Сонда пайғамбар (с.ғ.с.): *«Алла тағала жүрегің нұрландырған мына пендеге қараңдар! Мен әуелі де оның ата-анасының құзырында ең тәтті тағам, ең шырын сусын, ішіп-жеп отырғанын көрген едім. Енді Алла және Оның елшісінің махаббаты, оны сіз көріп тұрған жағдайға түсіріпті»*, – деп айтты», – деген.

Әзірейіл періште (өлім періштесі) Ибраһим пайғамбардың рухын алғалы келеді. Ибраһим пайғамбар оған: *«Сен шын достың өзінің шынайы жолдасының өлтіргенін көрдіңбе?»* – деп сұрайды. Алла тағала Ибраһим пайғамбарға: **Ғашық өз сүйгенімен қосылғысы келмегенін көрдің бе?** – деп уахи жібереді. Сонда барып Ибраһим: *«Ей, ажал періштесі! Енді жанымды ала бер»*, – депті деген риуаят бар.

Мұндай ақиқатқа Алла тағаланы барлық жүрегімен сүйген пенде ғана жетеді. Өлім, сүйгенім қосатынын білген жүрек, қуаныш табады. Ондай жүрек өлімінен басқаны керек қылмайды және өзге нәрселерге көңілді бөлмейді.

Муғаз ибн Жәбәл: *«Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Ей, Алла! Маған Өз махаббатыңды, Сені сүйген пенделерінің махаббатын, Сенің махаббатыңа жақындататын амалды жақсы көруімді нәсіп ет! Махаббатыңды маған салқын судан да жақсы көрсет!»*, – деп дұға қылатын» – деген хабарды жеткізген (Термези).

Анас ибн Мәлик: *«Бір бәдауи пайғамбардың (с.ғ.с.) құзырына келіп: «Ей, Алланың елшісі! Қиямет қашан болады?»* – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Қиямет күні үшін не әзірледің?»* – деді. Сұраққа сұрақпен жауап береді. Бәдауи: *«Мен ол күн үшін көп намаз бен көп ораза әзірлей алмадым. Бірақ мен Алламен Оның елшісін жақсы көріп дос көремін»*, – дейді.

Пайғамбар (с.ғ.с.): *«Адам өзінің сүйген (нәрсесімен) бірге болады»*, – деді» деген хабарды келтіреді (Бұхари, Мүслим).

Хадисті риуаят қылған Анас (Алла оған разы болсын): «Мұсылманды Ислам нығметінен соң басқа нәрсенің осынша қуандырғанын көрмедім», – деген.

Әбу Бәкір Сиддиқ (Алла оған разы болсын): «Кім Алла тағаланың махаббатын татып көрсе, дүниемен ісі болмай қалады және адамдардан окшауланады», – дейді.

Хасан Басри: «Кім Раббыны таныса, Оны сүйеді. Кім дүниені таныса, одан жүзін бұрады. Мүмин өмірін ұйқыда өткізбейді, бәлкім ақыретін ойлап, қайғыда болады», – деген.

Әбу Сүлеймен әд-Дарани: «Алла тағаланың пенделерінің ішінде сондайлары бар, оларды жәннаттар мен ондағы нығметтер Алланың махаббатынан тоса алмайды. Ал енді олар үшін дүние зейнеті қалай бөгет болсын?!» – дейді.

Келесі риуаятта Иса пайғамбар үш топты кездестіргені жайында баяндалады. Бірінші топтағы адамдардың реңі шаршаған, жүдеген еді. Иса пайғамбар олардан: «Мынадай хәлге қалай тап болдыңдар?» – деп сұрайды. Олар: «Тазалықтан қорқудың салдарынан», – дейді. Иса пайғамбар: «Қорыққан адамға амандық сыйлау, Алланың ақысы», – дейді.

Кейін олардан өтіп, басқа үш топқа кезігеді. Олардың бейнесі әуелгі топтағылардан да жүдеу еді. Иса пайғамбар: «Не үшін мынадай күйге түстіндер?» – деп сұрады. Олар: «Жәннатқа деген ынтызарлығымыз», – дейді. Иса пайғамбар: «Сендер үміт қылған нәрсені беру, Алланың ақысы», – дейді.

Мұнан соң келесі топқа жолығады. Бұлардың хәлі, әуелгі екі топтағылардан да нашар еді. Бірақ жүздері нұрланған адамдар болды.

Иса пайғамбар: «Мынадай күйге жеткізген не нәрсе?» – деп сұрайды. Олар: «Біз ұлық және құдіретті Алланы сүйеміз», – десті. Иса пайғамбар қуанған хәлде: «Сендер Аллаға жақын пендесіңдер. Сендер Аллаға жақын пендесіңдер», – деп қайталайды.

Абдулуахид ибн Заид: «Мен қарда тұрған адамның қасынан өтіп жатып: «Суық емес пе?» – деп сұрадым. Ол маған : «Кімді Алланың махаббаты машғұл етсе, суықты сезбейді», – деді» – деген әңгімені айтады.

Сирри әс-Сақати (Алла оны рахым етсін): Күллі үмбет қиямет күнінде өз пайғамбарының есімімен шақырылады, яғни: «Ей, Мұсаның үмбеті, ей Исаның үмбеті, ей Мұхаммедтің үмбеті!», – делінеді. Ал енді Алланы сүйген пенделер: «Ей, Алланың достары, Алла тағаланың құзырына қош келдіңдер!», – деп шақырылады. Олардың жүректері қуаныштан жарылуға әзір тұрады», – дейді.

Іарам ибн Хаиан (Алла оны рахым етсін): «Мүмин ұлық және құдіретті Раббысын таныса, әлбетте Оны сүйеді. Егер оны сүйсе, оған толық бет бұрады. Егер Раббыға толық бағытталудн ләззат алса, дүниені

сүймейді, ақыретке немқұрайлы қарамайды. Бұл жағдай оның дүниедегі қайғысы болса, ақыреттегі рахатына себеп болады», – деген хабарды баяндайды.

Яхия ибн Муғаз (Алла оны рахым етсін): «Алланың кешірімінің кеңдігі сонша, оған барлық күнәлар батып кетеді. Сонда Оның разылығы қандай болмақ?! Алланың разылығының кеңдігі сонша, барлығы батып кетеді. Олай болса Оның махаббаты қандай болмақ?! Алланың махаббатынан ақыл есінен адасады. Олай болса Оның достығы қандай болмақ?! Оның достығы Өзінен басқасының барлығын ұмыттырады. Олай болса, оның мейірімдігі қандай болмақ?!» – деген.

Келесі риуаятында: «Аллаһым, Сенің қасыңда көрінбей ғұмыр кешемін. Саған мадақ айтып құлшылық етемін. Мені бала кезімнен жолына салдың, Өзіңді танытып суғардың. Өзінің ізгілігінен бердің. Түрлі оқиғаларды басыма бердің. Кемшіліктерді жасырдың, тәубе қылдырдың, оқшауландырдың, ынтызарлыққа салдың, махаббатпен амал қылдырдың сөйтіп мені сынаққа салдың. Мені хауызына жібер, шөлімді басайын. Саған құлшылық етіп шынығайын. Сенің әміріне бойсынайын, Сөзіңді үнемі қалап тұрайын!

Балалық шағымнан Саған құлшылық етіп әдет қылдым, енді сақал-мұртыма оқ түскенде қайтып Сенен кетпекпін?! Мен бұл дүниеде қанша уақыт қалса-дағы зікір айтамын, Саған мінәжат қыламын. Себебі мен Саған ғашықпын. Әрбір ғашық өз махаббатын тілейді, одан басқа ешкімді көрмейді», – деп айтқан.

Осы сияқты, Алла тағалаға деген маған махаббат жайында айтылған көптеген хабарлар бар. Олардың көптігі сонша, шегі көрінбейді. Келесі кезекте махаббат мағынасын анықтау үшін таным теңізіне байлап, оны түсінуге тырысып көрейік.

МАХАББАТЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ПЕНДЕНІҢ АЛЛАҒА МАХАББАТЫ

Біліп ал! Бұл білімнің мақсаты – махаббаттың негізгі мағынасын, оның шарттары мен себептерін түсіндіру. Мұнан соң махаббаттың мағынасын анықтау үшін Алла тағалаға назар салу.

Әуелі махаббаттың не екенін білу және оны түсіну لازم. Себебі адам өзінің білген нәрсесін ғана жақсы көреді. Сол үшін жансыз нәрселерді махаббатпен сипаттау ақылға кірмейді. Бәлкім махаббат, түйсігі бар жанның ерекшелігі.

Адамның бір нәрсеге деген (жақсы немесе жек көру) сезімін төмендегі мысалмен келтіруге болады:

1) (Адамның ғашық болған нәрсесі) оның сезіміне жақын, оны рахатқа бөлейді.

2) (Адамның ұнатпаған нәрсесі) оның сезіміне теріс, оған ұнамайды.

3) (Адамның немқұрайлы қараған нәрсесі) оны рахатқа бөлемейді немесе теріс әсер етпейді:

Ләззат пен рахатқа бөлеген күллі нәрсе адам үшін махаббатына айналады. Керісінше адам нәпсісіне ауыр келген күллі нәрсе, оған ұнамайды, оны жек көреді. Ал енді рахаты немесе жамандығы білінбеген нәрсе жақсы көрілген немесе жек көрілген деп аталмайды.

Демек, ләззатты нәрсе, рахат тапқан адам үшін махаббатына айналады. Жақсы көрілген нәрсенің мағынасы, адам баласының оған жақын болуы. Жек көрілген нәрсенің мағынасы, адамның оны өз болмысынан жек көруі.

Жақсы көру деп – адамның болмысынан ләззат алатын, рахат табатын күллі нәрсеге айтады.

Жек көру деп – адамның болмысына ауыр және қиын соғатын нәрселерді айтады. Бұл айтылғандар осы бөлімде махаббатың мағынасына қатысты білуіміз қажет болған білім.

Екінші мәселе, махаббат таным мен білімге тиесілі болғандықтан, танылатын нәрселер түйсік ағзаларының айырмашылығына байланысты. Өртүрлі келеді. Өрбір түйсіктің сезілетін нәрселерді ажыратуы, табиғи жағдай. Сол себепті сезім мүшелерінің кейбір сезілетін нәрселерден ләззаттанады.

Адам жаратылысында осы ләззаттың болуы себепті сол нәрселерге бейімділік оянады. Сондықтан кейбір түйсік арқылы танылатын нәрселер табиғат болмысы дұрыс адамдардың назарында жақсы көрінеді. Мысалы, көздің ләззаты, көркем заттарға қараған кезде рахатқа бөлену, сұлу әшекейлі заттарға қарауды ұнату. Құлақтың ләззаты, өлшемді реттілік пен келетін тартымды дыбыс әуендерін жақсы көреді. Мұрын түйсігінің ләззаты, қош иістерді жақсы көреді. Дәм түйсігінің ләззаты, дәмді әрі тәтті тағамдарда, сипау түйсігінің ләззаты, жұмсақ әрі нәзік нәрселерде.

Түйсік арқылы танылатын осы нәрселер ләззатты болса, онда (адамның) жақсы көретін заттарына айналады. Басқаша айтқанда адамның дұрыс болмысы осы нәрселерге жақын әрі икемді тұрмақ. Әнас ибн Мәлик пайғамбардың (с.ғ.с.):

«Маған дүниенің үш нәрсесі жақсы көрсетілді: Жұпар иіс, әйелдер және көзімнің (жүрегімнің) қуанышы - намаз», – деп айтты» деген хадисін келтіреді (Нисай риуаяты).

Алланың елшісі хадисте жұпар иіс жақсы көрсетілген деді. Жұпар иісте көз бен құлақ түйсіктерінің үлесі жоқ екені белгілі, бәлкім ол мұрын түйсігі арқылы ғана сезіледі. Кейін жақсы көрілген, екінші нәрсе, әйелдер. Мұнда иіс пен дәм сезу және есту түйсіктерінің үлестері жоқ,

бәлкім көз бен қол яғни сипау түйсіктерінің ақысы болмақ. Үшіншісі көздің қуанышы – намаз деп мұны жақсы көрілген нәрселердің жоғарысына шығарды. Алайда намаз арқылы, біздегі бес түйсіктің ешбірі ләззаттанбайтыны белгілі.

Демек намаздың рахатын сезу үшін алтыншы, жасырын түйсік керек. Ол – жүрек. Намаздың ләззатын жүрегі ояу адам ғана сезеді. Сезімнің бес түйсігімен рахаттану қасиеті парасатсыз жануарларда да бар.

Егер махаббат тек бес сезім мүшелерімен ғана шектелер болса, Алла тағала бес сезім мүшелерімен танылмайтын заттарды, (көзге) көрінетін етіп жасауы қажетті болар еді. Бұл кезде адамның негізгі болмысы мен оған тән ақыл, нұр, жүрек рух сияқты қасиеттермен берілетін алтыншы сезім мүшесі жоқ саналар-ды.

Жүрек көзі, сыртқы көздең артық. Сол сияқты ақыл арқылы танылған көркем мағыналар, көзбен көретін сыртқы бейнелердің сұлулығынан жоғары. Таныммен келген жүректегі ләззат, көзбен көріп, туған ләззаттан толық әрі кемел екеніне күмән жоқ, адамдарға дұрыс ақыл мен болмыста бұған деген тартылыс басым келеді.

Жақсы көрудің мағынасы – таным арқылы ләззат алатын нәрсеге құмартып тұру. Демек Алла тағаланың махаббатын тек жануардың дәрежесіне түскен және сыртқы бес түйсік мүшелерен тысқары аса алмаған адамдар ғана терістеуі мүмкін.

Үшінші негізгі мәселе: Расында адам өзін жақсы көреді және өзгені де, өзі үшін жақсы көретіні жасырын емес. Алайда адам басқа адамды өз пайдасы үшін емес, бәлкім оны шынайы болмысы үшін жақсы көруі мүмкін бе? Бұл жағдай (ақылы) әлсіз жандарға қиын келеді. Олар адам басқа адамды шынайы болмысы үшін жақсы көруін (көз алдарына) елестете алмайды. Бұлай болуы мүмкін емес деп ойлайды. Оның шынайы болмысынан бөлек бір пайда болса ғана басқаны жақсы көруі мүмкін дейді. Шынында да бұл жағдай бар және жиі кездеседі. Олай болса махаббаттың себептері мен түрлерін баяндамақпыз.

Кез-келген тіршілік иесі әуелі өзін және өз болмысын сүйеді. Адамның өзін жақсы көруінің себебі, оның болмысында жатыр. Ол үздіксіз өмір сүруді жақсы көреді, ал өліммен фәнилікті жек көреді. Себебі адамның табиғатында сүйікті болған нәрсе, соған (мәңгі өмірге) бейім тұрады. Адамға өзі мен өмірінің үздіксіз жалғасуынан артық бейім келетін не нәрсе бар?!

Сондықтан адам болмысындағы нәпсінің өлімінен асқан жаман және жек көретін не нәрсе болуы мүмкін дейсің?!

Сол үшін адам өмірінің үздіксіз болуын жақсы көріп, өлімді жек көреді. Өлімнен қорқу тек ажалдан немесе өлімнен кейінгі жағдайдан ғана емес, оның жаны ауырмаса, азап тартпаса, өлімге разы болмайды

және оны жек көреді. Өмірде өлім және жоқ болудың қасіреті қатты болғандықтан ол екеуін жек көреді. Егер үстіне үздіксіз қайғы-қасірет жапса, онда оның махаббаты сол қайғы-қасірет кетіретін (нәрсеге) ауысады. Ал қайғымен қасіреттен азат қылатын нәрсе – өлім.

Сонымен өлім мен фәнилік (жоқ болу) жек көрілетін нәрселер. Себебі нұқсандық (кемшілік) кемелдікті жояды. Өмір сүру кемелдігі жақсы көрілгені сияқты, кемелдік сипаттарының да бар болуы жақсы көріледі. Бұл Алла тағаланың заңына сәйкес, адам табиғатындағы тұрақты құбылыс:

«Бұл – Алла тағаланың бұрыннан ұстап келген жолы. Ол белгіленген жол ешқашан өзгермек емес» (Фатх: 23).

Демек адам үшін ең әуелгі сүйікті нәрсе, өзі кейін ағзаларының саулығы, сосын мал-дүниесі мен перзенттері, бауырлары мен достары. Ағзалар сүйікті, олардың саулығы болса қажетті нәрсе. Себебі, өмір сүрудің кемелдігі мен жалғасындығы соларға байланысты. Мал-дүниеде де сүйікті. Өйткені ол да өмір сүрудің кемелділігімен жалғасымдығына септігін тигізеді. Адам бұл нәрселерді шынайы болмыстары үшін емес, бәлкім өз өмірінің жалғасындығы осылармен байланысты болғаны үшін жақсы көреді.

Сол сияқты адам өз перзентінен аса пайда көрмесе де, оны жақсы көреді. Баласы үшін көптеген машақаттарға шыдайды. Адам нәсілі мен тегінің жалғасы өзінен перзент қалуына байланысты. Сондықтан өмірінің жалғасындығын шектен тыс қалайтын адам өз орнына қалатын адамның да мәңгілігін жақсы көреді.

Адам өзінің мәңгілігінен үміті үзілген кезде, оның ұлы өзінің бір бөлігі сияқты. Алайда оған өзі мен баласының ортасына өлім ықтияры қойылса, ол өз өмірін перзентін жоғары қояды. Себебі өз мәңгілік жасай алмайтын болған соң, өзінің жалғасы ретінде баласының өмір сүруін қалайтын еді.

Адамның ағайын-туыстарына болған махаббаты да өз кемелдігін жақсы көруімен байланысты. Ол өзін олармен бірге күшті сезінеді, олардың толықтығымен бірге өзін кемел көреді. Ағайын-туыс және мал-дүние мен сыртқы себептер адамға екі қанат бітіреді.

Өмірдің кемелдігі мен жалғасымдығы адамзат табиғаты үшін жақсы көрілген (сүйікті) нәрсе. Демек әрбір жан иесі әуелі өзін, кейін нәпсісінің кемелдігі мен мәңгілігін жақсы көреді. Бұлардың қарама-қарсысы оның жек көретін нәрселері болмақ. Баяндаған осы жағдайлар махаббатты туғызатын **бірінші себеп**.

Екінші себеп – Ихсан (жақсылық жасау).

Адам – ихсанның (жақсылықтың) құлы. Жүрек, жақсылық қылған адамды жақсы көретіні, жамандық қылған адамды жек көрері анық. Сол себепті Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Ей, Алла! Арсыз (күнаһардың) қолын менің үстіме қойдырма** (яғни ол адам маған жасамасын) **Сол үшін**

жүрегім оны жақсы көріп қалмасын», – деп айтқан (Әбу Мансур әд-Диләми «Муснад әл-фирдаус» кітабында Муғаз ибн Жәбәлдан риуаят риуаят қылған).

Пайғамбардың осы хадисі жүректің жақсылық жасаушыны жақсы көрмей тұра алмайтынын білдіреді. Бұл адам атауының табиғаты мен жаратылысы, мұны өзгертіп болмайды. Осы себепті адам басқа ұлттың өкілі бола тұра, яғни ортада ағайындық, не тілдік жақындық болмағанына қарамай өзге (ұлт өкілін) жақсы көреді.

Расында мухсин (жақсылық жасаушы) – мал беру, жәрдем көрсету сияқты өмір сүрудің кемелдігі мен жалғасымдығына жетелейтін т.б. себептер арқылы несібеге қол жеткізу үшін демеп, септігін тигізеді. Мұның бірінші себептен айырмашылығы, бірінші адам ағзаларын жақсы көреді. Олардың саулығы, оның өмір сүруінің кемелдігі. Бұл нақты талап қылынған кемелдік. Ал (екінші себептегі) жақсылық жасаушы адам нақты талап қылынған кемелдік емес, бірақ сол кемелдікке себеп. Бұл жағдай, ағзалардың үнемі саламатта болуы үшін дәрігердің себепшілік қызметіне ұқсайды.

Сау саламаттыққа себепші болғаны үшін жақсы көріледі. Осы сияқты білім һәм ұстаз да жақсы көрілген. Тағам мен сусын өз болмыстарымен жақсы көрілген, ал ақша оларға септік болғаны үшін жақсы көріледі.

Осылайша арадағы, айырмашылық дәрежесі ортаға шығады. Негізінде бұлардың әрбірі адам өз нәпсісін жақсы көруінің арқасында пайда болады. Жақсылық істеуші адамды жақсылығы үшін жақсы көрген пенде, ақиқатында оның болмысын емес, бәлкім істеген жақсылығын жақсы көреді. Бұл жақсылық оның амалдарынан бір амал ғана (яғни жақсылық істеген адамның әрекеттерінің бір ісі ғана).

Жақсылық істеген адамның болмысы тұрақты әрі жалғасушы болса, ол істеген жақсы амалы уақытша яғни жақсылық әрекет жоқ болса, махаббатта жойылады. Амал азайса, махаббатта азаяды. Егер (жақсы амал) көбейсе, онда махаббатта һәм артады немесе кемиді.

Махаббаттың (пайда болуының) **үшінші себебі** – кейбір белгілі нәрселердің ешбір пайдасы болмағанымен жақсы көріледі. Бұған олардың шынайы болмысы себеп. Ол үздіксіз жалғаса берсе, мығым бола береді. Мысалы: сұлулық пен әдемілікке деген махаббат. Сұлулық, әрбір ақылы дұрыс пенденің қалауында жақсы көрілген зат. Бұл, сұлулықтың шын болмысына қатысты. Оны таныса адамға ләззат береді. Ләззат дегеніміз – ешқандай тысқары себепсіз, сол заттың болмысына деген махаббат.

Сұлу бейнелерді жақсы көру тек қалауды қанағаттандыру деп ойлама. Қалаудың құмарын басу, ләззаттың басқа түріне жатады. Сұлулықты тану – ләззат.

Демек сұлулықтың шынайы болмысын жақсы көру табиғи жағдай. Мұны теріске шығару мүмкін емес. (көздің жауын алатын) жап-жасыл шөптер, сарқырап аққан сулар қолданылмаса немесе пайдаланылмаса да оларға адал сүйсіне қарайды. Оларды жақсы көреді. Әбу Нуғайм деген хадисші Абдуллаһ ибн Аббастан (Алла ол екеуіне разы болсын) риуаят қылған хабарда Алланың елшісі жап-жасыл өсімдіктерге сарқырап ағып жатқан суды жақсы көрген. Алуан түрлі түстерге гүлдер мен әсем дауысты құстарға, үйлесімді нақыш өрнектеріне қарап тамашалауға рұқсат. Тіпті бұл сұлулықтарға қарап пайда талап қылмағанымен, адам бойындағы уайымнан арылады, жақсы демалады.

Кез-келген ләззатты нәрсе жақсы көріледі. Қандайда бір сұлулық пен әсемдікті тану құбылысы ләззат тудырады. Сөйтіп сұлулықты шынайы болмысы үшін көрілетінін ешбір пенде терістей алмайды. Шынайы расында сұлулық тек Алланың болмысында екені анық. Оның сұлулығымен ұлықтығын түсінген пенде үшін Алладан басқа сүйікті зат болмайтынына күман жоқ. Алланың елшісі (с.ғ.с): *«Расында Алла – сұлу, барлық нәрседі сұлулықты жақсы көреді»*, – деген (Ибн Масғудтан Мүслим риуаят қылған).

Төртінші негізгі мәселе: Сұлулық және әдеміліктің мағыналары.

Біліп ал! Қиял мен сезімдердің торына қамалған адам әсемдік пен сұлулықтың бір-бірінен айырмасы жоқ. Тек жаратылыс, пішін және рең жағынан ұқсастық немесе бойдың ұзындығы сияқты белгілер ғана болуы мүмкін деп түсінеді. Адамдар көп жағдайда адамның бет-әлпетіне қарайды да, көрінбейтін, ойға келмейтін пішіні мен реңі жоқ нәрселерді сұлу деп санамайды. Бұл – анық қате. Себебі сұлулық көзбен танылатын нәрселерге, жаратылыстың пішініне, ақ-қызыл реңдердің көшуіне байланысты емес.

Біз мына дауыс жағымды, мына жазу көркем, мына ат сұлу немесе мына киім әдемі, мына ыдыс әдемі деп жие айтамыз. Егер сұлулық тек бейнеде болса, онда дауыс, жазу және басқа да нәрселердің сұлулығы қандай мағына керек? Көздің көркем жазуға қарап рақат табатыны, құлақтың үйлесімді дыбысты естіп ләззат алатынын белгілі.

Танылатын нәрселердің әрбірі әдемі және көріксіз болып бөлінеді. Ендеше осы нәрселерге ортақ болған әдеміліктің мағынасы не? Бұл мәселе зерттеуді қажет етеді. Ал зерттеу дегеніміз ұзақ құбылыс. Адамгершілік ілімінде бұған кеңінен тоқтауға мүмкіндік жоқ. Сол себепті қысқа әрі нұсқа түрде былай делік: Күллі нәрсенің сұлулығы мен әдемілігі өзіне лайық және шамалас кемелдікте. Егер ол нәрседі өзі үшін мүмкін кемелдік толық болса, онда ол нәрсе сұлулықтың жоғарғы мәртебесі саналады. Ал енді кемелдіктің бір бөлігі ғана болса, оның сұлулығы мен кемелдігі де сол шамада болмақ.

Демек, сұлу ат – өзіне лайық пішін, рең, жорға жүріс, шабыс сияқты сипаттарды бойына жинаған ат. Көркем жазу, жазуға тәнәріптердің реттілігі, жүйенің дұрыстығы, әріптің орналасу тәртібінің әдемілігі сынды белгілердің бірігуі. Сонымен әрбір нәрсенің сұлулығы, өзіне лайық түрдегі кемелдік. Мысалы; адам тұлпарға сұлулық беретін сипаттар арқылы сұлу болмайды немесе жазу дауысты әдемі ететін қасиеттермен көркем болмайды. Сол сияқты құмыра (ыдыс) киімге тән әдеміліктің арқасында сұлу танылмайды. Басқа нәрселер де һәм осыған ұқсайды.

Егер сен: «Осы нәрселердің барлығы көз (көру) түйсігімен танылмаса да сезім түйсіктерінен ажыраған емес. Олар сезілетін нәрселер. (Түйсік) арқылы сезілетін нәрселердің сұлулығы мен әдемілігі теріске шығарылмайды. Олардың әдемілігін тану арқылы ләззаттың келері де анық. Алайда, (сезім) түйсіктерімен танылмайтын нәрселерде сұлулық болады ма?» – деп сұрасаң.

Біліп қой, сұлулық пен әдемілік сезім түйсіктері арқылы қабылданбайтын нәрселерде де бар. Мысалы; жақсы (көркем) мінез, жақсы білім, жақсы (рахат) өмір т.б. Жақсы (көркем) мінез дегеннен мақсат – білім, ақыл, ұстамдылық, ерлік, тақуалық, жомарттық, мейірімділік сол сияқты т.б. көркем мінездер. Осы жақсы (көркем) сипаттардың ешбірі сезім мүшелері арқылы танылмайды. Бірақ, жасырын, ішкі көздің нұрымен білінеді.

Осы сипаттармен ерекшеленген адам, бұларды (яғни сипаттарды) танитын адам үшін сүйкімді, сұлу. Адам жаратылысынан пайғамбарларды (Алланың оларға сәлемі болсын), сахабаларды (Алла оларға разы болсын) көзімен көрмесе де, оларға деген махаббатпен қарайтынын осының дәлелі ретінде келтіруге болады.

Имам Әбу Ханифа, имам Мәлик және Шафиғи сияқты мазһаб жолын қалаушыларға деген махаббат та осының мысалы. Тіпті кейбір адамдардың мазһаб қалаушыларынан болған махаббаты ғашықтық шегінен асып та кетеді. Бұл жағдай оның өз мазһабын күшейтіп және сақтау үшін барлық малын сарып қылуына соқтырады.

Мысалы, имам Шафиғты мүлдем көрмеген адам оны не үшін жақсы көреді? Оған деген шексіз махаббатқа бөлеген нәрсе сыртқы емес, ішкі дүниенің бейнесі. Себебі оның болмысының сыртқы бейнесі топыраққа айналған. Сонымен оған болған махаббаттың себебі, ғалымның (имам Шафиғтың) діндарлығы, тақуалығы, терең білімдігі, шарифат ілімін жеткізе білгені және еңбексүйгіштігі сияқты т.б. рухани сипаттар. Осы нәрселер көркем амалдарға айналып, олардың сұлулығы тек жүрек нұрымен танылады. Ал түйсік сезімдері (ағзалары) бұлардың (осы сипаттардың) алдында шарасыз.

Сол сияқты Әбу Бәкір Сыддықты (Алла оған разы болсын) жақсы көрген, оны басқалардан артық санаған немесе Әлиді (Алла оған разы

болсын) басқалардан ерекше санаған адам да бұларды білімі, діндарлығы мен тақуалығы және батырлығы іспеттес рухани сипаттары үшін жақсы көреді. Негізінде Әбу Бәкір Сыздықтың сүйегі, еті мен ағзалары құбылып жоқ болып кеткені, оның да сыртқы пішіні үшін жақсы көрілмегенін білдіреді. Оның жақсы көрілуіне себеп көркем сипаттары (мәңгі) қалды. Адамның сыртқы болмысы жойылғанымен, рухани, ішкі қасиеттер қалады. Сондықтан ол адамға деген махаббат та қала бермек.

Бұл көрем сипаттардың барлығы білім мен құдірет сипаттарына оралады. Барлық амалдың ақиқаты – білім. Құмарды жеңіп, өзін көркем сипатқа үндеу де күш арқылы іске асады. Ізгілік атауының ерекшеліктері осы екі қасиетке негізделіп тармақтанады. Бұл екі қасиетті (білім мен күш) түйсік мүшелерімен тану мүмкін емес және бөліктерге де бөлінбейді. Бөлікке бөлінбейтін, көзге көрінбейтін сүйкімді екі қасиеттің пішіні (бейнесі) мен рең жоқ. Солай бола тұра бұл екеуі дене болмысының құрамынан саналады.

Сонымен сұлулық, көркем мінез және ізгілік сүйкімді (сүйікті) нәрселерге жатады. Бұлар толық білім мен құдірет кемелдігінен бастау алады. Кемел білім мен құдірет сүйікті бола тұра түйсікке көрінбейді. Егер балаға ғайыптағы (көзіне көрінбейтін) немесе қасындағы яки болмаса қайтыс болған адамды жақсы көрсеткіміз келсе, оны ерлік, жомарттық, білім және басқа да сүйкімді сипаттармен көптеп мақтауымыз қажет.

Егер балақай осы сипаттарға сенсе, онда сол адамды жақсы көретін болады. Сахабаларды жақсы көру, Әбу Жәһилді және Ібіліс (шайтан) малғұнды жек көру дегеніміз, сезім мүшелерімен танылмайтын жақсы мен жаман мінездерге берілген терең сипаттардың арасында емес пе? Сол үшін адамдар Хатим әт-Тайды жомарттықпен, Халид ибн Уалидті ерлік сипатымен суреттеуі себепті жүрек оларды сүйеді. Бұл махаббат оларға, көзбен көрінетін суретке қарап немесе оларды жақсы көрген адамдардың асқақ армандарына жетуі себепті келмегені анық.

Сондай-ақ, бір өлкедегі патшаның тарихында оның әділ, қайырымды, адамдарға мол жақсылық жасағандығы баяндалса, жүректен оған деген махаббат орын алады. Бұл адам әлгі патшаның жақсылығын көрмесе-дағы жағдай осылай болмақ. Демек, адамның махаббаты өзіне жақсылық қылған адаммен шектелмейді. Жақсылық жасаған адамның ізгілігі басқаларға жетпесе де олар оны болмысы үшін жақсы көреді. Себебі күллі сұлулық пен ізгілік жақсы көріледі (сүйіледі). Сыртқы бейнелер сыртқы көзбен, рухани бейнелер рухани көзбен (жүрек көзі, иман нұрымен) танылады. Кім ішкі (рухани) көзден мақұрым болса рухани бейнелерді тани алмайды, оларды тамашалап рахат таппайды, сүймейді және оларға ынтасы да болмайды.

Кімнің көру қабілеті сыртқы түйсік мүшелерінен басым келсе, онда оның рухани мағыналарға махаббаты, сыртықы көрініс мағыналарына деген махаббатынан артық келеді. Жалпы айтқанда, дуалға салынған нақыштың көзге сұлу көрінгені үшін жақсы көрген адам мен пайғамбарды рухани дүниесінің сұлулығы үшін жақсы көрген адамның айырмашылығы жер мен көктей.

Бесінші себеп – жақсы көрілген мен жақсы көрушінің ортасындағы жасырын байланыс мәселесіне назар салсақ, онда кейбір кезде екі адам арасындағы махаббаттың негізі сұлулық емес екендігін байқаймыз. Әбу Һурайрадан (Алла оған разы болсын): *«Алланың елшісі (с.ғ.с.): «(Рух) бір-бірін таныса, дос болады. Егер (ол екеуі) бірін-бірі жек көрсе, қарсыласады», – деп айтты»* деген риуаятты Мұслим келтіреді.

Мұны «Сұхбат әдебі» кітабының «Алла үшін жақсы көру» бөлімінде айтқан едік. Себебі бұл жағдай (рухтардың өзара танысып достасуы) махаббаттың ғажап себептеріне қатысты.

Демек, махаббаттың бөлімдері бес себепке бөлінеді:

1. Адамның (нәпсінің) кемелдік пен мәңгілікке деген махаббаты;
2. Өзіне жақсылық жасаған адамға деген махаббаты;
3. Жалпы жақсылық (ізгілік) жасайтын адамға деген махаббаты;
4. Адамның жалпы сұлулықты (сыртқы көріністе немесе рухани дүниеге қатысты болса да) жақсы көруі;
5. Өзі мен басқа адамның арасындағы жасырын, яғни көзге көрінбейтін байланысы бар кісіге деген махаббаты.

Егер осы себептер бір адамда жиналса, онда махаббаттың арта түсетініне күмән жоқ. Бір кісінің перзенті сұлу, мінезі көркем, білімі жетілген, әрекеті саналы әрі әкесіне жақсылық қылатын болса, ол – шексіз сүйкімді (жақсы көрілген) ұл. Осы қасиеттер жиналған соң махаббаттың күші бұл сипаттардың шегіне сәйкес күшті саналады. Егер осы қасиеттер кемелдіктің ең жоғарғы дәрежесінде болса, онда махаббат та жоғарғы мәртебеге көтеріледі.

Енді осы себептердің барлығы тек Алла тағаланың жанында жиналып, кемеліне жете түсетіні туралы және Алладан басқа ешкім шынайы махаббатқа лайық емес екені хаққында баян қылмақпыз.

МАХАББАТҚА ЛАЙЫҚ ЖАЛҒЫЗ АЛЛА ЕКЕНІН БАЯНДАУ

Расында Алланы жақсы танымаған адам өзінің білімсіздік салдарынан Алладан басқаны жақсы көреді (яғни, Алланы қаншалықты танымаса, соншалықты басқаны жақсы көреді).

Алланың елшісін (с.ғ.с.) жақсы көру махаббаты – мақтаулы іс. Себебі бұл Аллаға болған махаббатты білдіреді. Ғұламалар мен

тақуаларға қатысты болған махаббат та осы сияқты. Сүйіктінің сүйген нәрсесі де сүйіктіге айналады. Алланы жақсы көрсе, демек Оның елшісі де жақсы көріледі. Мұның барлығы махаббатқа оралады, содан бастау алады.

Рухани көздері ашық пенделер үшін Алладан асқан махаббат жоқ. Махаббатқа Одан асқан лайық ешкім де болмақ емес. Бұған қатысты түсініктемені жоғарыда айтқан махаббаттың бес себебі қамтиды. Өйткені осы себептердің барлығы да Алланың қасында жиналған. Төменде осы туралы баяндамақпыз. Бұл себептер Алла тағалада ғана кемел болары ақиқат. Одан басқада болуы – қиял әрі метафоралық сөз, ақиқат емес. Бұл дәлелденген шындық.

Жүрегі ұйқылы, ақылы әлсіз адамдар Алла тағаланың махаббаты мүмкін емес деп ойлайды. Ал рухани көзі ашық адамдар үшін бұл анық жағдай. Сол сияқты ізденіс арқылы Алладан басқа ешкім шынайы махаббатқа лайық еместігі білінеді.

Бірінші себеп: Адамның өз нәпсісін, мәңгілігін, болмысының жалғасымдылығын жақсы көруі және өмірін қысқартатын, кемелдігіне нұқсан келтіретін барлық нәрсені жек көруі. Бұл жағдайды кез келген тіршілік иесінің табиғи жаратылысы десе де болады. Аталмыш қасиеттен ешкім қтыла алмайды. Бұл ақиқат, Алла тағалаға шексіз махаббатты оятады. Себебі өз нәпсісін және Раббысын таныған адам, өмірдің болмысы Алладан келетінін, өмірінің мәңгілігі мен кемелдігі Алла тағаладан берілетін нығмет екенін түсінеді. Олардың Алланың жаратуы мен жәрдемі арқылы болғанын және Аллаға оралатынын біледі.

Демек, адамды дүниеге алып келген, жоқтан бар қылған – Алла. Кемелдік сипаттарды және кемелдікке жетелейтін себептерді жарату арқылы адам болмысын толықтыратын (кемелдететін) тағы – Алла. Сондықтан бұл себептердің өмірге келуіне, орындалуына жол ашатын да Алла тағаланың Өзі.

Адам әуеліде жоқ еді. Алла тағала мейірімі арқылы оны жаратпағанда, пенде мәңгілік жоқтықта қала беретін еді. Алла әлем болмысын келтіргеннен кейін де пенденің өз бетінше жасап кете алмасы анық. Егер Алла оны мейірімі арқылы мәңгі қалдырмаса, онда ол қайтадан жоқ болмақ. Пендені дүниеге келтірген Алла оның жаратылысын кемел қылмаса, ол әлсіз қалмақ.

Қорытып айтқанда, ешбір пенде өз болмысында *әл-хай* (мәңгі тірі), *әл-қойюм* (үздіксіз күзетуші емес). Өз болмысынан мәңгі тірі әрі үздіксіз күзетуші тек – Алла. Одан өзгенің әрбірі Оның болмыс себебінен ғана нәр алуда.

Білгір адам өз болмысын жақсы көрсе, онда өзінің басқа заттан шыққанын білген кезде әлбетте, болмысының себепшісін және мәңгілік өмір берушісін жақсы көреді. Ол Алла тағаланы – Жаратушы, Болмысқа

келтіруші, Жоқтан бар етуші, Қалдырушы, Өз болмысында тұрақты бола тұра өзгені тұрақты қылушы деп біледі. Оны сүйеді.

Егер пенде Алланы сүймесе, онда өзін және Раббысын танымағандығы. Аллаға махаббат болмса, махаббат танымының жемісі де болмайды. Махаббат әлсіз болса, махаббаттің жемісі де құнарсыз (әлсіз) болмақ. Махаббат күшті болса, оның жемісі де күшті.

Хасан әл-Басри (Алла оны рахым қылсын): «Кім Тәңірді таныса, Оны сүйеді. Кім дүниенің ақиқатын білсе, онда дүниеден безеді», – деген. Адамның өз нәпсісін жақсы көріп, нәпсіні жаратқан Тәңірді жақсы көрмеуді қалай түсіндіруге болады?! Күннің ыстығынан қиналған адам көлеңкені жақсы көргені сияқты көлеңке түсіріп тұрған ағаштарды да жақсы көреді ғой. Болмыстағы барлық нәрсенің Алланың құдіретімен байланысын, көлеңкенің ағашқа, ал күн шуағының күннен шығатын байланысына ұқсатуға болады.

Сондықтан кез келген нәрседе Алланың таңбасы (әсері) бар. Барлық нәрсенің болмысы Оның болмысына байланысты. Бұл мысал білімсіз адамдар үшін өте дұрыс. Себебі олар жарық күннің әсері, одан тарап, сол арқылы пайда болады деп сенеді. Алайда бұл қате пікір. Жүрек иелеріне Аланың ақиқаты ашылатыны сияқты көзбен көрінетін нұр (жарық) Алла тағаланың құдіретінен пайда болады. Күнді және басқа да барлық денелерді жаратқан – Алла. Күннің нұры, оның пішіні мен бейнесі де Алланың құдіретімен тәмамдалған.

Демек, адамның өз нәпсісін жақсы көруі зәру жағдай екен, онда соны жаратқан және оған өмір берген Аллаға, Оның негізіне, сипатына, жаратқан денелеріне деген махаббаттың болуы да зәру. Кім осы ақиқатты түсінсе, онда нәтижесі осылай болмақ. Ал енді кім бұл махаббаттан мақұрым болса, нәпсі мен құмармен әуреге түсіп, Раббыны ұмытады. Оны шынайы білімен танымайды, ол адамның көзі құмармен шектеліп, сыртқы бейнені ғана көретін түйсікпен отырып қалады. Сөйтіп, ол тек көрініп тұрған дүниені ғана танитын болады. Бірақ, мұндай әлеммен шектелу, дүниеге әуес қойып, одан пайда табу (парасатсыз) жануарлардың да қолынан келеді. Алланың патшалық әлеміне тек періште сипатты адамдар кіре алады. Оның сипаты періштеге қаншалық жақын болса, патшалық әлем сырларын да соншалық көп көре алады. Парасатсыз жануар әлемінің шырмауына түсіп қалған пенде бұл әлемге (Алланың патшалығына) кіре алмас.

Екінші себеп: адамның өзіне жақсылық қылған, мал-мүлкімен, басқа да мүмкіндіктерімен жәрдем көрсеткен, дұшпанды жеңген, оны бұзық адамдардың кесірінен сақтап қалған және басқа да жақсылықтарға себепші болған адамды жақсы көруі. Күмәнсіз, мұндай адамдарға махаббат ауады. Бұл жағдай да жоғарыдағы сияқты Аллаға деген махаббатқа жол бастайды.

Егер пенде ақиқатты түсінсе, оған жақсылық жасаушы тек Алла екенін біледі. Алланың күллі пенделерге жасайтын жақсылық түрін есептеп (көрсетуге) құдіретіміз жетпейді себебі, бұл есеп-қисаптың шеңберіне симайды.

Алла тағала: **«Егер Алланың нығметін санасаңдар, санынана жете алмайсыңдар»**, – деген (Наһл: 18).

«Шүкір» кітабында бұған кейбір ишараттар келтірілген. Мұнда адамдардың қылатын жақсылығы тек *мәжези* (метафоралық) екенін баяндаймыз.

Әрине шынайы жақсылық қылушы тек – Алла. Бұл ақиқатты, саған қазынасындағы барлық байлығын арнап және одан қалағаныңша жаратуың үшін мүмкіндік берген адам туралы ойлап көруіңе болады. Сен бұл жақсылықты сол адамнан деп білесің. Бұл жансақ пікір. Себебі, ол адамның жақсылығы, оның тірі болуы, мал-мүлікке құдіретінің жетуі, оның саған малды сарп етуі осы себептер арқылы іске аспақ. Қош, енді оны және мал-дүниесін жаратқан, күш-қуатын, қалауы мен жігерін, ізгілікке үндеген себептерді жасаған кім? Оған сені жақсы көрсеткен, оның жүзін саған бұрған, оның жүрегіне, дін мен дүниенің түзелуі – ізгілік жасауда деген түсінікті салған кім? Осы нәрселер болмаса, малынан саған бір түйір дәнек те бермес еді.

Алла тағала оған ізгілікке үндейтін себептерді жіберді, оның нәпсісінде дін мен дүниенің молаюы үшін малын беруге шешім шығарды, ол (Алланың әміріне) басын иіп, малын табыс етті, бұған қарсы шыға алмады.

Шынайы ізгілік жасаушы – Алла. Ол – ізгілік жасайтын адамды саған жақсылық жасауға бойсындырды, жақсылық амалдарды орындауға үндейтін себептерді әмір етті.

Пенденің қолы, бар болғаны себеп қана, Алланың жақсылығы сол арқылы орындалады. Ағын су өз арнасымен ағуға мәжбүр болғаны сияқты қолдың иесі де жақсылық жасауға мәжбүр. Оны жақсылық жасаушы деп сенген болсаң немесе себепші деп иланбай, шынайы жақсылық қылған деп оған шүкірлік айтсаң, онда ақымақтық жасағаның. Шындығында адам жақсылығы тек нәпсі үшін болады. Білмей тұрып жақсылық жасау өте қиын нәрсе. Себебі адам өз байлығын тек белгілі мақсат үшін сарп етеді. Оған бұл ісі үшін келешекте сауап (марапат) жазылатынын, ал қазіргі таңда абырой беріліп, өзгенің жүрегін өзіне қарататынын, мақтау, жомарттықпен танылатынын немесе адамдардың махаббатына бөленетінін біледі.

Адам теңізге малын жайдан-жәй тастамайды. Сол сияқты малын басқа адамның қолына мақсатсыз тапсырмайды. Осы ойларды ескеретін болсақ, онда сен (яғни, саған жақсылық жасаған кезде) ол адамның мұрат-мақсаты емессің бәлкім, оның сауап табуына бір себепшісің. Демек ол, өзіне жақсылық жасаушы. Ол адам бөліп берген малынан да

жоғары нәрсеге иелік қылмақ. Оның назарында (келешекте) алатын сауабы мал-дүниеден де артық болмаса еді, саған малынан бөліп, мүлдем құрмет қылмас-ты. Сондықтан адам (өзіне жақсылық жасаған) кісіге махаббат қойып, шын тәнімен алғыс жаудыруға құқылы емес. Мұның екі себебі бар:

Бірінші себеп: қайырымдылық жасауды адамға Алла әмір қылған. Оның бұған бойсынуы мәжбүр, қарсы келуіне құдіреті жетпейді. Бұл адам патшаның қазынашысы сияқты. Қазынашы патшаның әмірімен бір кісіге мемлекет қазынасынан алтын бергенімен, қайырымдылық жасаушы саналмайды. Өйткені қазынашы патшаға бойсынуға және оның әмірін орындауға міндетті. Егер патша әлгі қазынашыны өз ықтиярына қойса, онда ол алтынды бермеген болар еді. Алайда Алла тағала олардың қайырымды іс жасауларына үкім етіп, дүние мен ақыреттің бақыты – малын сарп етуде екенін білдірді.

Екінші себеп: қайырымдылық қылушы жұмсаған малының орнына одан да артық және жақсырақ нәрсеге ие болады. Сатушы адам қайырымдылық жасаушы саналмайды. Себебі, ол сатқан затының орнына одан да жақсы нәрсе алады.

Қайырымдылық жасап, орнына иеленетін нәрсенің мал-мүлік болуы шарт емес, бірақ, барлық жетістік белгілі құлшыныстың нәтижесінде қол жеткен нәрсе. Жақсылық жасау – жомарттықтың белгісі. Шынай жомарттық дегеніміз, жасаған жақсылығы үшін бір нәрсе дәметпей және берген адамнан есесіне ақы көздемей малды жұмсау. Мұндай жомарттық тек Аллаға ғана тән, Одан басқа жомарт жоқ.

Жаратушы Алла барлық әлемге пайда үшін жақсылықты әмір қылған, яғни барлық нәрсе жасаған жақсылығы үшін пайда көреді. Алла бұдан Өзіне пайда немесе басқа да бір мүдде көздемейді. Себебі Алла мұндай кемшіліктен пәк әрі жоғары. Жомарттық пен қайырымдылық сөздерін Алладан басқа нәрсеге қолдану – өтірік немесе *мажази* (метафора) саналады. Жомарттық, қайырымдылық құдірет иесі және шүкірлер айтуға лайық тек – Алла. Жақсылық жасаған адам бұл тіршілікте (өмірде) жақсы көрілсе де, тақуадар кісі тек Алланы сүйеді. Себебі жақсылық Алладан басқа ешкімнен келмейді. Демек, махаббатымызға да лайық тек – Алла.

Үшінші себеп: жақсылық жасаған адамның ізгілігі саған жетпесе де оны жақсы көруің. Адам өмірінде мұндай жағдай кездесіп отырады. Егер саған бір мемлекеттің патшасы құдайшыл, әділ, адамдарға мейірімді, әдепті т.б. жақсы екені туралы мәлімет жетсе және басқа аймақтың патшасы залым, тәкаппар, пасық, әдепсіз, жаман екені туралы хабар жетсе, онда сенің жүрегіңді екеуіне де қатысты екі түрлі күй қалыптасады.

Бірінші патшаға жақындық туады. Бұл – махаббат. Екінші патшаға жиеркеніштілік туады, бұл – жеккөрушілік. Әуелгі патшаның

жақсылығы саған жетпейді, екінші патшаның зарары да саған тимейді. Бірақ, солай бола тұра сенде осындай сезімдер пайда болады. Бұл дегеніміз, ізгілік қылушы жақсылық қылмаса да өз болмысынан жақсы көріледі. Осы жағдайда тек Аллаға махаббат қоюды, Одан басқасын жақсы көрмеу керектігін көрсетеді. Басқаға қойылған махаббаттың өзі Аллақ қатысты себептің арқасында болады. Расында Алла барлығына жақсылық қылушы, күллі мақұлыққа мейірімді. Бұл жақсылық пен мейірімді былай көруге мүмкіндік бар:

Әуелі мақұлықты жаратып бар қылды. Кейін оларға ағза беріп, кемеліне жеткізді, олардың өмір сүрулері үшін барлық қажетті себептерді жасады. Мұнан соң зәру орындардағы себептерді сыртқа шығару арқылы (түзге шығу) оларды нығметке бөледі, тұрмыс шарттарын жеңілдетті. Олардың қажет пен зәруден тыс артықша ерекшеліктермен көркемдеді. Мысалы, зәру ағзалар: бас, жүрек, өкпе, көз, қол, аяқ. Ал енді екі қабақтың жоғарыда тұруы, еріннің қызыл болуы, көздің түрлі түстерді ажырата білуі, сол сияқты т.б. ерекшеліктер мүшелердің зейнетіне жатады.

Адам ағзаларынан тыс зәру нығметтердің қатарын: су және азық түрлері жатады. Ал (организмге) қажетті нығметтерге дәрі-дәрмектер, жеміс-жидектер мен көк-өністер т.б. Қосымша және арнайы нығметтердің қатарына ағаштардың жасыл болуы, гүлдердің сұлулығы мен түстері, жемістердің дәмді және ләззатты болуы жатады.

Осы үш түрлі нығмет барлық жануар, өсімдік тіпті (көктегі) Аршының ұшы мен төселген жердің ортасындағы әрбір мақұлықат түріне тән. Демек, шынайы жақсылық жасаушы – Алла. Барлық нәрсенің жақсылығы да Алла құдіретінің салдары. Алла жақсылықты, ізгі адамды, игі істі, ізгі себеп-салдарды жаратушы. Алладан басқа қандай жақсылық жасаушы болмақ? Олай болса, ақиқатты түсінген адам (жоғарыда айтылған) үшінші себепке байланысты, адамның басқа адамға махаббат қоюы ашық білімсіздік – деп махаббатты тек Аллаға қояды.

Төртінші себеп: сұлулыққа жету мақсатында әрбір сұлу нәрсенің артынан еріп емес, оны болмыс сұлулығы үшін жақсы көру. Бұл нәрсенің адам жаратылысындағы тума ерекшелік екенін және сыртқы бейне сұлулығын көзбен көріп, ал ішкі сұлулықты (ішкі) көз нұрымен көретінін жоғарыда баяндадық.

Сұлулықты танудың бірінші түрі, (яғни бейне сұлулығын көз арқылы көру ерекшелігі) жас балаларға және парасатсыз жануарларға тән.

Сұлулықты танудың екінші түрі, (яғни, сұлулықты ішкі көз нұры арқылы тану ерекшелігі) жүрек иелеріне ғана тән құбылыс. Олардың артынан өмірде тек сыртқы көріністі ғана көретін және бағалайтын адамдар ермейді.

Сұлулық – сұлуды сүйетін әрбір адам үшін өте қымбат. Егер ол нәрсе жүрек арқылы жақсы көрілсе, онда ол жүректің махаббатына айналады. Мұндайлардың қатарына көркем мінез бен ерекше қасиеттерге ие пайғамбарлар мен ғұламалардағы махабатты жатқызуға болады. Адамның жүзі немесе басқа ағзалары сұлу көрінбесе де, мұндай махаббат бола береді. Себебі бұл көз түйсігімен емес, ішкі жүрек түйсігімен сезіледі. Егер жүрек қаласа, онда адам саған жақын тұрады және сен оны қатты сүйетін боласың.

Алланың елшісін (с.ғ.с.) немесе Әбу Бәкір Сыддықты (Алла оған разы болсын), имам Шафиғты (Алла оны рахым қылсын) жақсы көрген адам, олардың бойынан өзі тапқан көркемдік үшін жақсы көреді. Бұл махаббат олардың сыртқы бейнелеріне байланысты емес, бәлкім олардың ізгі амалдарының қайнар көзі болған ішкі (рухани) қасиеттерінің сұлулығына байланысты.

Кім жазушының көркем шығармасын, шайырдың әдемі өлеңін, ұстаның сұлу нақышын, құрлысшының салған зәулім ғимаратын көрсе, оған осы туындылардың көркем сипаттары ашылады. Бұлардың пайда болуы зерттелсе (сол адамдардың) білімі мен құдірет сипатына саяды. Олар қаншалықты ұлықтық пен сұлулыққа толы болса, ондағы білім де соншалықты ұлық және сұлу болмақ. Сол сияқты құдірет Иесі қаншалық ұлық әрі жоғары мәртебеде болса, оның құдіреті де соншалық ұлық және жоғары дәрежеде тұрады.

Білімдердің ең ұлығы – Алла туралы білім. Білімнің ең абзалы әрі шарапаттысы Аланы тану. Сонымен жүрек сүйетін шынайы пенделердің бойында сұлулықтың үш қасиеті бар:

біріншісі, Алла, Оның періштелері, кітаптары, пайғамбарлары және пайғамбарлар шарифаты туралы білімнің болуы.

екіншісі, нәпсісін түзетуге және адамдарға дұрыс жол көрсету үшін күресуге, олармен қарым-қатынас жасауға қабілетті болуы.

үшіншісі, бұзықтық пен жамандыққа үндейтін қалау мен құмарды тежеуге қабілетті болуы. Осы негізгі үш сипаттың арқасында әділет пен кемелдікке иеленген пайғамбардар, ғұламалар және патшлар халықтың сүйіспеншілігіне бөленеді.

Енді осы аталмыш қасиеттерді Алла тағаланың сипатына қатысты келтіріп көрейік:

Білім сипаты: Алғашқы және кейінгі барлық адам баласының білімі Алланың біліміне жетпейді. Алланың білімі шексіз, барлық білімді қамтиды. Көк пен жердегі зәердей нәрсе Оның білімінен тыс қалмаған. Алла тағала:

«Олар сенен жан туралы сұрайды. «Жан дүниесін Тәңірім ғана біледі» – де», – деп хабар берген (Исра: 85).

Егер жер мен аспанды (мекендеген) тіршілік иелері Алланың құмырсқа немесе шыбынды жарату хикметі мен білімін білуге ұмтылса да, оның сырының жүзінен бірін де біле алмайды:

«Бір Алладан басқа тәңір жоқ. Ол мәңгі тірі, бар нәрсені басқарып тұр. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Оның басқаруына көктегі, жердегінің барлығы кіреді. Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз шапағат жасайтын кім болмақ? Алла олардың алдындағысын (дүниедегіні) да, кейінгісін (қияметте не боларын) де біледі. Ал олар Алланың білдіргенінен басқа ештеңені де сезбейді. Оның ауқымына аспан да, жер де сияды. Аспанды да, жерді де қорғау Аллаға қиын емес. Оның мәртебесі жоғары, барлығынан биік» (Бақара: 255).

Мейірімді Алла (тағылым етіп) барлық адамзатқа берілген білім Оның үйретуімен іске асады:

«Құран үйретті, адамды жаратты, оған сөйлеу (қабілетін) берді» (Рахман: 1-4).

Білім, сүйікті іс. Онымен сипаттанған адам кемелдік пен зейнетке бөленеді. Сондықтан ондай адам тек Алланы сүйюі қажет. Күллі ғалымдардың білімі, Оның білімінің қасында түк емес. Заманының ең үлкен ғалымы мен ең білімсіз (надан) адамын білген кісі, ғалымды ысырып, білімсіз адамды таңдамайды. Тіпті әлгі білімсіз адам өзінің күн көрісі үшін қажетті білім иесі болса да, ол әлгі ғалымның қасында елеусіз қалады. Сол сияқты Алланың білімі мен адамзат білімінің айырмасын салыстырып қарасақ, онда бұл жағдай ең білімді мен ең надан адамның білімі арасындағы айырмашылықтан да асып түспек. Себебі ғалым надан адамнан тек шектеулі мөлшерде ғана жоғары, ол өзінің ыждаһатымен ғана көтерілген. Тіпті, надан адам да ғалымның білген ілімін үйренуі әбден мүмкін. Ал Алланың білімі күллі адамзат білімінен өлшемсіз жоғары. Оның біліміне шек жоқ.

Құдірет сипаты: Құдірет – кемелдік. Ал әлсіздік дегеніміз – кемшілік. Барлық кемелдік, сұлулық, ұлықтық және жоғарылық – сүйкімді (жақсы көріледі). Оны сезіну арқылы адам ләззат табады. Тіпті Әли немесе Халид (Алла ол екеуіне разы болсын) яки басқа бір күшті, батыр адамның ерлігі туралы әңгіме естіген адамның бойында қуаныш, оларға қатысты махаббат сезімдері оянады. Мұндай сезім әлгі құдіретпен сипатталған адамға қатысты сүіспеншілікті оятады. Себебі (құдірет) кемелдіктің бір түрі. Олай болса күллі адамзаттың құдіретін Алланың құдіретімен салыстырып көрші!

Адамдар арасындағы ең күшті, құдіретті, бойындағы құмарлығын тежей білетін, нәпсінің жамандығын қайтаратын, өзіне және өзгеге ең жақсы қарым-қатынас қылатын адамның қуаты шектеулі. Бұл адам өлім немесе өмір, қайта тірілту, зияндық келтіру немесе пайда беру мәселелерінде зәердей күшке ие емес. Ол көзін зағиптіктен, тілін сақау

болудан, құлағын саңыраулықтан, денесін дерттен сақтай алмайды. Оның өзіне және өзгелерге қатысты әлсіз жақтарын санап отырудың қажеті де жоқ. Енді оның шамасынан тыс аспандағы періштелер мен жұлдыздар, таулар мен теңіздер, жел мен жер қазбалары, өсімдіктер мен жануарлардың әлсіздігіне сөз жоқ. Адам бұлардан құдіреті жағынан зәердей жоғары емес. Тіпті өз бойындағы және өзгеге күштілік етіп тұрған күші де өзінікі емес. Оның күш-құдіретін де, оның себептерін де жаратқан Алла тағала.

Егер Алла ең жоғарғы патшаға немесе жануарлардың ең күштісіне бір шыбынды үстем етіп қойса, әрине солай болады. Пенденің бойындағы құдірет тек Раббының (Алланың) жаратуымен іске асады.

Алла тағала жер жүзіндегі ең құдіретті патша Зұлқарнайын турасында: **«Жер бетінде Біз оған зор күш-қуат беріп, мақсатына жетудің қолайлы жағдайларын жасадық»** (Қаһф: 84).

Оның жер бетіндегі күллі мүлкі мен салтанаты Алланың қалауымен болды. Әлем тіршілік иелері үшін бір қала сияқты, адамдар билік қылған өлкелер (аймақтар) болса осы шаһардың қасында тозаң шаң сияқты. Мінекей, осы шаң сияқты жердің өзі адамға Алланың қалауымен берілген. Олай болса қайсыбір адамды дәулеті, билігі мен сұлтандығы және құдіреті үшін жақсы көре отырып, соның барлығын берген Алланы естен шығару – мүмкін емес.

Алладан басқада күш-құдірет жоқ. Ол ең жоғарғы мәртебе иесі. Ол, әл-Жаббар (күш иесі), әл-Қаһир (барлық нәрсеге күші жетуші), әл-Алим (барлық нәрсені білуші), әл-Қодир (күллі нәрсеге құдіретті), жеті қат көк Алланың құдіретімен қапталған. Жер және оның үстіндегі мақұлықат атауының тізгіні Соның уысында. Егер оларды құртып жіберсе, Алланың мүлкі мен дәулеті зәердей кемімейді. Егер соларға (мақұлықаттарға) ұқсайтын нәрселерді мың мәрте жаратса да, бұл іс Оған титтей машақат қылмайды. Оларды жарату кезінде Аллаға әлсіреу, шаршап шалдығу болмайды. Өзгелердегі құдірет пен күш-қуат Алланың құдірет әсерінен пайда болған. Сұлулық, ұлықтық, әзиздік пен құдірет және биліктік, Соның қасиеті. Әдетте адам күшті адамды күшінің шамасына қарап жақсы көреді, олай болса күші мен құдіретінің кемелдігі үшін жақсы көрілуі тиіс жалғыз нәрсе, ол – Алла.

Айып, жаман мінез және кемшіліктерден пәк болу, махаббатты туғызатын себептердің бірі. Сондай-ақ кемшіліктен пәк болу, адамның ішкі сұлулығы мен көркемдігін қалыптастырады. Пайғамбарлар мен шыншылдар айып-кемшіліктерден пәк болғанымен, шынайы пәктік пен тазалық – ұлы және құрмет иесі Аллаға ғана тән. Жаратылған мақұлықат дегеніміз, кемелдікке жетпейді, бойынша кемшілігі бар мақұлық. Олардың әлсіз, мақұлық (жаратылған), бойсынушы және мұқтаж етіп жасалуының өзі олар үшін айып әрі кемшілік саналады.

Кемелдік тек Аллаға тән. Алладан басқада болған кемелдік Алланың оған берген несібесіне қарай пайда болады. Алланың құдіретіне бойсынған адам, өзге нәрсеге толық кемелдікті бере алмайды. Аллаға бойсынбау дегеніміз, өзгеге күш-қуат беретін кемелдік дәрежелерінен саналады. Ал бұлай жасау пенденің қолынан келмейді.

Алла кемелдікте жалғыз, Ол – кемшіліктерден пәк. Алланың тазалығы мен ұлықтығын түсіндіру өте күрделі және ұзақ іс. Бұл, құпиясы ашылған ілімдердің қатарына жатады.

Аладан басқа заттың кемелдігі, пәктігі абсолютты болмайды, бәлкім өзі сияқты басқа адамның шамасына ұқсас келеді. (Мысалы) атты есекпен салыстырғанда ат анағұрлым кемел, ал енді адамды атпен салыстырған уақытта адам одан анағұрлым кемел. Басқаша айтқанда кемшілік барлық мақұлықатқа тиесілі, кемшіліксіз мақұлықат жоқ. Олар бір-бірінен кемшілік айырмасымен ерекшеленеді. Демек, сұлу зат – сүйікті.

Абсолютты сүйікті, жалғыз, ешнәрсеге мұқтаж емес, ұқсасы және қарамақарсысы жоқ, қалаған нәрсесін орындаушы, үкімін ешкім жоймаған, тағдырын шетке ысырып қоймаған, көк пен жердегі зәердей нәрсе Оның білімінен тыс қалмаған, күллі нәрсені білуші Алла тағала.

Ол қаһарлы, Оның құдіретінен залымдар қашып кете алмайды. Ол мәңгі, Оның болмысының бастауы және ақыры жоқ. *Уажиб әл-уджуб* (Оның бар болуы зәру), Оның болмысына жоқтық (ажал) жол таба алмайды. *Әл-қайюм* (мәңгі тұрушы), ол өзінің құдіретімен мәңгі тұрушы, қалған мақұлықтың барлығы Соның арқасында тұрады. Ол, аспан мен жердің иесі. Өсімдік пен жануар дүниелерін де жаратқан – Сол. Ол, ұлықтық пен құдіреттің жалғыз иесі. Ол, көзге көрінетін және ғайып (көзге көрінбейтін) дүниелердің жалғыз қожайыны, сұлулық пен әзиздік, құдірет пен кемелдік иесі. Оның ұлықтығын түсінемін деп ақыл естен айырылады, тіл сипаттау күшінен айырылады.

«Алланы білуге шарасызбын», – деп айту даналық кемелдігіне жатады. Оны сипаттауға әлсізбін деп мойындау – пайғамбарлар ілімінің шегі. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с): **«Мен Саған шынайы мақтау айта алмаймын. Сен Өзіңді мақтағаныңдайсың»**, – деп айтқан (имам Мұслим).

Шыншылдар мырзасы (Алла оған разы болсын): «(Алланы) тану әлсіз екенін түсінудің өзі – танымға жатады», – дейді. Өзін тану үшін пенделерін әлсіз етіп жаратқан Зат – ақиқатында пәк.

Расында Алланы жақсы көруді теріске шығарып, Оған *мажази* (метафоралық) мағына бергендерді білсем екен! Бұл сипаттардың сұлу және көркем, кемел және жақсы қасиеттер екенін, Алланың осы сипаттармен суреттелгенін терістеушілерді, кемелдік пен сұлулықты, көркемдік пен ұлықтықты таныған адамның көкірегінде шүбәсіз махаббатқа ие болатынын жоққа шығарушыларды білсем екен! Өз

болмысының ұлық екенін жүрегі көр адамдардың ақыл-түйсігінен жасырған Зат – шексіз пәк.

Ал енді Алланың марапатына бөленгендер, Оның ұлықтығы мен сұлулығынан хабардар болып, тосқауыл отынан алшақ тұрмақ. Ол (Алла) бақытсыз адамдарды зұлмат қараңғылығында адасқан және сезім құшағы мен жануарлық шаһуаттың құлы болған хәлдерінде қалдырды. Олар дүние өмірін ғана ойлап, ақырет өмірінен бейхабар. Барлық мақтау Аллаға лайық.

Көптеген адамдар осы айтылып отырған махаббаттың, жақсылық жасаудың арқасында пайда болған махаббаттан күшірек екенін білмейді. Себебі, ізгілік дегеніміз, көп немесе артық мөлшерде бола береді. Алла тағала Дәуіт пайғамбарға: «Мен үшін ең сүйкімді пенде, (құлшылығы үшін) ақы дәмеленбей тек, *рубубият* ақысын өтеу үшін ғибадат қылған адам», – деп уахи жіберген.

«Забур» кітабында: «Тек жәннатқа кіру үшін немесе жаһаннанан құтылу үшін құлшылық қылған пендеден залымырақ кім бар?! Егер Мен жәннат пен жаһаннамды жаратпағанымда ғибадатқа лайық болмас па едім?» – делінген.

Иса пайғамбар бір топ адамдардың қасынан өтеді. Олар құлшылықтың әсерінен азып-тозып кеткен екен. Сонда олар Иса пайғамбарға: «Біз тозақ отынан қорқып, жәннатты үміт етіп мына хәлге түстік», – депті.

Иса пайғамбар: «Мақұлықтан (жаратылған тозақтан) қорқып және содан үміт қылыпсындар», – дейді. Кейін тағы сондай бір топ (құлшылық әсерінен азып-тозып кеткен) адамдармен ұшырасады. Олар: «Біз Аллаға махаббат қойып әрі Оның ұлықтығы үшін ғибадат қыламыз», – деп айтады. Иса пайғамбар: «Сендер Алланың шынайы досысындар. Мен сендермен бірге болуға әмір қылындым», – деген.

Әбу Хазим (Алла оны рахым етсін): «Мен Аллаға сауап немесе азап себептері үшін құлшылық қылуға ұяламын. Егер солай жасасам, онда (қожайынынан) қорықпаса амал қылмайтын немесе сый-сияпат бермесе жұмыс істемейтін жаман қызметші сияқты көрінемін».

Бесінші себеп: махаббаттың орнауы үшін қарсыдағы адамның бойынша өзіңе жақын сипаттың болуы және ұқсауы қажет. Себебі бір нәрсенің екінші нәрсеге ұқсауы, соған көңіл оятады және соған көптеп ұқсауға бейімділік туғызады. Сондықтан баланың баламен, ересек адамның ересекпен дос болғанын көресің. Құс та өзі сияқты құс түрімен жақын болып, басқа құстан қашады. Ғалымның да басқа ғалыммен дос болуы, оның бұзық адаммен дос болғанынан жие кездеседі. Ағаш ұстасы да диқаншымен дос болғаннан гөрі, негізінде ағаш ұстасымен дос болғанды қалайды.

Пайғамбар (с.ғ.с.) бұл туралы: *«Рухтар сансыз саптағы әскер сияқты. Бір-бірін танып, құптағандары достық құрады. Бірін-бірі*

қаламағандары, қарама-қарсылықта тұрады», – деген (имам Мұслим риуаяты).

Хадистегі «бір-бірін тану» дегені, құптауды, ал «бірін-бірі қаламағандары» сөзі, қарама-қарсылықты білдіреді. Алла тағалаға деген махаббатың пайда болуына да осы себептің ықпалы бар. Махаббаттың бұл түс сыртқы пішін мен бейнеге қатысты емес, бәлкім ішкі мағыналардан бастау алатын, рухани (бір-біріне) жақындық себептеріне байланысты. Бұлардың бір қатарын кітаптарда жазуға рұқсат болса, кейбірін жазуға рұқсат жоқ. Бәлкім (Алланың ризалығы мен махаббатындағы жолымен) жүрушілер, осы жолдың шарттарын орындау барысында сүрініп-шалдығып кемелдікке жетулері үшін перденің арғы жағына жасырын қалдырылады.

Пенденің *рубубия* мінезімен көркемденуі арқылы Раббысына жақындауы – оның мойынындағы қажетті іс. Өйткені пенде Алланың сипаттарымен мінезденуге әмір етілген. Бұл сипаттар – білім, ізгілік, жақсылық жасау, мейірімді болу, насихат айту, хақ жолына бастау, басқаларды бұзықтықтан қайтару сияқты т.б. игі амалдар. Осылардың барлығы пендені Аллаға жақындатады. (Әрине,) бұл мекен-жайдағы жақындықты талап ету мағынасында емес, бәлкім көркем сипаттар арқылы жақындау деген сөз. Ал енді адам тәніне қатысты, бірақ кітаптарда баяндалмайтын (рұқсат жоқ) рухани бірлікке келсек, онда Алла тағала:

«Олар сенен жан туралы сұрайды. «Жан дүниесін Тәңірім ғана біледі» – де», – деп ишарат қылған (Исра: 85).

Бұл аятта рух – Раббының ісі. Бұл адам ақылынан тысқары екені баяндалады. Төмендегі аят бұған анық дәлел:

«Оны толық жасап, жан бітірген кезде сендер оған бас иіндер (сәжде қылыңдар)» (Хижр: 29). Алла тағала періштелерге Адамға сәжде қылуларына әмір етті.

«Ей, Дәуіт! Сені Біз жер бетіндегі нағыз билеуші еттік, адамдар арасында әділ билік жүргіз, нәпсіге ілеспе, ол сені Тәңір жолынан тайдырады, ақ жолынан азғандар есеп беретін күнде, сөз жоқ, ауыр азапқа дұшар болады» (Сод: 26).

Осылайша адам баласы Алла тағаланың жер жүзіндегі халифасы болуға рух ақиқатымен бірге иеленді. Пайғамбардың (с.ғ.с.): **«Алла Адамды (ғ.с.) Өз бейнесіне** (қарап) **жаратты»,** – деп айтқан сөздерінде жоғарыдағы оқиғаға қатысты метафоралық ишарат бар.

Ақылы әлсіз адамдар, осы хадистің сырты мағынасынан басқа мағына жоқ деп, адамды Аллаға ұқсатады, Оған дене мен бейне бере бастайды. Барлық әлемдердің қожайыны Алла тағала надандардың бұл сөздерінен ұлық және пәк.

Алланың Мұса пайғамбарға айтқан сөздері де осыған ұқсайды: **«Мен науқас болдым, сен (менің хәлімді сұрап) келмедің».** Мұса

пайғамбар: «Ей, Раббым! Бұл қалай болуы мүмкін?!» – дейді. Алла тағала: «Түгенше (деген) пендем науқас болды, сен оны зиярат қылмадың. Егер оның хәлін сұрап барғаныңда, Мені сол адамның құзырында табар едің», – дейді.

Мұндай жағдай парыз ғибадаттарды кемел тәмамдап, нәпіл (қосымша) құлшылықтарды үздіксіз орындаудың арқасында келеді. Құдси хадисте: **«Пенде нәпіл құлшылықтармен Маған жақындай түседі. Тіпті мен оны жақсы көремін. Егер Мен пендемді жақсы көрсем, оның еститің құлағына, көретін көзіне, сөйлейтін тіліне айналамын** (яғни, оның күллі ағзаларын Өзім басқарамын). **Нені сұраса беремін, пана тілесе, панама аламын**», – деп айталған (Әбу Һурайрадан имам Бұхари келтірген).

Расында, адамдардың бұған қатысты ақыл-түйсіктері әлсіздік танытып, сыртқы (көзге көрінетін) теңеулермен шектелуге жақын тұрады. Сондықтан олар шектен шығып, қажетті шеңберден асып түсіп *иттихадта* (Алламен адамды бірлестіруге) бейім тұрады. Сол үшін Алла пендеге кіреді (орнығады) деген пікірге тоқтайды. Христиандар да Иса пайғамбар хақында адасып, оны – құдай санады. Басқалары, адамның болмысы құдайдың табиғатымен қосылған дейді яғни, адам құдаймен біріккен деп ойлайды. Ал шындап келгенде (бұл мәселеде) теңеудің әлсіздігін, *иттихадттың* (Алламен адамның бірлесуі) және *хулудің* (құдайдың пендеге орнығуы) шарасыз екенін түсінгендер, бұл сырлардың ақиқатын ұққан адамдар – азшылық.

Әбу Хасан ән-Нури осы мақамға түскен шағында: «Сенің махаббатыңда орын алғаным сондай, ол жерге түскен уақытта ақыл (атауы) қайран қалады», – деп айтылған сөздерге зер салса керек.

Бұл адам мұндай хәлге (Аллаға ғашықтық) түскен шақтарында, тоғай-тасты жерлермен көп жүргені соншалық, кебісінің асты түсіп, жалаң аяқ қалатын. Оның өкшерлері жарылып, аяқтары ісіп, соның салдарынан бақилық болды. Бұл жағдай, махаббат себептерінің ең жоғарғысы және күштісі. Бұл өте сирек және аз кездесетін жағдай.

Махаббат себептеріне қатысты айтылған бұл оқиға Алланың хақында *мажази* (метафоралық) емес шын сөздер, төмен дережеде емес жоғары дережеде ашық көрінеді. Жүрегі ашық адамдар үшін ақылға сиымды және қонымды махаббат, тек – Алланың махаббаты. Дәлі сол сияқты ақыл-түйсігі соқыр адамдар үшін Алладан басқаны жақсы көру – ақылға сиымды және қонымды.

Сүйген адамның бойында бар сипаттар, басқа адамнан да табылары хақ. Оның ұқсас серігі табылады. Ал Алла тағала мұндай жағдайдан пәк. Расында, Ол кемелдік пен ұлықтық шегіндегі сипаттарға ие. Оның бұл сипаттағы серігі жоқ және болуы да мүмкін емес. Сол сияқты һәм махаббатта да Оның серігі жоқ. Шынайы махаббатқа Оның өзі ғана лайық.

ЛӘЗЗАТТЫҢ ЕҢ ҰЛЫҒЫ АЛЛА ТАҒАЛАНЫ ТАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАСИЕТТІ ЖҮЗІНЕ ҚАРАУ ЕКЕНІ ТУРАЛЫ

Біліп ал! Ләззат – түйсік арықылы сезетін нәрселерге тән. Адамның бойында бірнеше күш пен табиғи ерекшеліктер (қасиеттер) бас қосқан. Осы әрбір күш пен қасиеттің өз ләззаты бар. Олардың ләззаты, олардың өздері қалайтын және құмартатын нәрселерінің іске асырылуы. Бұл қасиеттер адам бойында жайдан-жай орналаспаған. Әрбір күш пен қасиет адам табиғаты орындайтын белгілі бір іс (мақсат) үшін жаратылған. Ашу сипаты, ашуды төгу және кек қайтару үшін жаратылған. Әрине, оның ләззаты – жеңіске жету және кек қайтару екеніне күмән жоқ. Бұл істер оның болмысына тән. Тамақ жеу сипаты, адамның өмір суруіне себеп болатын азықты тауып жеуінде. Олай болса оның ләззаты – азық жеуде. Бұл іс оның болмысына тән. Сол сияқты есту, көру және иіскеу қасиеттерінің ләззаты да – есту, көру және иіскеу. Осы сипаттардың барлығы өздері сезетін нәрселерден ләззат алуға немесе ауруды сезуге құдіретті. Осыған ұқсас жүректе де қасиет бар, ол – *иләһи нұр* (құдайдың нұры) деп аталады. Алла тағала:

«Көкірегін Алла ислам үшін ашқан, Тәңірдің нұрына бөленген адам (көңілі көр адаммен) бірдей ме», – деп хабар береді (Зумар: 22).

Иләһи нұр – ақыл, ішкі көз, иман және *яқин* (жүрек көзі) нұры деп те аталады. Бұл атаулармен машғұл болудың қажеті жоқ. Себебі, бұлар терминдік жағынан әртүрлі болғандықтан ақылы әлсіз адам бұларды қарама-қарсы мағыналардан туған деп ойлауы мүмкін. Сөйтіп ол адам бұл сөздерден олардың (ішкі емес, сыртқы) мағыналарын талап қылып, тақырыптан ауытқып кетуі ықтимал.

Жүрек, басқа түйсік сезімдері тани алмайтын, олардың сезе алмайтын және көре алмайтын дүниелерін таниды. Жүректің басқа түйсік мүшелерінен ерекшелігі де осында. Әлемді толық етіп жаратқан Алла тағалаға қажеттілікті тану осы жүрек көзі арқылы болмақ. Басқаша айтқанда жүрек – Алла тағаланың құдіретін танитын ақыл. Бірақ, мұны кәдімгі ақылмен шатастыруға болмайды.

Негізінде адамды хайауннан ерекшелейтін, Алла тағаланың бар екенін көрсететін қасиеттердің ең ұлығы – ақыл. Ақылдың ерекшелігі сол, адам ақыл арқылы барлық нәрсенің ақиқатын білуге ұмтылады. Ақыл адамға білім мен танымды үйретін үшін жаратылған. Ақылдың рахат табатын нәрселері де осы екеуі, яғни білім мен таным. Өйткені әрбір жаратылыс өзінің болмысына сәйкес міндетін атқарған уақытта рахат табады.

Білім мен танымда рахаттың бар екені жасырын емес. Тіпті зәердей көлемдегі білім мен таным адамға қуаныш береді. Ал азғана білімсіздік, адамда қорқыныш туғызады. Адам аз нәрсені білсе де, соған

мақтанады. Бұл жағдай білім рахатының күшті екенін және ол арқылы адам өз болмысындағы кемелдікті байқайтынын көрсетеді.

Білім – иләһи сипаттардың арасындағы ең ерекшесі және кемелдіктің жоғарғы шегі. Сол себепті адам бойындағы алғырлықпен және біліммен мақталса, ол рахаттанады. Адам мақтауды естіген уақытта, болмысы мен білімінің кемелдігін сезінеді, соның салдарынан өзі үшін тамсанады және рахат табады. Диқаншылық пен тігіншілік білімінің рахаты, мемлекет саясаты мен халық істерін басқару білімдерінің рахатына ұқсамайды. Өлең және грамматика білімдерінің рахаты – Алла тағаланың сипаттары, Оның періштелері, жер мен көктегі нәрселерге қатысты білімінің рахатынан бөлек болмақ.

Білімнің рахаты, білім шарапатының дәрежесіне байланысты. Адамның ішкі сырларын білетін және ол туралы хабар беретін адам, өзінің осы ісінен рахат табатыны хақ. Егер білмесе, онда оның болмыс табиғаты оны сол нәрселерді үйренуге шақырады.

Сол сияқты егер адам мемлекет басшысына тән жағдайлардың ішкі сырын және биліктің ойлау құпияларын білер болса, онда бұл білімнің рахаты, диқаншы немесе тігінші білімдерінің рахатынан әлде қайда тәтті әрі абзалырақ. Егер адамға уәзірдің сырлары және іс-әрекеттері мен амал-мақсаты жақсы мәлім болса, онда бұл білім ол үшін басшының білімінен асқан рахатты болып көрінеді. Ал енді адам патшының немесе сұлтанның ішкі сырларынан білімдар болса, онда оған бұл білім уәзірдің білімімен салыстырғанда әлде қайта рахатты және абзал.

Егер қандайда бір білімге және зерттеуге талпыныс күші қаншалық күшті болса, оның сол нәрсеге деген махаббаты да соншалық дәрежеде күшті саналады. Олай болса білімдердің ең рахаты, шарапаттысы – қолдағы мағұлыматтың мазмұнына байланысты. Мағлұматтар қаншалық ұлық, кемел және шарапатты болса, оның деңгейіндегі білім де соншалық ләззатты, шарапатты және абзал.

Дүниедегі барлық нәрсені жаратушы, оларды кемеліне жеткізуші, зейнеттеуші, жоқтан бар етуші, қайта жоқ қылушы, реттеуші (Алладан) асқан кемелірек, шарапаттырақ және ұлығырақ өзге не нәрсе бар?! Еш нәрсе жоқ. Мүлік (иелік), кемелдік, сұлулық пен ұлылықта Тәңірге тең келер басқа патшаның болуы мүмкін бе? Әлбетте, жоқ!

Расында Тәңірдің ұлықтық қасиеттерін және ғажайып жағдайларын ешбір пенде толық сипаттап, суреттей алмайды. Егер бұған күмән келтірмейтін болсаң, онда Алланың рубубия сипаттарын және барлық болмысты қамтыған иләһи (Құдайдың) істері хаққындағы білімнен хабардар болу – таным білімдерінің ең жоғарғы рахаты және абзалы екеніне шүбәсіз иман келтіруің міндетті.

Сонымен, білім – ләззатты (рахат). Білімнің ең ләззаттісі – Алла тағала, Оның сипаттары және амалдары, Аршының сонау жоғарысынан бастап, төменіне дейін мүлікті қамтыған амалына қатыстысты білім.

Таным ләззаты, басқа барлық рахаттан – шаһуат (құмарлық), ашу және адамның бес түйсігі арқылы келетін ләззат күшті.

Рахат түріне байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Бұл мәселеге қатысты мынаны айта аламыз:

Рахат ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Сыртқы рахат, бес түйсік арқылы сезілетін рахаттың түрі. Ішкі рахат деп – басқару, жеңіске жету және білімге иелену сияқты т.б. рахатты атауға болады. Себебі осы аталған рахаттың түрін көз, мұрын, құлақ, сипау немесе дәм сезу түйсіктері арқылы білу мүмкін емес. Кемелдікке жеткен адамдар ішкі рахатты сыртқы рахаттан жоғары қояды. Мысалы; адамға семіз тауық еті, халуа және билік (басшылық), жеңіске жету сияқты амалдардың бірін таңдау ықтияры берілді делік. Егер ол адамның өзі төмен, жүрегі көр, дүниеқор болса, онда семіз тауық пен халуаны таңдары сөзсіз.

Ал егер керісінше, адам текті, парасатты болса, онда ол билік пен жеңіске жету рахатын таңдайды. Жеңіске жету үшін қарнын ойламайды. Бұл жағдай бізге билік пен жеңістің рахаты, дәмді тағамдардан да (семіз тауық пен халуа) асып түсетініне дәлел болмақ. Ақылы әлі жетіле қоймаған сәби немесе рухани көзі ашылмаған және ақылы таяз адамдар үшін тағам ләззаты, елді басқару ләззатынан артық. Бұл – табиғи құбылыс.

Алла тағаланы тану, Тәңірім деп білу, Оның сұлулығының мәртебесін, иләһи істерінің сырларынан хабар алу сияқты құбылыстар – адамдар үшін билік етіп, рахат табу ләззатынан да артық. Алла тағала Құрандай былай деп хабар береді:

«Жасаған жақсы істеріне орай сыйлық үшін Тәңір иелігінде сақталған және оларды қуантатын зор игілік барын ешкім білмейді» (Сәжде: 17).

Алла тағала олар үшін көз көрмеген, құлақ естімеген, жан адамның қиялына келмеген нығмет түрлерін әзірлеп қойған. Мұны рахаттың дәмін алған адамдар ғана түсінеді. Ол үшін пенде күмәнсіз құлшылыққа берілуді, оқшаулануды, (Алланы) ойлау мен зікір етуді жоғары қойып, таным теңізіне бойлайды. Адам билікті тәрік етеді, өйткені қолына берілген биліктің уақытша екенін түсінеді. Биліктің күнә істермен аралас екенін біледі. Жер жүзі қаншалықты байлық пен зейнетке бөленсе де, адамдар өздерін соншалық құдіреттіміз деп ойламасын, бұлардың барлығы – пәни (жалған), өтпелі.

Мұндай адам Аллан тану, Оның сипаттары мен амалдарына қатысты білімді барлық мәртебеден жоғары санайды. Егер Алла танымын (мемлекет деп алар болсақ), онда бұл бұзықшылық пен күнә істерден пәк мемлекет болмақ. Мұнда кедейлер үшін жер көп, оларға қысымшылық көрсетілмейді. Оның кеңдігі аспан мен жердей десе болады.

Алланы таныған адам Хақ тағаланың сипаттарымен танысуын, жер-көкпен теңескен жәннатта жалғастырады. Оның бақшаларында жүреді, жемістерін үзіп, махаббат хауызынан су ішеді. Жәннат нығметтері таусылады деп қам жемейді. Себебі жәннат – үздіксіз жалғысымды, мұнда өлім жоқ.

Тіпті, дүниедегі өлім – Алланың таным ошағы болған жанды (рухты) шын өлтірмейді. Негізінде бұл жан көктен түскен болмыс. Өлім, бар болғаны жанның хәлін өзгертеді, түйсіктері мен қызығушылығын кеседі және дене қапасынан азат қылады, бірақ оны мүлдем жоқ етпейді. Бұған қатысты Алла тағала:

«Құдай жолында құрбан болғандарды өлдіге санамандар. Керісінше олар тірі. Құдай алдында жұмақ ризығынан дәм татады. Өздері үшін Құдай жазған тағдырға олар дән риза. Артта қалған туыстарына – (қияметте) қорқыныш, (бұл дүние үшін) өкініш жоқ екенін хабарлап, қуантқысы келіп жатады», – деп хабар берген (Имран: 169-170).

Бұл жағдайды тек Алланың жолында бақилық болған шаһидтер үшін ғана деп ойлама. Негізінде, Аланы таныған, Оған ғашық адамның мәртебесі ақыретте шаһидтің дәрежесінен артық.

Алланы таныған адам мен Алланың жолында шейід болған адамның мәртебесі туралы мынадай риуаят бар: **«Шаһидтер ақыретте ғалым адамдардың мәртебесі өздерінен жоғары екенін көріп, біз де ғалым болсақ еді деп армандайды».**

Демек жер мен аспан көлемі Алланы танушының ауласы саналады. Мұндағы пенделердің әрбіріне жәннат беріледі. Олар бірін-бірі қыспайды, тарлық көрмейді. Алайда оларға берілген жәннат кеңдігінің көлемі, олардың Алланы тану біліміне сәйкес келеді.

Сонымен, билік рахаты жарамсыз қалып, Алланы тану ләззаты күшті екені айқындалады. Ләззаттің мұндай түрі, барлық парасатсыз хайуандарды айтпағанда сәби және ақылы төмен адамдардың бойында танылмайды. Ал енді Алла тағаланың танымы, оның сипаттары, хикметтері, аспан патшалығы мен жер сырларын білу – билікпен келетін рахаттан жоғары екенін тек Алланы таныған адамдар ғана біледі.

Жүрегі қараңғы немесе жүрек түйсігі өліп қалған адамға бұл жағдайды сипаттау мүмін емес. Себебі, Алланы тану күшінің мекені – жүрек. Адам тіршілігіне қажетті білімдер шын мәнінде Құдайдың иләһи істерін білу үшін бағытталмаған. Бірақ, адамдар үйреніп жатқан білімінің күмәнді мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Сөйтіп белгілі мәселелерде сенімдері нығаяды. Бұл жағдай олардың білімге ынталарын артып, белгілі мәселелерде сенімдері күшееді.

Алла тағаланы тануға ден қойған пенде үшін Алланың иелігіндегі құпиялардың аз ғана бөлігі белгілі болса, оның жүрегіндегі махаббат пен

ләззаттан төбесі көкке жетеді. Бұл жағдай тек Алланы тану ләззатының дәмін татып, бастан кешіру арқылы сезіледі.

Айтылған осы сөздер Алла тағаланы тану – ең ләззатті және одан жоғары ешбір рахаттың жоқтығын растайды. Сол үшін Әбу Сулеймен әд-Дарани: «Алланың сондай пенделері бар, олар үшін тозақ қорқынышы мен жәннат үміті Аллаға жету жолында тосқауыл болмайды. Олай болса бұл дүние оларды Алладан қалай алыстатпақ?!» – деп айтқан.

Мағруф Әл-Қарһидан (Алла оған разы болсын) біреу:

– Әй, Әбу Мағфуз! Сізді халықтан оқшаулатып, құлшылыққа берілуге үндеген не нәрсе? – деп сұрайды.

Әл-Қарһи бұған жауап қатпады. Әлгі адам тағы:

– Сізді халықтан оқшауланып, құлшылыққа берілуге үндеген не нәрсе, өлімді еске алу ма? – деп тағы сұрайды.

Әл-Қарһи:

– Өлімде тұрған не бар екен? – дейді.

Кейін қасындағы достары:

– Қабір азабы мен барзақ әлемін (қиямет күніне дейін болатын жағдайды) еске алу ма?» – деп сұрайды.

Әл-Қарһи:

– Қабірде тұрған не бар екен? – дейді.

Жанындағы достары тағы:

– Олай болса тозақ қорқынышы мен жәннат үміті ме? – деп қайта сұрайды.

Сонда әл-Қарһи:

– Бұлар не өзі? Шынайы патша бар. Бұлардың барлығы Соның қолында. Егер сен Оны сүйсең, саған бұл нәрселердің барлығы ұмыт болады. Егер сен Алланы шынайы таныған болсаң, бұл нәрселерге Оның жалғыз Өзі жеткілікті – деп жауап қатады.

Иса пайғамбар: «Егер бір жігіт Раббысына махаббат қойса, онда ол бұл нәрседен басқанын барлығына немқұрайлы болмақ», – деп айтқан екен.

Ғалымдардың бірі Бишр ибн әл-Уаррақты түсінде көріп: «Әбу Наср Таммар мен Абдулуаһаб әл-Уаррак не қылды?» – деп сұрайды.

Бишр: «Оларды Раббыларының құзырында дәм татып жатқан халде қалдырдым», – дейді. Ғалым: «Сіз ше?» – деп сұрайды. Бишр: «Алла тағала жеп ішуге зауқымның жоқ екенін біліп, маған Өз (нұрын тамашалау нығметін берді) деп», – жауап береді.

Әли ибн Муафақ: «Түсімде жанатқа кіргізілдім. Бір адамның дастархан басында отырғанын көрдім. Екі періште оның оң және сол жағында тұрып дәмді тағамдардан ұсынып жатты. Жәннат қақпасының жанында бір адамды көрдім. Ол адамдардың жүзіне мұқият қарап кейбірін кіргізіп, басқаларын қайтарып тұрды. Мен осылардан өтіп,

хадиқа әл-муқаддас (қасиетті бақшаға) жеттім. Бір кісі Аршы шатырының ішінде кірпік қақпай Алла тағалаға мұқият қарап тұрды. Мен Ризуаннан (жәннат періштесі): «Бұл кім?» – деп сұрадым. Періште: «Мағруф әл-Карһи. Ол Аллаға тозақтан құтылу немесе жәннатқа кіру үшін емес, бәлкім Аллаға деген махаббаты үшін құлшылық қылды. (Сол үшін) Алла оған қиямет күніне шейін сұлулығына қрауға рұқсат берді», – деп жауап береді.

Әбу Сүлеймен әд-Дарани (Алла оны рахым етсін): «Кім бүгін (осы дүниеде) нәпсімен әлек болса, ертең де (ақыретте де) сонымен әлек болады. Кім бүгін Тәңірімен машғұл (шұғылданса) болса, ертең де Тәңірімен машғұл болмақ», – деп айтқан.

Раббының сұлулығы хақында пайғамбар (с.ғ.с) Алланың: «Мен салих құлдарым үшін көз көрмеген, құлақ естімеген, жан пенденің қиялына келмеген нығметтерді әзірледім», – деген сөздерін риуаят қылады (Әбу Һурайрадан имам Бұхари жеткізген).

Жүрек тазалығының жоғары мәртебесіне жеткен адамдарға осы ләззаттардың кейбірі бұл дүниеде бұйырады. Сол себепті Аллаға ғашықтардың бірі: «Мен: Иә, тәңірім! Иә, Алла! – деймін. Бұл сөздердің жүрегімдегі салмағы таудан да ауыр. Себебі шақыру (Иә, Тәңірім! Иә, Алла! қаратпа сөздері) пенденің жан дүниесінен шығады» – деген.

Алланы танушылардың мақсаты – Аллаға жету, дидарласу. Бұл жету көз немесе жүрек үшін аса қуанышты. Кез-келген адам жасырын қуанышты біле бермейді. Егер осы қуанышқа қол жетсе шаһуат, уайым мен қайғы атауы жоғалады. Жүрек осылай оңаша қалуға ынтызар болады.

Мұндай жағдайда жүрек өзінің отқа тасталғанын байқамайды және жәннат нығметтеріне назарын да салмайды. Түйсік ләззаттарының дәмін татқан және солардан басқа ләззатты танымайтын адам, Алла тағаланың сұлулық ләззатын қайдан білсін!?

Алланы таныған пенделер үшін Алла тағаланың сұлулығын көру нығметінен асқан еш нәрсе жоқ. Сол себепті (Аллаға) ғашық пенделердің бірі: «Алладан ажыраудың (азабы) тозақ отынан ауыр, Оның құзырына жету жолымен жүру – жәннаттан да ләззатты», – деген.

Адамға тән ләззаттың деңгейі төмен. Мысалы; нәресте үшін ойын ойнау және сықылықтап күлу – ең жоғарғы ләззат. Тіпті, керек болса ол үшін бұл жағдай барлық нәрседен қымбат. Кейін нәресте өскен соң алғашқы ойын ләззатының орнын әдемі киім кию, жақсы көлікке міну рахаты басады. Бұлардың қасында ойын ойнау рахаты төмендеп кетеді. Мұнан соң оның ер мен әйелдің арасындағы қарым-қатынасына сүйіспеншілігі артады. Сосын билік, мансап, байлық сияқты т.б. ләззаттар пайда болады. Бұлар мәртебе жағынан дүние ләззаттарының ең күштісі және ақырғысы саналады. Алла тағала Құрандай былай деген:

«Ақыретте (имансыздарға) азап, (жақсыларға) Алланың кеңшілігі, разылығы бар» (Хадид: 20).

Адамда ішкі қалау күші туады, осы күштің арқасында Алла тағаланың болмысы туралы білімге қол жеткізеді. Мұның алдында болған барлық ләззаттар түкке тұрғысыз болып қалады. Бұл – ақырғы баспалдақ. Себебі ойын-күлкі махаббаты сәби кезде, әйел мен зейнет махаббаты балиғат жасында келеді. Билік махаббаты жиырма жастан кейін пайда болып, білім мен таным махаббаты қырық жасқа жақындағанда бас көтереді.

Сәби – ойынды тастап, әйелмен және билікпен әлек болған жастарға күледі екен. Сол сияқты басшылар да билікті тастап, Алланы тану жолында шұғылданып жатқан адамдардың үстінен күлулері әбден мүмкін. Білім иелері бұлай күлгендерге Құрандағы мына аятты айтады:

«(Нұһ) кеме жасады. Қауымның басшылары олардың қасынан өткен сайын келекелеп, мазақ етіп жүрді. (Нұх оларға): «Егер сендер бізді мазақ етсендер, дәл осыларың сияқты біз де сендерді сөзсіз мазақ етеміз» (Һуд: 38-39).

АҚЫРЕТТЕ АЛЛАНЫҢ СҰЛУЛЫҒЫН КӨРУ ЛӘЗЗАТЫНЫҢ АРТУЫ, ОСЫ ДҮНИЕДЕГІ ТАНЫМҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Танылатын нәрселер үш топқа бөлінеді: біріншісі, ой арқылы танылатын бейнелер; екіншісі, хайуан мен өсімдіктерге тән пішін (форма) мен түске ие денелер – бұлар қиял шеңберінде қамтылады; үшіншісі, Алла тағаланың Заты, Оның білімі, құдіреті мен қалауы сияқты дене пішімі жоқ Алланың көптеген есім-сипаттары. Бұл қасиеттер адам қиялының шеңберінен тыс.

Адам басқа бір адамды көріп, кейін көзін жұмар болса, ол оны көз алдында тұрғандай етіп елестетеді. Бірақ, көзін ашып қараған уақытта қиялындағы бейне мен көз алдындағы адам бейнелерінің арасындағы айырмашылықтың бар екенін түсінеді. Бұл айырмашылық екі бейненің арасындағы қарама-қарсылықтан емес, бәлкім анықтық пен тұнықтықтың ерекшелігінен туындап отыр. Себебі көзді ашқан кезде қиялдағы бейненің анықтығы мен тұнықтығы арта түседі. Бұл жағдайды бір адамды күн батар кездегі апақ-сапақ кезде көрген мен күндіз көрген кездегі айырмашылыққа ұқсатуға болады. Анық, ашық көру дегеніміз – көру қабілетінің жоғарғы шегі.

Бұл адамның ой мен қиялының шеңберіне сиятын нәрселерге қатысты шындық. Ал енді пішіні жоқ мәліметтерді ойлау мен тану мәселесіне келсек, мұның екі мәртебесі бар. Бұл екеуі бірін-бірі

толықтыра түседі. Екі мәртебенің арасындағы анықтық пен ашықтықтың айырмасын көзбен көру және қиялмен елестету айырмашылығымен салыстыруға болады. Бұлардың (көру және қиял) деп аталуы дұрыс, себебі көру – анықтықтың жоғарғы шегі болғандықтан көру деп аталады. Кірпік қағылып, көз жұмылған шақта көрініп тұрған нәрсемен көздің ортасына перде түседі. Образды анық көру үшін ортадағы пердені көтеру қажет. Арадағы перде көтерілмейінше қиялдағы нәрсе бар болғаны елес болып қала бермек. Бұл Алланың заңы. Дәл сол сияқты нәпсі дененің шаһуат қалауларымен және құмарлық пен әуестік сияқты бөгет перделерімен бүркеніп тұрған шағында қиялдың сыртындағы мәліметтерді шынайы көре алмайды. Дегенмен қас пен қабақ көздің пердесі болғаны сияқты, бұл дүние де нәпсінің қажетті пердесі.

Алла тағала Мұса пайғамбарға:

«Олардың көңілдеріндегі кірбіңнің бәрін шығарамыз. Төменде салқын бұлақтар ағып жатады. «Барлық мадақ – бізді тура жолға салған Аллаға жарасады. Егер бізді Ол жетелемегенде, дұрыс жол таба алмас едік. Тәңіріміздің елшілері бізге ақиқат алып келді», – дейді» (Ағраф: 43), және **«Алла көзге көрінбейді, бірақ ол көздерді (басқаларды) көріп тұрады. Ол мейірімді және барлығын біледі»,** – деп хабар берген (Анғам: 103).

Алланың елшісі де (с.ғ.с.) миғраж кешесінде Алланы кәдуілгі көзбен көрмеген. Бұл дұрыс пікір. Егер өлімнің келуімен нәпсідегі перде көтеріліп, күнәдан мүлдем тазаруды қабылдамай дүниеде кірленген хәлінде қалар болса, онда ол сол бейнесінде мәңгі қалып, Тәңірінің алдына барады. Мұндай жағдайдан Алланың Өзі сақтасын.

Енді нәпсі бірқатар күнә жасап, бірақ күнәсі мүлдем қатайып кетпей әлі де тазаруы ықтимал болса, онда ол отқа салынып, күнәларынан тазартылады. Ол күнәдан толық тазарғанша оттың құшағында болады. Барлық нәпсі бұл өмірден о дүниеге сапар шеккен кезінде үстіне қонған шаң-тозаңды өзімен бірге алып бармақ. Сондықтан Алла тағала Құранда:

«Ондайлардан (тозақ басына) бармай қалатын ешкім болмайды. Мұның өзі Тәңірдің өзгермес үкімі. Сонан соң, тақуаларды (тозақтан) құтқарамыз да азғындарды жаһаннам жиегіне тізіп қоямыз», – деп хабар берген (Мариям: 71-72).

Кез келген нәпсі тозақ отына түсетініне иман келтіреді, бірақ оттан қайтып шығу барлығына бірдей нәсіп болмас. Тіпті, Алла тағала толық тазаруын нәсіп қылған жан, уәделенген есеп-қисаптардың барлығынан аман-есен шықса да оның жәннатқа қашан кіретіні бір Аллаға ғана мәлім. Бұл мезгіл туралы Алла тағала ешбір пендесіне хабар бермеген. Демек, адам баласы ақыретте үсті-басын шаң басып, жүзі қарайып тұрмасы үшін жүрегін күнә істерден тазартып, жаман қылықтардан алшақ жүруге осы дүниеде көп күш салуы қажет. Өйткені жүрек – Алла

тағаланың ұлықтығын ғанибеттейтін орын. Бұл ғанибет көру деп аталады. Алайда мұндағы көру мекен мен тарап (жақ) және қиялдағы елесті толтыратын мағынада емес. Себебі Алла пұндай сипаттардан пәк, мұңсыз.

Сен Алланы бұл дүниеде бір елес пен қиялсыз және бейне мен пішінсіз шынайы біліммен тани алғаның сияқты, Оны ақыретте де солай көресің. Дүниеде қол жеткізілген таным (білім) сол қалпында жетіліп, ашық пен анықтық кемелдігіне көтерілу арқылы көру қасиетіне айналады. Ақыретте көрінетін ақиқат пен бұл дүниедегі таным арасындағы айырмашылық, тек ашықтық пен анықтықтың артықшылығында.

Сонымен Алла тағаланы тануда ешбір бейне мен тарап (жақ) негізге алынбайды. Сол сияқты ақыретте Алланы тану білімінің ашықтығы мен анықтықтығы артықша қосылғанымен белгілі бейне мен тарап болмайды. Жоғарыда айтқанымыздай көз бен көрген сурет пен елестегі бейне бір-біріне ұқсайды, олардың арасындағы айырмашылық тек ашықтық пен анықтықтың артуында ғана. Алла тағаланың мына аяты осыған сілтейді:

«Пайғамбарын да, оған ілескен мүминдерін де Алла (қияметте) қор қылмайды. Алдында, оң жақтарында нұр толқындап тұрады. «Ей, Раббым! Біздің нұрымызды кемелдендіре түс, кеңшілік жаса, Сенің күдіретін бәріне жетеді», – дейді олар» (Таһрим: 8).

Нұрдың кемелдігі анықтықтың артуына ықпал етеді. Сондықтан да көру мәртебесіне дүниеде таным қасиетіне ие пенделер ғана бөленеді. Тұқымның өсімдікке, көшеттің ағашқа айналғаны сияқты ақыретте таным сипаты көру қасиетіне ауысады. Жеріне көшет қадамаған адам құрманы қалай жинасын? Тұқым салмаған адам егінді қайтып жинасын? Дәл сол сияқты бұл дүниеде Алланы танымай өткен адам, Оны ақыретте қайтып көрсін?

Алланы тану бірнеше мәртебеге бөлінгендіктен, ақыретте Алланы көрудің де дәрежелері түрлі болмақ. Себебі Алланы танудың мөлшері көп және аз болуына байланысты олар бір-бірінен көркем, күшті және әлсіз сипаттарымен ерекшеленеді.

Жәбир (Алла оған разы болсын) пайғамбардан (с.ғ.с.): **«Алла тағала барлық адамдарға жалпы, Әбу Бәкір үшін, арнайы көрінеді»** – деген хадисті риуаят қылады (Ибн Адий риуаяты).

Бұл риуаяттан адамның Алланың алдындағы мәртебесі Әбу Бәкірден төмен болса да Алла тағаланы көріп, Әбу Бәкірдей рахатқа бөленеді деп ойлау қате. Бәлкім адам, Әбу Бәкірдің бөленген рахатының жүзден бір бөлігін табуы мүмкін. Онда да егер ол адамның бұл дүниедегі Алланы тану білімі Әбу Бәкірдің бойындағы білімнің жүзден бір бөлігіне тең келсе.

Бұл дүниеде басшы болу рахатын тамақ жеу, неке құру ләззатынан артық көретін адамдардың болғаны сияқты, білім арқылы жер мен аспан құшағындағы құпияларды ашу амалын (рахат өмірден) әйел мен тамақтан жоғары қоятын адамдар да жоқ емес. Олар мұны басшылық, тамақ жеу, некелесу амалдарынан артық сүйеді. Сол сияқты ақыретте де Алла тағаланың сұлулығына бөлену ләззатын жаннаттағы барлық нығметтерден артық сүйетін топтар да бар. Бұл топтағы адамдар осы дүниеде білім, Алланы тану, Оның сырларын ашу амалдарын тамақ жеу, некелесу ләззаттарынан үстем қойған. Олай болса дүниеде Алла тағаланы танымаған адам, ақыретте Оны көрмейді. Осы дүниеде Алланы тану ләззатын таппаған адам о дүниеде (Алланы) көру рахатын таба алмас. Өйткені ақыретте ешбір адамға дүниеде қасында болмаған нәрсесі берілмейді, адам (ақыретте) тек еккен нәрсесінің жемісін жинайды.

Адам қандай жағдайда өлсе сол қалпында тіріледі. Дүниеде қалай өмір сүрсе, солай өледі. (Дүниеде сүйген) нәрсесі ол үшін Алланы танудан маңыздырақ. Адам өлгеннен кейін оның көзіндегі перде көтеріліп, Алланы көру көзі ашылады. Сондықтан мұндағы ләззаттың күші артады. Бұл сүйіктісінің бейнесін елестетіп, кейін оның өзін жүзбежүз көрген ғашық адамның жағдайымен тең. Себебі сүйген адамды көру – ғашықтық ләззатының жоғарғы мәртебесі.

Жәннатта әрбір адамның қалағаны әзірленген. Алла тағаланы көруден басқасын қаламаған адам, басқа нәседен ләззат ала алмайды керісінше, ол бұл нәседен азаптануы мүмкін. Демек жәннат бақыты Алла тағалаға болған махаббаттың дәрежесіне байланысты, ал Аллаға деген махаббат адамның танымына байланысты. Шарифат бұл таным негізіне «иман» деп ат қойған.

Егер сен: «(Алланы) көру ләззаты Оны тану ләззатына байланысты екен, онда таным ләззаты екі есе көп болса да аз саналмақ. Себебі дүниедегі таным ләззаты әлсіз келеді. Сондықтан ол қанша есе көп болғанымен жәннаттағы нығметтердің ең төменгі дәрежесіне жетпейді», – деп айтар болсаң, біліп алғайсың – сенің бойыңда таным (қасиеті) жоқ болғандықтан осылай ойлап отырсың. Ал енді кім (Алланы) тану қасиетінен мақұрым болса, ол адам ләззаттың дәмін қалай татпақ? Егер оның бойындағы таным әлсіз, жүрегі дүние істерімен толы болса, онда мұндай адамның (Алланы) танудағы ләззаты қаншалықты болмақ?

Тақуалар мұндай адамдардың танымын, ой-толғамдарын, олардың Алла тағалаға мінәжат қылып төккен жастары үшін алған жәннат нығметтерін Алланы көру ләззатымен алмастырмайды. Себебі ләззат қаншама кемел болғанымен көзбен көрген (жүрекпен) сезінген ләззатқа жетпейді.

Мұны мына жағдайға ұқсатуға болады: ғашық адам өз сүйгенін қанша армандағанымен оны көзімен көрген ләззатқа жетпейді. Сол

сияқты ауыздан су ағатын дәмді тағамды қанша иіскегенімен оны ауызға салып, дәмін алған ләззатқа жетпейді.

Осы екі жағдайдың арасындағы айырмашылықты түсіндіру үшін мына мысалға назар саламыз: Бұл дүниеде ғашықтың жүзіне қарап, рахат табудың ләззаты бірнеше себептермен ерекшеленеді.

Бірінші себеп – сүйікті адамның шексіз сұлулығы немесе бір нүкісінің болуы. Сұлулық кемел болса, оған қарау ләззаты да кемел болары сөзсіз.

Екінші себеп – махаббат пен ғашықтық сезімінің күштілігі. Ғашықтық сезімі күшті адамның алатын ләззаты, махаббаты әлсіз адамның алатын ләззатымен тең емес.

Үшінші себеп – танымның кемелдігі. Себебі қараңғылықта немесе перденің артында тұрып яки болмаса ұзақтан қарап ләззаттану пердесіз және жақын тұрып ләззаттануға ұқсамайды.

Төртінші себеп – жүректің адамды сары уайымға салатын түрлі тосқауылдардан таза болуы. Себебі ғашығына бір қараумен ләззат алатын жүрегінде уайым жоқ адамның рахаты бойында уайымы мен үрейі толы, жан-жағына жалтақтаған адамның рахаты сияқты болмас.

Өзің ойлап көр, сезімі әлсіз адам ғашығын перденің артында тұрып немесе қашықтан қарап тамашалайтын болса, бұл ләззат толық болмайды. Бұған қоса, егер ғашық адамды жылан-шаян шағып, жүрегін мазалай түссе онда ол ләззаттан тағы бір қадам алшақтай түседі. Бірақ, ол осындай жағдайда бола тұра ғашығын көріп белгілі дәрежеде рахат табады. Егер өзіне азар беріп тұрған жылан-шаян жоқ болып, ауру азабынан айығып, ғашығымен арадағы қараңғылық пердесі көтеріліп, бойын махаббат сезімі орап алса, онда оның бойындағы ғашығына деген ләззаты бірнеше есе көтерілері анық. Тіпті, ол адам алғашқыдағы махаббат сезімін елемей де қалады. Көру ләззатына қарағанда таным ләззатының артықшылығын осылай бағалауға болады.

Дүниеде нәпсі тақуа адамдар үшін зиянын тигізе алмайды, тақуа адамдар жаман нәрсемен әуестенбейді. Бұл жас баланың басшылық махаббатына қызықпайтыны сияқты. Балақай басшы болғаннан гөрі құстармен ойнағанды артық көреді.

Дегенмен тақуа адамның Алланы тану білімі күшті болғанымен оның жүрегі дүние тіршілігінен мүлдем үзілмейді. Кейбір кезде мұндай дүние байланысты әлсіреп, Алланы тану білімінің көтерілетіні сонша, ләззат күшейіп адамның жүрегі жарылып кете жаздайды. Алайда мұндай жағдай әдетте ұзаққа созылмайды. Тіршілік уайымы, мұндағы шаруалар бұған бөгет жасайды. Бұлай болуы заңдылық та, өйткені бұл дүниенің әлмисақтан жалғасып келе жатқан құбылыс. Адам өлергенше осылай күреспен өтеді. Таза өмір дегеніміз, өлімнен кейін болады. Шынай өмір – ақыреттегі өмір:

«Бұл дүние тіршілігі – тек ойын-ермек, өткінші нәрсе. Нағыз өмір – ақыретте. Шіркін, олар осыны білер ме еді» (Ғанкабуд: 64).

Кім бұл дәрежеге жетсе, әрине Алла тағаланың сұлулығын сүйеді, ажалдан қорықпайды. Бірақ Аллаға деген танымның артуын қалағандықтан ажалдың асықпай келгенін қалайды. (Ондай адам үшін) Алланы тану махаббаты жиегі жоқ мұхитқа айналады. Алла тағаланың сипаттары, хикметі мен сырлары туралы білім артқан сайын ақыреттегі нығметтердің саны да молая түседі. Мысалы, өсімдіктің ұрығы қаншалықты көп болса, соншалықты өсімдіктің де шығуына мүмкіндік бар. Бірақ, мұндағы дәнек жүрекке егіледі де, оның жемісі ақыретте жиналады. Сол себепті Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Бақыттың абзалы – Аллаға бойсынып өткізілген ұзақ өмір»**, – деп айтқан (Ибраһим әл-Һарбидің риуаяты).

Әбу Бәкірден келтірген имам Термезидің риуаятында: «Бір кісі: Уа Алланың елшісі! Адамдардың ең абзалы кім? – деп сұрайды. Пайғамбар (с.ғ.с.): **«Өмірі ұзақ, амалы жақсы болған адам»**, – деп жауап береді».

Себебі таным дегеніміз – ұзақ өмір, үздіксіз көру және дүние әурешілігінен шектелумен кемелденеді, молаяды, байиды. Ол үшін өмірдің ұзақ болуы тиіс.

Алланы тану мәртебесінің жоғарысына жеткен адам ажалдан қорықпайды. Ал ұзақ өмірдің арқасында Алланы көбірек танығысы келген адам керісінше, өлімнің асықпай келгенін қалайды. Алайда, кейбір адамдардың көздері дүние шаһуаттарымен толып кетеді. Егер өмірі шаттық пен думанға толы болса өмірдің ұзақ болғанын қалап, ал егер жоқшылық пен таршылықта өмір сүрсе, өлім тілейді. Бұлай ойлайтын адамдардың барлығы бақытсыз. Себебі олар надан және барлығына немқұрайлы болғандықтан осылай ойлайды.

Немқұрайлылық пен надандықтың жемісі – бақытсыздық. Ал білім мен таным болса бақытқа жету себептері болып табылады. Жоғарыда айтылған махаббат дегеніміз, ғашықтық мағынасындағы жоғарғы махаббат. Таным және көру деп біздер парасаттылық пен кемелдік дәрежесіндегі көруді айтамыз. Басқаша айтқанда енді сен, Алла тағаланың сұлулығына бөленудің үлкен нығмет және ләззат екенін білдің.

Мұнан соң сенде мынадай сұрақ туындауы мүмкін:

– Ақыретте Алланы көзбен көреді ме әлде жүрекпен бе?

Адамдар бұған қатысты түрлі пікір айтқан. Бірақ, көру қабілеті бар адамдар бұл мәселеге көңіл бөлмейді. Өйткені, ғашығының сұлулығын көруге ынтызар адам қандай жағдайда болса да оны көруді қалайды. Алланың күдіретінде шек жоқ. Демек, ақыретте Алланы көзбен де жүрекпен де мүмкін болғаны. Бірақ, ақыретте осы екі жағдайдың қайсысы болатыны аят-хадистер мен дәлелдерге сәйкес түсіндіріледі. Аһли сунна уәл-жамаға сенімі бойынша ақыреттегі көру көзбен болады.

Шариғатта (араб тіліндегі) «көру» және «қарау» сөздерінің сыртқы мағынасын түсіну мақұлданған. Ал сөздің сыртқы мағынасын өзгерту тек зәру жағдайларда ғана мүмкін. Алла білушірек.

АЛЛАҒА БОЛҒАН МАХАББАТТЫ КҮШЕЙТУДІҢ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

Біліп алғайсың! Ақыреттегі ең бақытты адам – Алла тағалаға махаббаты ең күшті адам. Ақыреттегі бақыттың мағынасы, Алла тағаланың құзырында тұру және Оның сұлулық шарапатына бөлену. Ұзақ уақыт бойы сүйгенін көре алмаған ғашық үшін Оның құзырында тұру – арман жетпес бақыт. Сол сияқты таусылып қалады деп ұйымдамай, сақшы немесе күзетсіз еркін тұрып, кедергіден қорықпай мәңгі қарау да үлкен бақыт. Алайда бұл бақыт махаббат күшінің мөлшеріндей ғана. Сондықтан (Аллаға) махаббаты артқан адамның ақыреттегі бақыты да арта түседі. Пенденің Аллаға деген махабаты осы дүниедегі өмірден бастау алады.

Аллаға болған махаббаттың негізінен ешбір адам мақұрым емес. Бірақ, Аллаға махаббатты қуаттандыру, оны ғашықтық мәртебесіне жеткізу амалы барлық адам үшін нәсіп болмайды. Бұған жетудің екі жолы бар:

Бірінші себеп – дүние махаббатынан алшақтап, Алладан өзге нәрселердің барлығын жүректен шығарып тастау. Себебі жүрек дегеніміз бір ыдыс. Оны судан толық босатпайынша оған әсел құйып қою мүмкін емес. Сол үшін Алла тағала:

«Ешбір адамның кеудесінде Алла екі жүрек жаратқан жоқ», – деп хабар берген (Ахзаб: 4).

Махаббаттың кемелдігі Алланы бүтін жүрекпен жақсы көру. Адам басқа нәрсеге көңіл бөлген сәтте жүрек еріксіз сол нәрсемен машғұл (әуре) болатыны заңдылық. Сондықтан оның Аллаға махаббаты кемей түседі. Ыдыстың ішінде су қаншалық көп болса, әсел де соншалық аз болады. Сол сияқты жүрек Алланы жалғыз деп тандаса, Одан басқа нәрсенің барлығынан алшақтайды:

«(Ей, Мұхаммед!) Сен айт: «Мұсаға келген кітапты, адамдар үшін нұр және тағылым болған кітапты, сендер бөлек-бөлек қағазға көшірген, (тіпті) бір бөлімін жасырып тастаған кітапты кім түсірді? Өздерің де, ата-бабаларың да білмеген нәрселерді сол кітап білдірмең пе еді? Соны түсірген – Алла», – де» (Анғам: 91).

«Тәңіріміз – Бір Алла дегендерге, сонан соң тура жолдан таймағандарға періштелер түседі де: «Қорықпаңдар да, қам жемендер, сендерге уәде етілген жәннат бар, соған қуаныңдар. Бұл

дүниеде де, ақыретте де біз сендер жағындамыз..», – дейді» (Фуссиләт: 30).

Алладан басқа құлшылыққа және махаббатқа лайық нәрсе жоқ. Себебі әрбір жақсы көрілген нәрсе құлшылық жасауға лайық деп есептеледі. Адам баласы құлшылықты тез үйреніп және өзі сүйген нәрсесіне тез тәуелді болып қалады. Құранда адамдардың дінті тәрік етіп, өздері сүйген басқа нәрселерге қалай тәуелді болып қалғандары туралы былай делігнен:

«Тәңірім! – деді пайғамбар. – Менің қауымым Құранды тәрк етті ғой» (Фурқан: 43).

Осы мағынада Алла елшісінің (с.ғ.с.): **«Жер бетіндегі табынушылыққа айналған құдайлардың ең жаманы – құмарға берілген нәпсі** (яғни құмарының жетегінде кеткен нәпсі)», – деп айтқан.

Зайд ибн Арқамнан (Алла оған разы болсын) пайғамбардың (с.ғ.с.): **«Кім шын ықыласпен лә иләһә иллАлла деп айтса, жәннатқа кіреді»**, – деген риуаят жеткен (имам Табарани).

Ықыластың мағынасы – жүректі тек Аллаға арнау, Оған ешкімді серік қоспау, Оны жүректің махаббаты мен мағбуды (құдайы) және мақсаты етіп тұрақтандыру. Кім осындай хәлде болса, оған бұл дүние қараңғы қамауға айналады. Себебі оның алдында дүниенің құндылығы жоғалады, өлім керісінше сол қамаудан шығып, ғашығына қауыштыратын жалғыз жолға айналады.

Ғашығына ынтызар адамның ұзақ уақыт отырған қамауынан шығып, сүйіктісімен қауышып, мәңгілік саулыққа жеткен адамның бақыты қандай десеңші!

Аллаға махаббаттың әлсіз болуының себептерінің бірі – дүниені сүю. Адамның отбасын, малын, балалары мен бауырларын, туыстары мен бау-бақшаларын сүюі – дүние махаббатына жатады. Адам дүние махаббатына батқан сайын, Алладан алшақтай береді. Дүние махаббаты артқан сайын, ақырет туралы пікір де кеми түседі. Жүректегі дүние махаббатын кетірудің жолы – тақуалық, үнемі сабырлы болу, Алладан қорқу және Одан үміт ету.

Жоғарыда айтылған тәубе, сабырлық, тақуалық, қорқу мен үміт ету сияқты мәртебелер махаббаттың екінші рүкініне жатады. Бұлар жүректі Алладан басқа нәрселерден тазартуға септігін тигізетін құралдар. Бірінші рүкіні – Алла тағалаға, ақырет күніне, жәннат пен жаһаннамға иман келтіру. Осы иманның арқасында адамның көкірегіне Алладан қорқу мен үміт ету сезімдері ұялайды. Осы екеуінің салдарынан тәубе мен сабырлық шығады. Бұл өз кезегінде тақуалыққа шақырады.

Жүрек осы аталған мәртебелермен тазарып, кейін оған Алланы тану мен жақсы көру қасиеттері орнығады. Әбу Мәлик Ашғаридің (Алла оған разы болсын) пайғамбардан (с.ғ.с.) **«Тазалық – иманның жарымы»**, – риуаят қылған хадисі осыны көрсетіп тұрғандай (имам Мүслим).

Жүректегі махаббатты күшейтетін екінші себеп – Алла тағаланы танытын күш молайып, жүректі толықтай билеуі қажет. Адам бұл мәртебеге жүрегін барлық дүние істерінен тазартқан соң жетеді. Мұны жерге дәнек тастамай тұрып, ол жерді арам шөптерден тазарту амалына ұқсатуға болады. Айтылған бұл жағдай тазалықтың екінші жартысы болмақ. Кейін екен әлгі дәнектен Алланы тану және жақсы көру ағашы өніп шығады. Осыған ұқсас жақсы сөз мысалын Алла тағала келтірген:

«Алланың мынадай бір мысалын көрген боларсың? Жақсы сөз (кәлима тун-тоиibatун) жақсы терек тәрізді, оның тамыры тереңде болады да бұтақтары аспан бойлап кетеді» (Ибраһим: 24).

Сондай-ақ, Алла тағала:

«Кімге даңқ қажет болса, даңқтың бәрі Құдіреттің қолында. Жақсы лебіз, ізгі іс бірін-бірі көтеріп, Алланың құзырына жетеді. Ал қулық-сұмдыққа жақындар түбі ауыр азапқа душар болады. Олардың айла тәсілдері іске аспайды», – деп хабар берген (Фатир, 10).

Жақсы сөз дегеннен мақсат – Алланы тану. Барлық жақсы амалдар жүректі дүние қамынан тазалау үшін жұмыс жасайды. Амалды дұрыс жасау үшін шариғат көрсеткен жолмен іске асыру керек. Ол үшін барлығынан бұрын білім қажет. Бұл білімнің басында адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу амалы тұрады. Себебі дұрыс қатынас жасай білген адам амалды да дұрыс орындайды.

Адамдармен дұрыс қатынаста болу ілімі дегеніміз – Алланың ұлықтығына жету үшін жүректі тазалау және таным білімімен зейнеттену. Бұл, жасырын нәрсені әшкере ететін білім. Жүреkte Алланы тану білімі орныққан соң оның артынан махаббат та пайда болады. Ақылды адам әдемі бейнені елестетіп кейін, оны көзімен көрсе соған ынтызарлығы артқандай болады. Оны жақсы көрген сайын, бойында соған деген ләззат та пайда бола бастайды. Бұл ләззат жақсы көру қасиетінің салдарынан туындады. Осы сияқты Алланы тану ілімі де – дүние істерінен алшақтап, Алланың аспан мен жер және Оның барлық мақұлықаттарға қатысты құдіреті мен күші туралы оймен жеке қалып, Оны үнемі зікір етіп, Оның сипаттарын ойлау арқылы келеді.

Таным мәртебесіне жеткен адамдар екіге бөлінеді:

1. Күшті адамдар. Бұл топтағы адамдардың танымы әуелі Алла тағалаға бағышталып, кейін сол білімнің арқасында басқаларын таниды. Бұған қатысты мынадай аяттар бар:

«Құранның ақиқат екені көкіректеріне жеткенге дейін Біз оларға жеркөктегі, тіпті өз бастарындағы ғаламаттарды (белгілерді) көрсете береміз» (Фуссиләт: 53).

«Бір Тәңірден басқа күшті де, ұлы ешбір құдірет жоқ екеніне Алла да, періштелер де, ғұламалар да куәлік береді. Алла – ұлы, Одан асқан данышпан жоқ» (Әли Имран: 18).

2. Әлсіз адамдар. Бұл топқа жататын адамдар әуелі жаратылысты, яғни жаратылған заттарды біледі, кейін сол арқылы жаратушыны таниды.

«Көк пен жердің патшалығы туралы, құдай жаратқанның барлығы жөнінде, өздеріне ажалдың тұтқиылдан кеп қалатындығы жөнінде олар қалай ой толғамайды екен? Осыдан кейін ондайлар қандай сөзге сене қоймақ?» (Ағраф: 185)

«Көктегі, жердегі нәрселерге қараңдар. Ал сенбейтіндер үшін кереметтердің де, ескертушілердің де пайдасы жоқ» (Жүніс: 101).

Жасалған амалдар арқылы Алланы тану көптеген адамдар үшін қолайлы жол. Құранда жан-жаққа қарап ой жүгірту, ақылға салу және түсіну арқылы Алланы тануға шақыратын аяттар жетіп асады.

Мұнан кейін сен: «Жоғарыда айтылған екі жол да ауыр екен. Алланы танитын және махаббатқа иеленетін жеңіл жолды түсіндіріп берші», – деп айтуың мүмкін. Олай болса біліп ал: барлық мақұлық үшін Алла тағаланың бар екеніне дәлел келтіру жолы жасырын. Бұл әңгіме мұнда айтылмайды себебі, адамдардың басым көпшілігінің ақылы бұған жетпейді. Сондықтан оны кітаптарда айтып жатудың пайдасы жоқ.

Енді Алланы тану мен жақсы көрудің жеңіл жолы туралы айтар болсақ, Алланы жеңіл жолмен тануға адамның ақылы жетеді. Бірақ, адам дүние қызығына батып, нәпсінің қалауымен әлек болғандықтан жан-жаққа қарап ой жүгіруден алшақтап, Алланы тани алмай келеді. Әйтпесе, жоғарғы аспан қабытынан жеті қабат жер аралығында бар әрбір зәердей затта Алланың ғажап аяттары (белгілері) жетерлік. Олар Алланың құдіреті мен даналығының кемелдігіне және Оның ғажаптығы пен ұлығының шексіздігіне дәлел:

«Сен айт: «Тәңірдің сөзін жазу үшін теңіз түгел сияға айналып кетсе де, Тәңір сөзінен бұрын сол теңіз-сия таусылып қалған болар еді, тіпті, тағы бір сондай теңіз-сия болса да жетпес еді», – де» (Қаһф: 109).

Білімнің бұл түріне шынайы берілу Алланың құпия білім теңізіне батып кету дегенді білдіреді. Бұған қоса бұл біліммен біз жоғарыда айтқан қарым-қатынас біліміне кіре алмайсың. Бірақ адам Алланың құдіретін тануы үшін бұл білімдегі қысқа бір мысалға назар салуына болады, яғни Алланың құдірет істеріне қарайды. Ол үшін адам өзінің ақыл деңгейіне ауыр келмейтін кереметке қарауы тиіс.

Біздің жерді аспан мен періштелер әлемдерімен салыстырар болсақ Жер өте кішкентай. Жердегі жаратылыс болса, кішінің кішісі. Мысалы, көзімізге шағын көрініп тұрған күн жерден жүз алпыс мәрте үлкен. Көзімізге титтей көрінген күн жерден осынша көп болса, онда күн орналасқан ғарыш күннен қаншалықты үлкен?! Дәл сол сияқты жеті қабат аспанды Алланың Күрсиімен салыстырғанда ол да соншалық кіші. Ал Күрсиді Алланың Аршысымен салыстырсақ, Күрси де одан соншама

кіші. Енді осының барлығынан соң, жердің олардан қаншалықты кіші екенін ойлап көр. Кейін топырақтан жасалған адамға назар сал. Жауарлардың өзі жерден қанша есе кіші. Олардың арасында біз білетін шыбын-шіркейлер мен т.б. сол сияқты нәрселер қанша. Солай бола тұра шыбын-шіркейлердің барлық мүшелері тіпті, қанаты және басқа жануарлар сияқты аяғы, қолы, көзі мен құлақтары бар. Сол сияқты азықтануы үшін ішкі құрылыс мүшелері де бар.

Масаға ризығын табуына жол көрсетіп қойғанын Алланың құдіретіне қара! Оған өзінің ішетін асы адамның қаны екенін білдірген. Адамға жетуі үшін ұшатын қанаттар бітірген, ұзын ине тәріздес тұмсық жаратқан. Тнені адам терісіне кіргізу әдісін, қан сороды, оны қорытуды үйреткен. Оның тұмсығы өте жұқа болып көрінгенімен, ол түтік сияқты, одан сұйық қан ағып оның ішіне барады, ағзаларына тарап оған азық болады. Адам оны өлтіруді қалап қолын көтерсе, маса оны дыбысын естіп, қан соруын дереу тоқтатады да тез ұшып кетеді. Себебі оның өзіне тән құлағы, жан-жағын көретін көздері де бар.

Қайсы бір титтей жаратылысқа назар салсаң көздерін қоқымнан тазартып тұруы үшін екі қол жаратылған. Егер олардың қабақтары болса, онда оларға шаң-тозаң отырып, оны көтеріп ашып-жабу және көтеріп жүру машақатты болар еді. Шыбынға назар салсаң, қолдарымен үздіксіз көздерін сүртіп тұрғанын көресің. Ал енді адам және сол сияқты үлкен мақұлықаттардың көзін тазартып, шаң-тозаңнан қорғап тұратын кірпік пен қабақ жаратылған. Кірпік көздің нұрын бағыттап жақсы көруіне жағдай жасайды. Шаң-тозаң көтерілсе, көз дереу кірпіктің артына жасырынады, қоқым түссе сыртқа шығарып тастайды.

Көбелектің көру қабілеті нашар болғандықтан өзін жарыққа соға береді. Кеш мезгілде жарықты іздеп, шыраққа ұшады. Шаршамай қайта-қайта жарыққа соғады. Сен оны ақымақ болғандықтан осылай істейді деп ойлауың мүмкін. Олай емес. Біліп ал, адамның надандығы бұдан да асып түседі. Адамның дүние құмары мен қалауына берілуі көбелектің лаулап жанған отқа келіп түсуіне ұқсайды. Себебі адам қалау-құмардың жалт-жұлт еткен сыртқы нұрлы жарығын ғана көреді де оның астында өмірге қауіпті улы бар екенінен бейхабар. Сондықтан ол өзін-өзі құмар теңізіне лақтырады, оған қатты беріліп нәтижеде мәңгілік құрдымға кетеді. Осыдан кейін адам мен көбелектің надандығын салыстырып көр. Көбелек от жарығына алданып, сол мезетте отқа жанып кетеді. Адам болса тозақ отында (егер имансыз болса) мәңгі қалады, (күнаһар мұсылман болса) ұзақ уақыт отта азап тартады.

Осыны білген ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Әлбетте мен сендердің белдіктеріңнен мықтап ұстап, тозақ отынан сақтап қалушымын. Сендер болсаңдар (шариғат жолымен жүрмей) көбелек сияқты өздеріңді отқа тастайсыңдар»**, – деген (имам Бұхари және Мұслимнің риуаяты бойынша Әбу Һурайрадан жеткен).

Осы айтылған жағдай Алла тағаланың ең кіші мақұлықатына жасаған иләһи муғжизаларының бір мысалы ғана. Ал енді басқа жаратылыстардың арасында сондай ғажап мақұлықаттар бар. Барлық адамзат бірігіп, оның ішкі мәнін танымақ былай тұрсын, оның сыртқы болмысындағы ғажайып ақиқатын толық түсіне алмайды. Біздер үшін олардағы беймәлім нәрселер Аллаға ғана аян.

Кез келген жануар мен өсімдіктің бойында өзіне ғана тән муғжиза мен ғажайыптар бар. Мысалы, бал араларына назар салып көр. Алланың берген уахиының арқасында олардың тау-тастар мен ағаштарға салған үйлеріне, ауызынан шығарған балдың дәмі мен шипалығы туралы ой жүгірт. Мұнан соң олардың пәк және нәзік гүлдерге қонып, лас жерлерден алшақ жүретінін назарыңа ал. Ұядан ұшып шыққан барлық араларды бір тәртіпке бағындырып, басқарып тұрған ара бар. Ал енді ұяның алдында тұрып, бойында нәжісі бар яғни, денесіне ніжіс тигізіп келген араны өлтіріп тұратын сақшы туралы не айтасың?! Алты бұрышты ұя салатын, бойы нәзік араға Алла қанша нәрсені білдірген. Алланың болмысы мен мейірімі шексіз. Жәндіктердің сонша кіші бола тұра мұнша мәліметтерге ие екенін көріп ғибрат алғайсың.

Жер мен аспан әлемдері арасындағы ғажайыптар туралы ойлап көр. Әлсіз ақылдың шамасы жеткен жеріне дейін қанша ойланғаныңмен, оны түсінемін дегенше талай өмір тамам болады. Біздің біліміміз қамтыған мәліметтер мен пайғамбарлар және ғалымдар білген білім тең емес. Сол сияқты адамзат атауының білген білімі Алланың жасырған білімімен теңесе алмайды. Тіпті адамдардың бойындағы білім жиындығын Алланың қасында білім деп атауға да келмес. Осыған ұқсас мәліметтерге назар салу арқылы адамның Алланы тану білімі арта түседі. Таным молайған сайын махаббат та күшееді. Егер Алла тағаланың сұлулығын көруді қаласаң, онда дүниеге көңіл бөлмей, ғұмырыңды үздіксіз Алланы зікір етуге және жаратылыс туралы ой жүгіртуге сарп қыл. Сонда барып Алланы көру жолы жеңілдей түседі. Оны көру – ақыры жоқ, үлкен және шексіз бақыт.

АДАМДАРДЫҢ МАХАББАТЫ ӘРТҮРЛІ

Негізінде барлық мұсылмандардың махаббаты ортақ болатынын біліп жүргенің дұрыс. Бірақ, олардың білім деңгейлері мен дүниені жасы көру махаббаты әртүрлі болғаны сияқты махаббат дәрежелері де алуан түрлі болып келеді. Өйткені адамның махаббатын тудыратын себептердің өзі бір-біріне ұқсамайды.

Адамдардың басым бөлігі Алла тағаланың есім-сипаттарын біліп, қабылдап және жаттап алған. Алайда Алла тағаланың сипаты бұл

есімдерге сай адам қиялында туылған сипаттардан әлде қайда жоғары болуы мүмкін. Олар мұны әдейі істемейді бәлкім, олар Аллаға иман келтіріп, қолдарынан келгенше амал қылып, «Алла қандай?» және «қалай?» деген мәселемен бастарын қатырмайды. Адамдардың бұл тобы ақыретте азаптан аман, оң тарапта тұрғандар саналады. Ал енді Алла тағаланың есім сипаттары туралы бұзық ойлаған адамдар – адасушылар. Алланы ақиқат арқылы танығандарды Аллаға жақын пенделер деп атайды. «Уақиға» сүресінде адамдардың осы үш тобы айтылады:

«Егер сол мәйіт, жақсылықтың бастаушысы болса, ол рақатта, жақсы ризықта, игілігі мол жәннатта болады. Егер ол бақыттылар қатарынан болатындай болса, (Ей, Мұхаммед!) Олардан саған сәлем! Ал егер ол тірілуге сенбейтін, алжасқан біреу болса, бұрқылдап қайнаған сумен қарсы алынады. Жаһаннамда жағылады» (Уақиға: 88-94).

Айтылған ақиқатты жақсырақ түсіну үшін махаббаттың әртүрлі болатынына мысалы келтірмекпіз: Имам Шафиғиді барлық мұсылмандар, мазхаб ұстанушылар мен фикһ ғалымдары, бұқара халық жақсы көреді. Себебі олар имам Шафиғидің ерекшелігін, діндарлығы мен көркем мінезі туралы біледі. Алайда Шафиғиді жақсы білмейтін адамның оған деген махаббаты жалпы (орташа) болады.

Ал енді дінді жетік білетін адам, имам Шафиді де жақсы біледі, демек ол адамның имам Шафиғиге деген махаббаты да артық келеді. Өйткені оның Шафиғи туралы білімі көп. Сол сияқты қандай да бір кітапты, әңгімені оқыған адам, оның авторын да жақсы біледі, оған деген махаббаты артық келеді. Егер бұл жазушының кейін шыққан кітабы, алғашқы еңбегінен де жақсы болып, бұл адам оны да оқып шықса, онда оның бұл авторға деген махаббаты алғашқы кезінен де асып түседі. Себебі ол адамның бұл автор туралы білімі алғашқыдан артты.

Сол сияқты автор туралы білмейтін адам «пәленше жазушы екен, оның керемет шығармасы бар екен» деген сөздерді естиді, бірақ өзі сол еңбекті оқымаған, тек басқалардан естігені бар. Демек бұл адамның авторға махаббаты аз, өйткені оның автор туралы білімі шектеулі. Себебі кез-келген шығарма жазушының ерекшеліктерін көрсетеді, ал өнер шебердің қандай адам екенін білдіреді. Олай болса әлемді толық шығарма және өнермен салыстыруға болады. Бұл әлемнің авторы, шебершісі – Алла. Білімсіз адамның өзі мұны біледі және осылай иман келтіреді.

Білімді адам Алла тағаланың әлемдегі жаратылысын толық таниды. Тіпті шыбын-шіркей – адам ақылы қайран қалатын жаратылыс. Сондықтан Алла тағаланың құдіреті, ұлықтығы, Оның есім-сипаттарының кемелдігі адам жүрегінің төрінен орын алып, Аллаға махаббатты күшейтеді. Уақыт өте жаратылыстың сыры туралы жаңа білім ашылған сайын, Алланын құдірет кемелдігі көрініп, махаббат

артады. Алла тағаланың жаратылысына қарап, ғажайып теңізіне бойлап кете бересін, оның жиегі жоқ. Сондықтан бойында білімі бар адам махаббатының да жиегі жоқ десек қателеспейміз.

Махаббатың әртүрлі болуы жоғарыда айтқан бес себепке байланысты. Осы бес себептің бір-бірінен артық болуы, махаббатың бес түрін туады. Кім Алла тағаланы адамдарға жақсылық жасағаны үшін, Оның ризық бергені үшін ғана жақсы көріп, бірақ, Оның болмысын жақсы көрмесе, онда мұндай адамның махаббаты әлсіз. Себебі Алланың жасаған жақсылығы ауысқан сайын, әлгі адамның махаббаты да құбылып тұрмақ. Оның қиындық көргендегі махаббаты жеңілдік пен қуаныш кезіндегі махаббаты сияқты болмайды.

Алла тағаланы болмысы үшін жақсы көрген адам, Оның кемелдігі, сұлулығы мен ұлықтығы үшін махаббатқа лайық екенін біледі. Мұндай адамның махаббаты жоғарыдағы адамның махаббаты сияқты емес. Оның махаббаты өзгермейді. Осыған ұқсайтын жағдайларға байланысты адамдардың махаббаты да әртүрлі. Аллаға арналған махаббаттың әртүрлі болуы салдарынан ақырет бақытына бөлінуде алуан түрлілік байқалады. Бұған Құранда мынадай хабар бар:

«(Дүниеде) оларды бірінен-бірін артық еткенімізді көрдіңдер ғой? Ал қиямет күнінде бірінен-бірінің айырмашылығы тіпті көп болады» (Исра: 21).

АЛЛА ТАҒАЛАНЫ ТАҢУ ҮШІН АДАМНЫҢ АҚЫЛЫ ӘЛСІЗ

Біліп ал, негізінде Алла тағала ең анық және белгілі Зат. Алла тағала танымы – ең алғашқы таным. Бұл таным адам зердесі үшін ең жақын таным болғандықтан ақыл бұған тез және жеңіл келуі тиіс. Алайда, біз мұның терісін көреміз. Олай болса біздің бұл мәселеге біраз тоқтап өткеніміз жөн болар.

Сонымен, Алла тағала ең анық және белгілі Зат. Бұған мысалы келтірейік: әдетте, біз бір адамның жазумен немесе киім тігіп отырғанын көрсек, онда біз оның өмірі туралы ой жүгіртеміз. Оның тіршілігі, тігіншілік өнері, шамасы мен қалауы біздің көз алдымызға елестейді. Ол адамның бойындағы көптеген жасырын және белгілі қасиеттері бізге шамамен мәлім болады.

Негізінде, ол шебердің әуестігі, ашуы, мінез-құлқы мен саулығы, білімі сияқты т.б. сипаттары белгісіз. Тіпті көзге көрінетін кейбір қасиеттерінің бірін білсек, бірін білмейміз. Алайда солай бола тұра біз бір көргенімізден оның өмірі, шама-шарқы және жалпы тіршілігі туралы белгілі ой құраймыз. Біздегі бұл білім адам бойындағы бес сезім

түйсіктері арқылы келе қойған жоқ. Керісінше, бұл адамның өмірі туралы мәліметті біз оның киім тігісі мен қимылынан (қимыл-әрекетінен, шапшаңдығымен шеберлігінен) байқадық.

Олай болса, бұл дүниеде түйсік ағзалары арқылы көрінетін және сезілетін ашық, жасырын барлық нәрсе: тас, топырақ, өсімдік, ағаш, жануар, аспан, жер, жұлдыз, теңіз, от, ауа, материя, дене және ондағы қасиеттер түгелімен Алла тағаланың болмысына, Оның құдіретіне, іліміне және т.б. сипаттарының толықтай бар екеніне дәлел.

Алланың бар екеніне ең бірінші айғақ – өзіміз. Біздің тәніміз, сипатымыз, жағдайымыз бен жүректегі сезімдер мен көңіліміздің тұрақсыздығы дәлел. Бізге мәлім нәрселердің ең біріншісі әрі анығы – біздің нәпсіміз, кейін бес түйсік арқылы білінетін нәрселер, мұнан соң ақыл мен зерде арқылы танылатын нәрселер келеді. Танылатын нәрселер үшін бір танитын, бір куә болатын және бір айғақ бар.

Дүниедегі барлық нәрселер өз Жаратушысының бар екеніне, Оның Әрекет қылдырушы және Басқарушы, Қозғалтушы екеніне дәлел. Олар Жаратушының іліміне, құдіретіне, мейірімі мен даналығына айғақ.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....

ЖАН ТӘРБИЕСІ

Ахлақты тәрбиелеу және жүрек дерттерінің емі.....
Көркем мінездің артықшылығы
және жаман мінездің жиіркеніштілігі.....
Жақсы және жаман мінез ақиқаты.....
Ахлақ өзгереді ме?.....
Көркем мінезге жету жолы.....
Ахлақты тәрбиелеудің жолдары.....
Жүрек дертінің белгілері және
одан сауығу
Нәпсінің кемшіліктері және оларды
білу жолдары туралы.....
Жүрек дертінің көзі – құмарға берілу.....
Көркем мінездің белгілері.....
Баланы тәрбиелеу және оны әдептілік
пен көркем мінезділікке үйрету туралы.....
Мүридтің шарттары және
оның шынығу әдістері.....
Білім үйренудің артықшылығы.....
Жеке адамға үйренуі парыз болған ғылым
(парыз айн)

АЛЛАҒА МАХАББАТ

Махаббат, ынтызарлық және достық пен ризалық
Пенденің Алланы жақсы көруіне шариғи дәлелдер
Махаббатың мағынасы мен себептері және пенденің Аллаға
махаббаты
Махаббатқа лайық жалғыз Алла екенін баяндау
Ләззаттың ең ұлығы алла тағаланы тану және оның қасиетті жүзіне
қарау екені туралы
Ақыретте Алланың сұлулығын көру ләззатының артуы, осы
дүниедегі танымға байланысты
Аллаға болған махаббатты күшейтудің себептері туралы
Адамдардың махаббаты әртүрлі
Алла тағаланы тану үшін адамның ақылы әлсіз